

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИМ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
АКАДЕМИЯСЫ**

Күмісбеков Серікқазы Күмісбекұлы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ»**

Оқу құралы

Алматы
2025

*Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының Ғылыми кеңесі оқу құралы ретінде
басып шығаруға ұсынды
(28.03.2025 ж. № 7 хаттама)*

Пікір жазғандар:

У.Шапақ, Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы, доцент

М.И.Билялова, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультетінің конституциялық құқық және халықаралық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD)

Күмісбеков С.К.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы. – Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2025. – 318 б.

ISBN

«Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» оқу құралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған. Бұл оқу құралында Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негізгі институттары мазмұндалады: «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні», «Конституциялық Сот», «Қазақстан Республикасының азаматтығы», «Жеке тұлғаның конституциялық құқықтық мәртебесі», «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздері», «Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық құқықтық мәртебесі», «Қазақстан Республикасындағы сайлау», «Мемлекет механизміндегі сот органдары және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл», «Қазақстан Республикасы Үкіметінің конституциялық құқықтық жағдайы» т.б.

Оқу құралы азғана уақыт ішінде «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» пәні бойынша сабақтарға және емтихандарға дайындалуға көмек береді.

Оқу құралы заңдық білім беретін оқу орындарының студенттеріне, ИМ ведомстволық оқу орындарының білім алушыларына, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және қызығушылық танытқан оқырмандарға арналады.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Күмісбеков С.К., 2025

© «ADAL KITAP» баспасы, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

2025 жылы қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толады. Конституция жаңа институттарды қалыптастыруда және тиімді әрі әділ басқару тетігін құруда негізгі рөл атқарды. Демократиялық негіздерді нығайтуды, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуді және құқықтық мемлекеттің дамуын білдіретін еліміздің тарихындағы маңызды кезең.

Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің қоғам мен мемлекет өмірінде ерекше орын алады. Конституция негізгі қағидаттар мен құндылықтарды бекітіп қана қоймай, маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларды да белгілейді. Құжатта конституциялық құрылыстың негіздері, мемлекеттік аппаратты ұйымдастыру қағидаттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері бекітілген.

Конституция – жай құқықтық акт емес, оның преамбуласы мен баптарында мемлекет пен қоғамның ұлттық құндылықтарының қағидалары қаланған. Ол Қазақстан Республикасының барлық нормативтік құқықтық актілерінің иерархиясында ең жоғары деңгейде тұрады. Сондықтан біздің елімізде қабылданған барлық заңдар мен кез келген заңға тәуелді актілер Қазақстан Конституциясына қайшы келмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - Қазақстан халқы болып есептеледі. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізу құқығы Президентке, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламентке тиесілі. Қазақстан Республикасының президенттік басқару нысаны бар біртұтас мемлекет болып табылатындықтан мемлекет басшысына бұл құқық берілген. Президент мемлекеттік биліктің заң шығарушы, сот және атқарушы билік тармақтарының келісіп жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Конституция қабылданған отыз жыл ішінде мемлекетіміз жаңа қоғам құруда көптеген белестерге жетті. Қазақстанның

одан әрі дамуы үшін барлық азаматтар, мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар және қоғамдық бірлестіктер Конституцияның нормаларын, қағидаттары мен идеяларын қатаң сақтауы және қолдануы қажет. Ол құқықтық тәртіптің, заңдылықтың, адам құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың, өмір сүру сапасын арттырудың, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайтудың негізі.

1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды. Аталған заңдардың әрқайсысы Конституцияны реформалау кезеңін сипаттайды.

1998 жылы Конституцияға саяси жүйені жақсарту және халықтың мемлекетті басқаруға қатысуын белсендірек ету үшін өзгерістер енгізілді. Маңызды қадамдардың бірі - аралас сайлау жүйесін енгізу. Ол Мәжіліс депутаттарының (Парламент палаталарының бірі) санының пропорционалды өкілдік негізінде сайлауда жеңіске жеткен саяси партиялар арасында бөлінетін 10 орынға ұлғаюына әкелді.

2007 жылы Парламент палаталарының бірлескен отырысында елдің мемлекеттік құрылымының нысанына қатысты түзетулер енгізілді. Қазақстан президенттік-парламенттік басқару нысаны бар біртұтас мемлекетке айналды.

2017 жылдың наурызда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылды, оған сәйкес Президенттің бірқатар өкілеттіктері биліктің басқа тармақтарына берілді.

2019 жылдың наурыз айында Конституцияға Қазақстан астанасының атын өзгерту бойынша түзетулер енгізілді.

2022 жылы 5 маусымда Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы республикалық референдум өтті. 8 маусымда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң күшіне енді.

- Қазақстан суперпрезиденттік басқару нысанынан күшті парламенті бар президенттікке ауысты.

- жер және оның жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі.

- Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқылы емес.

- қазақстандықтар Конституциялық сотқа өз бетінше жүгіне алады.

- өлім жазасына тыйым салынады. Адамның өмірін өз еркімен айыруға ешкімнің құқығы жоқ.

- Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылатын болады.

- Сенаттағы президенттік квота қысқарды, Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы жойылды.

- көпшілік жүйе сайлаушылардың қалауы бойынша депутатты кері қайтарып алуға мүмкіндік берілді.

- Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алынып тасталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің символына айналды. Ол қазақстандық мемлекеттілікті құру мен оны халықаралық аренада нығайтудың құқықтық және саяси негізін айқындады. Оның қабылдануымен Қазақстан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың басымдығы болып табылатын демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет құра бастады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы қағидаты да Конституцияның маңызды элементі. Яғни, мемлекеттік институттар қоғам мүддесі үшін әрекет етіп қана қоймай, әрбір азаматтың пікірін мұқият ескереді. Конституция биліктің қолжетімділігіне, барлық мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігіне кепілдік береді. Ол шешім қабылдау процесіне азаматтардың белсенді қатысуы үшін кеңістік құра отырып, адамды және оның құқықтарын жоғары қояды.

1 бөлім.
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ» ПӘНІ БОЙЫНША
ДӘРІСТЕР

Тақырып. Қазақстан Республикасының
конституциялық құқығы оқу пәні ретінде

1. Конституциялық құқық ұғымы оқу пәні ретінде

Конституциялық құқық – бұл құқықтың негізгі бір саласы. Ол адамдардың мінез-құлқының жалпыға міндетті ережелері болып табылатын құқықтық нормалардың жиынтығын қамтиды. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастың негіздерін, мемлекеттің конституциялық сипаттамалары мен мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуын реттейді. Конституция - жоғары заңдық күшке ие болады. Конституциялық құқық мемлекет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейді.

Конституциялық құқық жеке мүдделі қорғауға бағытталған құқық салаларына қарағанда (жеке құқық) жалпы (көпшілік) немесе жалпы мемлекеттік мүдделі қамтамасыз етуге байланысты қатынастарды реттейтін құқық салаларының жиынтығын білдіретін жария құқыққа жатады.

Конституционализм деп саяси құрылым тұрғысынан конституциямен шектелген басқару, конституцияға және басқарудың конституциялық әдістеріне сүйенетін саяси жүйе түсініледі.

Конституционализмнің элементтеріне жатады:

- қоғамның бастапқы, базалық құндылықтарын көрсететін конституциялық идеялар мен теорияларды;
- азаматтардың жаппай конституциялық санасы;
- конституциялық нормалар, актілер мен институттар;
- конституциялық тәртіп конституциялық нормаларды іске асырудың процесі мен жай-күйі ретінде.

Конституциялық құқық пәні - еліміздегі барлық заң және көптеген гуманитарлық оқу орындары үшін міндетті оқу пәні.

Оны зерделеу процесінде білім алушылар конституциялық құқық туралы терең білім алады және құқықтың қайнар көздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Бұдан басқа, олар заңгердің кәсіби қызметінің қазіргі заманғы технологияларын игереді. Әрбір заңгер конституциялық құндылықтардың, адамның, жеке адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының қорғаушысы болуға тиіс.

Конституциялық құқық оқу пәні - жоғары оқу орындары үшін міндетті болып табылатын ғылыми негізделген теориялық және практикалық қағидаттар кешенін білдіреді. Бұл ғылыми қағидаттар конституциялық құқықты зерделеу үшін белгіленген оқу бағдарламасына және әдістемелік талаптарға сәйкес оқытылады. Конституциялық құқық пәнінің конституциялық құқық ғылымынан негізгі айырмашылығы конституциялық-құқықтық материалды беру нысанында болады.

Конституциялық құқықтың оқу пәнінің ұсынылған анықтамасында оны зерделеу пәнін де бірден бөліп көрсетуге болады. Конституциялық құқықты ұлттық құқықтық жүйенің саласы ретінде жан-жақты сипаттайтын теориялық және практикалық ережелер кешені болып табылатынын еске салу маңызды. Пәннің құрылымына заң нормаларының жиынтығы, конституциялық заңнама саласы, конституциялық-құқықтық қатынастар, конституциялық құқық практикасы мен ғылымы ретінде конституциялық құқыққа қатысты ғылыми білім, идеялар мен түсініктер енгізілген.

Конституциялық заңнама саласындағы білімді меңгеру оның қазіргі заманғы ұлттық құқықтық жүйелердегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді, өйткені заңнама конституциялық құқық нормаларын объективті түрде білдіреді. Ол сондай-ақ адамның, жеке адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын ресми бекітудің және қорғаудың оңтайлы тәсілі.

Мемлекеттік органдары шығарған заңдар мен нормативтік құқықтық актілер жүйесі ретіндегі конституциялық заңдар туралы ғылыми ұғымдар конституциялық құқық нормаларының нысандарын, олардың ішкі құрылымын,

құқықтық актілердің заңдық күшінің дәрежесін, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері мен тәсілдерін түсінуге септігін тигізеді. Конституциялар, заңдар, мемлекет басшысының, парламенттер мен олардың палаталарының, үкіметтің, министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері **зерделеу объектілері** болып табылады.

Конституциялық заңнаманы жақсы түсіну маңызды. Құқықтың еркіндік пен жауапкершілік шаралары конституциялық құқықты конституциялық заңнамадан ажыратуға көмектеседі. Ол әсіресе әділдік қағидатын елемей әділетсіз заңдар шығаратын қоғамда өте өзекті.

Пәнді зерделеуде конституциялық-құқықтық қатынастар туралы ғылыми мәліметтер маңызды орын алады. Осы мәліметтерді түсіну конституциялық құқықтың не реттейтіні, конституциялық-құқықтық қатынастардың қалай құрылғаны, олардың мазмұны мен қатысушылар арасындағы заңдық байланыстардың сипаты туралы сапалы білім алуға көмектеседі.

Конституциялық-құқықтық практика – бұл конституциялық құқық нормаларын қолданудың жалпыланған тәжірибесі. Оқу пәні шеңберінде осы практиканы зерделеу конституциялық-құқықтық нормалардың мақсаттары мен олардың нақты нәтижелерінің сәйкестігін айқындау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді. Аталған дағдылар конституциялық-құқықтық нормалардың тиімділігі мен заңдылығын бағалауға негіз болады. Осылайша мемлекеттің конституциялық құрылысы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, халықтық егемендік нысандары, билік органдарының қызметі және жергілікті өзін-өзі басқару кепілдіктері туралы нақты түсінік қалыптасады.

Тәжірибе конституциялық құқықтың ұлттық жүйесінің қаншалықты тиімді екенін айқындай отырып, конституцияның шұғыл өзгерістерінен сақтана отырып, проблемаларды анықтауға және оларды шешу жолдарын

ұсынуға мүмкіндік береді. Ең бастысы – тәжірибені зерделеу конституциялық құқық нормаларын қолдану тәжірибесін кеңейтуге және кәсіби қызметке жан-жақты дайындалуға көмектеседі.

Конституциялық-құқықтық практиканы оқу және ғылыми әдебиетте жиі кездесетін конституциялық құқықтық қатынастармен шатастыруға болмайды. Конституциялық-құқықтық қатынастардың сипаты бойынша норма тиімді және өз мақсатына жетті деп болжауға болады. Алайда нақты өмірдің әлеуметтік зерттеулері кейбір нормалардың сыбайлас жемқорлық және криминогендік болуы мүмкін.

Конституциялық-құқықтық практика құқықтық нормалардың іс-әрекетінің нақты нәтижелері туралы объективті түсінік береді. Мысалы, Конституцияның 3-бабы халық билігі қағидатын және оны іске асыру тетігін бекітеді. Халықтың еркі Конституцияда қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қағидаттарын бекіту арқылы көрініс табады. Еркін білдірудің жоғары формалары – референдум және еркін сайлау.

Халықтың мемлекеттік билікті жүзеге асыруға тікелей қатысуының екі нысанын көздейтін ережені анықтайды:

- тікелей демократияның формаларына республикалық референдумға қатысу, Президентті сайлау, Парламентті және жергілікті өкілді органдарды қалыптастыру жатады. Яғни, бұл жүйе азаматтардың маңызды мемлекеттік мәселелерді ерікті түрде шешуге қатысуын қамтамасыз етеді;

- делдалдық – халықтың өз билігін жүзеге асыруын мемлекеттік органдарға беру механизмі. Осы тұрғыда академик Г.С. Сапарғалиевтің «мемлекеттік органдар» ұғымы мемлекеттің барлық органдарын қамтымайды деген ұстанымымен келісуге болады. Жалпы, халық өз билігін тікелей өзі таңдаған субъектілерге – Президентке және Парламенттің сайланған депутаттарына, әсіресе Мәжіліс депутаттарына береді.

Аталған субъектілерге халық өз билігін жүзеге асыруды тапсыратындықтан, оларға халық оның атынан сөз сөйлеу құқығын береді. Конституцияның қарастырылып отырған

ережесінде біз, біріншіден, халық - мемлекеттік биліктің жалғыз көзі ретінде, екіншіден, халық өз билігін жүзеге асыруды тапсыра алатын жоғары мемлекеттік билік туралы айтып отырмыз.

Оқу курсы барысында конституциялық-құқықтық тәжірибені зерделеу маңызды, өйткені ол білім алушыға құқықтық нормалардың қолданылу ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Қоғам конституциялық заңнама негізінде қалыптасатын нақты жағдайларды, олардың үрдістері мен заңдылықтарын ұдайы зерттеп отыруы қажет.

Жетекші отандық және шетелдік ғалымдар тек заңдарды, шарттарды және сот шешімдерін зерделеу ұлттық құқық саласы ретінде конституциялық құқықты толық сипаттау үшін жеткіліксіз екендігімен келіседі. Ол үшін конституциялық құқық нормалары қолданылатын ортаны білу қажет. Осы нормалардың әрбір елдің мемлекеттік билігінің заңнамалық, атқарушы және сот органдарының жұмысында қалай қолданылатыны туралы нақты ақпараттың болуы маңызды. Басқаша айтқанда, құқық нормаларының тиімділігі мен нақты қолданылуын анықтау үшін өлшем болып табылатын конституциялық-құқықтық практиканы білу пайдалы.

Конституциялық құқық курсы осы саладағы заңнаманы және жаңа ғылыми жетістіктерді ескере отырып әзірленді. Оқу құралында болашақ маманға алдағы практикалық жұмыс үшін қажетті нақты ресімделген ғылыми білім ұсынылған. Алайда курс материалдары тез ескіреді, өйткені конституциялық заңнама үнемі өзгеріп отырады және жаңа құқықтық актілермен толықтырылады. Ол әсіресе Қазақстан мен таяу шет елдер үшін өзекті, онда заңнама экономикалық және әлеуметтік дамудың өтпелі кезеңіне және саяси жүйенің терең реформаларына бейімделеді.

Конституциялық құқықтың ең толық және ақпараттық курсы да отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің барлық нәтижелерін қамти алмайтынын атап өткен жөн. Конституциялық құқық ғылымы өзінің мазмұны, зерттеу объектілері және тартылатын материалдың көлемі бойынша оқу пәніне қарағанда едәуір кең. Сондықтан оқу

пәніне басқа компоненттермен қатар конституциялық құқықтың ғылыми аспектілері де кіреді.

Конституциялық құқық ғылымы құқықтық тәртіптің заң қағидаттарының, ережелері мен нормаларының жиынтығын зерделейтін құқықтанудың ажырамас бөлігі. Отандық құқықтың дербес саласы ретінде конституциялық құқық, оның қалыптасуы мен дамуы, қоғамдық қатынастарды реттеу принциптері және нормаларды іске асыру практикасы туралы ғылыми білімдер, идеялар мен ұғымдар жүйесін білдіреді. Конституциялық құқық та мемлекеттік билік институттарының тиімділігін зерттейді. Отандық және шетелдік ғалымдар тұжырымдаған құқықтық ұғымдар, терминдер мен санаттар, сондай-ақ олардың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары конституциялық құқықтың оқу пәнін зерделеу үшін негіз болып табылады.

Әдістемелік әдебиетте конституциялық құқықты зерделеудің әртүрлі тәсілдері ұсынылған, олардың ішінде интеграциялық тәсіл неғұрлым оңтайлы деп саналады. Бұл тәсіл еліміздің және шет елдердің конституциялық-құқықтық институттарын салыстырмалы түрде зерттеуді көздейді және олардың ортақ ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Интеграциялық тәсілдің тиімділігі алдыңғы қатарлы шет мемлекеттердің және ТМД елдерінің конституциялық-құқықтық институттарына жалпылама талдау жүргізуге жол ашады. Қазақстанның конституциялық құқығын салыстырмалы зерттеу әдісі тиімді деп сеніммен айтуға болады. Егер салыстыру мүмкіндігі болмаса, таным процесі айтарлықтай тежеледі.

Конституциялық құқықты зерттеудің аталған тәсілі жақын шет елдердің құқықтық жүйелерінің ұқсастығына, интеграция және жаһандану процестеріне негізделген.

Интеграция мен жаһандану жағдайында Қазақстанның конституциялық заңнамасы дамыған елдердің құқықтық нормалары мен қағидаттарын қабылдау ұсынылады. Алайда еліміз үшін ұлттық-мәдени дәстүрлерін, нормалары мен құндылықтарын ескере отырып, дербес даму жолын таңдауы маңызды болып келеді. Егер оны ескермейтін болсақ, қазіргі конституциялық-құқықтық жүйесін бұзып алуымыз мүмкін.

Аталған проблемаларды шешу үшін конституциялық-құқықтық нормаларды тек мазмұны бойынша ғана емес, сонымен бірге оларды әр түрлі елдерде іске асырудың тиімділігі бойынша зерделеу және салыстыру қажет.

Қазіргі заманғы еліміздің геосаяси мүдделері посткеңестік кеңістікте қатысуды кеңейтуді және ішкі істерге араласпау және халықаралық міндеттемелерді орындау негізінде Батыспен және Шығыспен қарым-қатынастарды қолдауды қамтиды.

Конституциялық құқық нормалары әрбір мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына әсер етеді. Оларды зерделеу елдер арасындағы ынтымақтастықты халықаралық және өңірлік деңгейде дамытуды болжауға және геосаяси мүдделерді қорғауға жағдай жасайды.

Конституциялық құқық курсы әртүрлі әдістерді пайдалана отырып зерделейді. Формальды-логикалық талдау, салыстырмалы-құқықтық тәсіл, проблемалық тәсіл, нақты жағдайларды шешу әдісі, статистикалық әдістер және математикалық модельдеу әдісі сияқты әдістер жиі қолданылады. Әдістердің барлығы бірігіп конституциялық құқық туралы терең білім алуды қамтамасыз етеді.

2 Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының қайнар көздері

Құқық теориясында құқықтың қайнар көздерін материалдық және формальды (заңдық) мағынада бөліп қарастыру қабылданған. *Материалдық мағынада* құқық тудыратын және оның мазмұнын айқындайтын факторлар құқық көзі болып саналады. Мұндай факторларға Қазақстан Республикасында құқық нормаларын бекітуге әкелетін және отандық құқықтың мазмұнын айқындайтын қоғам өмірінің материалдық жағдайлары мен оған тән экономикалық және қоғамдық қатынастар жатады. Мәселен, осы мағынада қоғамдық қатынастар құқық көзі болып табылады. *Формальды (заңдық) мағынада* құқық көздері халық пен мемлекеттің құқық шығармашылық қызметін білдіру нысаны ретінде қаралады. Ол құқықтық қатынастар субъектілері үшін міндетті құқықтық нормаларды белгілеуді қамтиды.

Мемлекеттік органдар шығарған немесе қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы құқық көздері болып саналады. Сондай-ақ олардың қатарына заңдық прецеденттер, нормативтік шарттар және басқа да реттеушілер жатады. Қазақстан Республикасында нормативтік құқықтық актілер құқықтың басты көзі болып танылады.

Ғалымдардың көзқарастарының айырмашылығына қарамастан, оларды мына белгілері бойынша біріктіреміз: біріншіден, отандық құқықтың әрбір саласында белгілі бір дереккөздер жүйесі бар; екіншіден, ол көздерді таңдау елде қабылданған құқықтық жүйеге байланысты; үшіншіден, құқық көзін білдірудің сыртқы нысаны оның осындай көздер жүйесіндегі орнын немесе олардың иерархиясын айқындайтын заңды күшін көрсетеді.

Болашақ заңгерлер үшін конституциялық құқық көздерінің теориялық ережелері мен иерархиясы туралы білімі болуы, оларды іс жүзінде қолдану дағдыларының болуы аса маңызды. Ол әрбір дереккөздің заңды күшін және оның құқықтық дереккөздер жүйесіндегі орнын түсінуге негізделген.

Жоғарыда айтылған пікірлерді назарға ала отырып, конституциялық құқық көздеріне мынандай анықтама беруге болады, яғни *конституцияның құқық көздері* - құқықтық нормаларды, олардың заңдық күшін және олардың құқықтық көздер жүйесіндегі орнын көрсететін жария-құқықтық құжаттар.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы* конституциялық құқық үшін негізгі мәнге ие.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекет пен қоғамның негізгі заңы болып белгіленеді. Ол республиканың конституциялық құқық сияқты барлық салаларын қоса алғанда, бүкіл құқықтық жүйесінің басты және негізгі көзі болып айқындалады. Конституцияны тұтастай бағалай отырып, оның маңыздылығы конституциялық-құқықтық реттеу нысанасына негізделгенін атап өткен жөн. Ол адамның негізгі құқықтарына, қоғам мен мемлекет құрылысының негіздеріне, мемлекеттік органдар

мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты негізгі қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. *Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар.* Конституциямен тығыз байланысты, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар конституциялық құқықтың көздері деп саналады. Қазақстан Республикасында 1998 жылғы 7 қазанда, 2007 жылғы 21 мамырда, 2011 жылғы 2 ақпанда, 2017 жылғы 10 наурызда және 2019 жылғы 23 наурызда, 2022 жылғы 05 маусымда қабылданған заңдар Конституцияға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

3. *Конституциялық заңдар.* Аса маңызды конституциялық мәселелерді реттейтін *конституциялық заңдар* да конституциялық құқықтың көздері болып табылады. «Конституциялық заң» терминін Қазақстанда алғаш рет Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңның қабылдануымен енгізген болатын. Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 4-тармағына сәйкес: «Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады».

Қазақстан Парламенті «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы», «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» заңдар қабылданды. Алайда «Республикалық референдум туралы» және «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық екі заң Конституцияның нақты баптарында тікелей көрсетілмеген.

4. *Кодекстер мен заңдар.* Конституциялық құқықтың мәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының принциптері мен нормаларымен тығыз байланысты мүлдікті, жер, еңбек және басқа да көптеген қоғамдық қатынастарды реттейтін *кодекстер мен әдеттегі заңдар* да конституциялық құқықтың көздері бола алады.

Конституциялық құқық саласының маңызды көздері болып табылатын заңдардың ішінде «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Саяси партиялар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және басқа да заңдарды атауға болады.

Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасының негізгі бөлігін құрайтын әдеттегі заңдар үшін конституциялық заңдармен салыстырғанда оларды Парламенттің қабылдауының онша күрделі емес рәсімі тән. Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабының 5-тармағына сәйкес: «Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

5. *Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдері* конституциялық құқықтың көздеріне жатады. Қазіргі уақытта республика Президентінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың заңды нысандарының принципті бастаулары Конституциямен бекітілген. 45-бапта Республика Президенті актілерінің нысандары белгіленген: Республика Президенті Конституция мен заңдардың негізінде және оларды орындау үшін шығаратын жарлықтар мен өкімдердің елдің бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Президенттің жарлықтары мен өкімдері нормативтік және құқық қолдану болып бөлінеді. Нормативтік жарлықтар азаматтардың негізгі құқықтарына, сондай-ақ елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылымының негіздеріне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтіндіктен, конституциялық құқықтың маңызды көздері деп танылады. Атап айтқанда, Президенттің жарлықтары Республика Президентінің

өкілеттігін айқындайтын Конституцияның 44-бабының ережелерін ашып, нақтылайды. Тек Президент жарлықтарының ғана Мемлекет басшысы шығаратын нормативтік құқықтық актілердің күші болады.

6. *Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының декларациялары, қаулылары, сондай-ақ Парламент пен оның Палаталарының регламенттері.* Алтыншыдан, жоғары өкілді органның жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының декларациялары, қаулылары, сондай-ақ Парламент пен оның Палаталарының регламенттері де конституциялық құқықтың көздері болып табылады. Мысалы, 1990 жылғы 25 қазанда республиканың Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы конституциялық құқықтың маңызды көзі деп қарастырамыз. Осы Декларацияның негізгі идеялары мен ережелері кейіннен 1993 және 1995 жылдардағы Қазақстан Республикасының Конституцияларында іске асырылды.

7. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары.* Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік сипатқа ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін конституциялық-құқықтық нормаларды қамтитын *қаулылары* конституциялық құқықтың көздеріне жатады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 69-бабының 1-тармағына сәйкес: «Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығарады». Үкіметтің қаулылары Қазақстан Республикасы Конституциясының, заң актілері мен Президентінің жарлықтарының негізінде және оларды орындау үшін қабылданады және оларға қайшы келмеуге тиіс.

8. *Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдері мен қорытындылары* – конституциялық құқық саласының қайнар көздері.

9. *Соттардың шешімі.* Конституциялық құқық нормаларын нақтылау барысында алынған конституциялық-құқықтық ережелерді қамтитын сот шешімдері

конституциялық құқықтың көздері бола алады. Мұндай конституциялық-құқықтық ережелерді тікелей еске алу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе де, олар іс жүзінде конституциялық құқық нормаларын көзбен шолып түсіндірудің прецеденттері жатады.

10. *Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың конституциялық-құқықтық нормаларды қамтитын нормативтік құқықтық актілері* де конституциялық құқықтың көздері бола алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 88-бабының 1-тармағына сәйкес: «Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, ал әкімдер - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды». Мысалы, жергілікті өкілді органдар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңының ережелерін нақтылайтын өз регламентін қабылдауға құқылы.

11. *Халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің нормалары.* Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық реттеу мәселелеріне қатысты халықаралық шарттары мен өзге де міндеттемелерінің нормалары конституциялық құқықтың көздері бола алады. Конституцияның 4-бабының 3-тармағында: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады» деп жазылған.

Тақырып. Конституциялық құқық: әлеуметтік-гуманитарлық және заң пәндерімен арақатынасы мен шетелдік заңнамадағы ұғымы

1. Конституциялық құқық оқу пәнінің әлеуметтік-гуманитарлық және заң пәндерімен арақатынасы

Конституциялық құқықтың оқу пәні әртүрлі әлеуметтік-гуманитарлық және заң пәндерімен өзара іс-қимыл жасайды. Олардың өзара байланысын дәл анықтау, *біріншіден*, конституциялық құқық курсының ғылыми деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, сабақтас заң пәндерін оқыту кезінде параллелизм мен қайталануды болдырмауға көмектеседі.

Үшіншіден, конституциялық құқық бойынша алған білімдерін басқару пәндерін терең зерделеу үшін пайдаланылады.

Конституциялық құқықты зерделеу үшін әдіснамалық негіз барлық заң жоғары оқу орындарында оқытылатын *философия* курсына қаланады. Философия әлемге көзқарасты және адамның оған көзқарасын қамтитын дүниетанымды қамтиды. Оқу құралында философия ғылыми білім жүйесі ретінде және танымдық қызметтің жалпыға ортақ әдісі болып табылатын таным қағидаттарының жиынтығы ретінде ашылады.

Философияны білу конституциялық құқық курсын игеру және күрделі теориялық проблемаларды шешу үшін бастапқы қадам. Философия білім алушыларда жалпыға ортақ санаттармен жұмыс істеу, оларды іргелі проблемаларды шешу, гипотезаларды ұсыну және бар теорияларды бағалау үшін дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Іс жүзінде философия білім алушыларға конституциялық құқықтың мәнін, оның нысандарын және басқа институттармен байланысын түсінуге, сондай-ақ нақты және заңды конституциялардың арақатынасын анықтауға көмектеседі. Заңгердің философиялық білімі конституциялық құқық проблемаларының жаңа көрінісіне және оларды шешудің барабар құралдарын таңдауға ықпал етеді. Философия ұлттық құқықтық жүйенің жетекші саласы және

ерекше әлеуметтік құндылығы ретінде конституциялық құқыққа деген дүниетанымды қалыптастыруды аяқтайды.

Конституциялық құқық үшін әдістемелік оқу пәні ретінде *мемлекет пен құқық теориясы* әрекет етеді, ол пәнді қамтудың ауқымдылығы бойынша философиямен ғана салыстыруға болады. Оның пәні мемлекет пен құқықтардың заңдық қасиеттерін, олардың қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын, сондай-ақ олардың сыртқы көрінісінің қазіргі заманғы нысандарын ашатын теориялық ережелерді, ғылыми гипотезалар мен қорытындыларды қамтиды. Осы аспектілерді білмейінше, конституциялық құқықты игеру іс жүзінде мүмкін емес.

Мемлекет пен құқық теориясы конституциялық құқықты зерделеу жүйесін қалыптастырады, оның шегінен шығу оның мазмұнында қалыптасқан мемлекет пен құқық туралы түсініктермен шектеледі.

Мемлекет нысаны, егемендік, билікті бөлу жүйесі, құқықтық норма, құқықтық институт, құқықтық қатынас және заңдық жауапкершілік сияқты теориялық ұғымдар басқа ұғымдармен бірге конституциялық құқық бағытын игеру үшін ғылыми базаны құрайды.

Конституциялық құқық курсы базалық оқу пәндері ретінде *мемлекет және құқық тарихы* және *шетелдердің мемлекет және құқық тарихы* сияқты тарихи-теориялық пәндерімен өзара байланысады.

Мемлекет және құқық тарихы пәні тұтастай алғанда да, нақты өңірлер мен елдерде де мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктері, олардың дамуы мен жұмыс істеуі, құқықтық жүйе мен жекелеген салалардың, мемлекеттік және құқықтық мекемелердің эволюциясы зерделенеді. Атап айтқанда осы пәндерде әр түрлі мемлекеттердің заңнамалары туралы ғылыми мәліметтер ұсынылады.

Алынған білімдер қазіргі заманғы мемлекеттердің конституциялық даму ерекшеліктерін зерделеу үшін қажетті негіздерді қалыптастырады. Бұған басқару нысандары мен саяси режимдер, парламенттерді қалыптастыру заңдылықтары, импичмент және үкіметтің саяси

жауапкершілігі институттарының пайда болуы кіреді. Сондай-ақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа тұжырымдамалары, жергілікті өзін-өзі басқарудың модельдерін жатқызамыз.

Конституциялық құқықтың барлық институттары өзінің мәні бойынша саяси болады. Сондықтан конституциялық құқық курсының пәні саяси жүйелер мен қатынастарды зерттейтін *саясаттану* сияқты әлеуметтік-гуманитарлық пәннен өзара байланысады. Мемлекеттің конституциялық институты, билікті бөлу жүйесі, саяси режим, саяси партиялардың мәртебесі және конституциялық және саяси жауапкершілікті зерделеу кезінде ерекше байқалады. Конституциялық құқық бағытында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының, саяси жүйелері мен қатынастарының негіздері қаралады.

Саясаттануда билік тетіктерінің көмегімен қоғамдық және мемлекеттік істерді шешуде әлеуметтік топтардың қатысу себептері мен нысандарын зерделеуге негізгі назар аударылады. Саясаттану осы топтардың мемлекеттің конституциялық құрылысына қалай әсер ететінін талдайды.

Саяси тұрғыдан алғанда, саясаттануда конституциялық құқық институттары, мемлекеттік құрылымдар және билікті жүзеге асыру әдістері бағаланады.

Конституциялық құқықты оқудағы маңызды компонент конституциялық-құқықтық практикаға негізделеді. Конституциялық-құқықтық практиканы зерделеу кезінде конституциялық құқық нормаларының тиімділігін нақты - социологиялық зерттеулердің, конституциялық даулар бойынша сот істерін және конституциялық бақылау немесе қадағалау органдарының шешімдерін талдаудың деректері пайдаланылады. Дәл осы аспектілер конституциялық құқық пен *әлеуметтану* пәндері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік-гуманитарлық пән ретінде әлеуметтану қоғамды, оның құрылымын және адам мінез-құлқының, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен қажеттіліктерінің призмасы арқылы жұмыс істеуін зерделейді.

Осының арқасында әлеуметтану еліміздің жоғары заң оқу орындарының білім алушыларын конституциялық құқық нормаларының және мемлекеттің әлеуметтік рөлімен арақатынасы туралы ақпаратпен байытады.

Конституциялық құқық оқу пәні ретінде іс жүзінде барлық салалық заң пәндерімен қиылысады және өзара іс-қимыл жасайды. Конституциялық құқық курсына жеке меншікке, кәсіпкерлік қызметке, адамның, жеке адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары жүйесіне байланысты теориялық және практикалық аспектілер зерделенеді. Аталғандардың барлығы оның *азаматтық құқықпен* тығыз байланыс жасауға алып келеді. Өйткені азаматтық құқық мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету мен қорғаудың құқықтық тәсілдерін оқытады.

Конституциялық құқық пәнінің құрылымында еңбек ету еркіндігі және әрбір адамның қызмет түрі мен кәсіпті таңдау құқығы туралы теориялық және практикалық ережелер бар. Осы ережелер мәжбүрлі еңбекке тыйым салуды, қауіпсіз және гигиеналық еңбек жағдайларына, сондай-ақ кемсітүсіз және еңбекке ақы төлеудің белгіленген ең төменгі мөлшерінен төмен емес еңбегі үшін сыйақы алуға құқықты қамтиды. Барлық ережелер *еңбек құқығы* курсы үшін негіз болып табылады, онда олар пәннің ерекшелігін ескере отырып дамиды және нақтыланады.

Конституциялық құқық бағытында елімізде бюджет-қаржы саласын зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Конституциялық құқықтың теориялық және практикалық ережелері *қаржы құқығы* курсын қалыптастыру үшін негіз болып табылады. Қаржы құқығы мемлекеттік ақша қаражатын жинақтау және бөлу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды қамтиды.

Конституциялық құқық бағытында азаматтардың конституциялық нормаларды сақтау, заңдарды орындау, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау, жалпыға бірдей әскери міндетті атқару жөніндегі заңдық міндеттері оқытылады. Кінәлі адамдардың конституциялық міндеттерді бұзу

сипатына қарай *қылмыстық құқық* бағытында зерделенетін қылмыстардың көптеген құрамдары тұжырымдалады.

Конституциялық және экологиялық құқық курстарының өзара байланысы бірнеше ерекшелікке ие. Экологиялық құқық пәнінде табиғатты қорғау және құқықтың басқа салаларының экологиялық нормалары мен институттары қаралады. Конституциялық құқықтың осы нормаларының арасында «жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деп бекітілген (Конституциясының 6-бабы). Осы норма конституциялықта және экологиялықта да болады.

Конституциялық құқық пәнінде соттар, прокуратура мен адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жұмысын ұйымдастыру мен қызметінің принциптерін айқындайтын нормалар зерделенеді (Конституциясының 7-бөлімі). Білім алушылардың алған білімдері *қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығын* зерделеу үшін негіз болады.

Конституциялық құқық оқу пәні ретінде *халықаралық жария құқығымен* өзара байланысты. Көптеген конституциялық-құқықтық институттар мемлекетішілік бола отырып, бір мезгілде халықаралық қатынастар тұрғысынан халықаралық құқықты зерделеу пәні болып табылады. Ол институттарға мыналар жатады: мемлекеттің аумақтық үстемдігі, мемлекеттің егемендігі, азаматтығы, халықаралық шарттарды ратификациялау және күшін жою т.б.

Конституциялық құқықтың оқу пәні *әкімшілік құқық* сияқты салалық заң пәндерімен тығыз байланысты. Конституциялық құқық жүйесінде атқарушы билік пен әкімшілік-құқықтық рәсімдер шеңберінде іске асырылатын көптеген нормалар бар. Оларға мемлекеттік биліктің атқарушы органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялардың, діни ұйымдардың конституциялық-құқықтық мәртебесін, мемлекеттік қызмет мәртебесінің негіздерін айқындайтын нормалар жатады.

Конституциялық құқық тұрғысынан аталған нормалар биліктің атқарушы тармағын және жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесін құру үшін басты нормалар ретінде қарастырылады. Мемлекеттік биліктің атқарушы

органдарының оның құрылымындағы орнын анықтай отырып, билікті бөлу жүйесінің толық сипаттамасы беріледі.

Сондай-ақ азаматтардың бірігуге, мемлекет істерін басқаруға қатысуға, мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және атқарушы билік органдарына шағымдармен, өтініштермен және ұсыныстармен жүгіну құқығы талданады. Теориялық ережелерде басқару аспектілерімен айналысатын әкімшілік құқық бағытында нақтыланады.

Әкімшілік құқықта атқарушы билік органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялар мен діни ұйымдардың мәртебесі зерттеледі. Сондай-ақ тіркелу рәсімдері, мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі, азаматтардың өтініштері және басқару саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету де қаралады.

Ұжымдардың құқықтық мәртебесі, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен қызметінің тәртібі, оны жүзеге асырудың құзыреті мен нысандары, сондай-ақ заңдардың сақталуын әкімшілік бақылау Францияның Әкімшілік кодексінің нормаларымен реттелген. Сондықтан Францияның конституциялық құқығы бойынша жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару мемлекеттің демократиялық құрылымының қағидаттары және жария басқару жүйесіндегі орталықсыздандыру нысандары ретінде қарастырылады.

1995 жылғы ҚР Конституциясы жергілікті өзін-өзі басқаруды егжей-тегжейлі реттейді. Онда жергілікті өзін-өзі басқару туралы арнайы бөлім және басқа бөлімдерде жекелеген нормалар бар. Нормалар бірге дербес құқықтық институт құра отырып, еліміздің жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздерін құрайды. Олар жергілікті өзін-өзі басқару тақырыбын конституциялық құқық бағытында көрсетеді.

Оқу бағдарламасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару конституциялық құрылым принципі, халықтық билікті жүзеге асырудың нысаны және жергілікті қоғамдастықтың өз өмір сүру мәселелерін дербес шешуге кепілдік берілген құқығы ретінде қарастырылады. Конституциялық құқық бағытында жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық-

құқықтық мәртебесі, оның аумақтық және ұйымдастырушылық негіздері қаралады. Сондай-ақ, аймақтық құрылым деңгейінде шешілетін жергілікті маңызы бар маңызды мәселелер ерекшеленеді және жергілікті өзін-өзі басқарудың кепілдік жүйесі талданады.

Жергілікті өзін-өзі басқару оқу бағдарламасына сәйкес, конституциялық құрылым принципі, халық билігін жүзеге асырудың нысаны және жергілікті қоғамдастықтың өз өмір сүру мәселелерін дербес шешуге кепілдік берілген құқығы ретінде оқытылады. Конституциялық құқық пәні жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық мәртебесін, оның аумақтық және ұйымдастырушылық негіздерін анықтап береді.

Конституциялық құқық пәні салалық пәндермен ғана емес, салааралық пәндермен де өзара іс-қимыл жасайды. Мысалы, ол жоғары заң оқу орындарында оқытылатын *«Құқық қорғау органдары»* оқу пәнімен тығыз байланысты. Олардың өзара іс-қимылы конституциялық құқық бағытында сот билігі мен прокурорлық қадағалау институттарының қаралуымен негізделген. Сонымен қатар *«Құқық қорғау органдары»* пәні соттардың, прокуратураның, полицияның, алдын ала тергеу, әділет органдарының, адвокатураның және құқық қорғау қызметіне уәкілетті басқа да мекемелердің құқық қорғау қызметі туралы жалпы ақпарат береді.

Осылайша білім беру процесінде алынған конституциялық құқық жөніндегі білім барлық салалық және жетекші салааралық заң пәндерінің бірін зерделеу үшін ғылыми тірек, өзіндік қаңқа қызметін атқарады.

Заң білімі жүйесіндегі өзінің маңыздылығын ескере отырып, конституциялық құқық бағытын құқықтық циклдің барлық басқа салалық пәндерінің жалпы бөлігі деп атауға болады.

Алайда заң пәндері бойынша көптеген оқу курстарында конституциялық құқықтың негіздері туралы тараулар жоқтың қасы. Сонымен бірге, жоғары заң оқу орындары азаматтық, әкімшілік, қылмыстық, еңбек, экологиялық және басқа да арнайы пәндерді оқыту еліміздің бүкіл құқықтық жүйесін қамтитын конституциялық-құндылықтық қағидаттарға

негізделген жағдайда ғана өздерінің оқу процесін ғылыми деп санаймыз.

Барлық жоғары заң оқу орындарының оқу процесін конституциялық құқық туралы білім қалыптастырмай, қазіргі заман талабына сай сапалы заңгер даярлау мүмкін емес. Заңгерлік білім берудің мақсаттары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде конституциялық негіздерді елемей заңгердің жеке басының және кәсіби қасиеттерінің қалыптастыруда кемшіліктерге алып келеді.

2 Шетелдік заңнамадағы «конституциялық құқық» ұғымы

Қоғамның және мемлекеттік құрылымның дамуы барысында әрбір елде бірегей құқықтық жүйе қалыптасты. Құқықтық жүйе өзара байланысты құқықтық нормалардың, институттар мен салалардың жиынтығын құрайды. Осы жүйенің маңызды құрылымдық элементтерінің бірі құқықтың жеке саласы ретінде жұмыс істейтін конституциялық құқық болып табылады.

Конституциялық құқық оның құқықтық реттеу нысанасы болып табылатын қоғамдық қатынастардың белгілі бір спектрін қарайды. Қоғамдық қатынастардың жүйесін айқындау конституциялық құқықты жіктеудегі негізгі кезең болып саналады.

Дегенмен әрбір елде конституциялық құқық нысанасы негізгі қоғамдық қатынастардың қалыптасуы мен құрылымына әсер ететін тарихи, ұлттық, экономикалық және саяси факторларға негізделген өзінің бірегей сипаттамаларына ие екенін атап өткен жөн. Сондықтан отандық және шетелдік әдебиеттерде конституциялық құқық мәні ұғымының көптеген әртүрлі анықтамалары бар екендігі заңды.

Ағылшын конституциялық құқығында азаматтардың құқықтық мәртебесі мен мемлекеттік органдардың құрылымы олардың иерархия негізінде қаралады.

Америкалық ғалымдар конституциялық құқықты мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен оның жұмысын, заңдылықты сақтауды, азаматтық құқықтарды қорғауды,

конституциялық қағидаттар мен бостандықтар кепілдіктерінің қактығыстарын шешуді, заңнаманы дамытуды және АҚШ Жоғарғы сотының шешімдерінде Конституция қағидаттарын қолдауды қамтитын жүйе ретінде қарастырады.

Францияда конституциялық құқықты зерделеудің саяси-заңдық тәсілі басым, ол ғылыми және оқу әдебиеттерінде көрініс табады. Көптеген зерттеушілер конституциялық құқық саяси қызмет, мемлекеттік билік, конституцияны іске асыру және заңдардың сақталуын бақылау саласындағы қатынастарды реттейтінін атап көрсетеді.

Неміс ғалымдары мемлекеттің саяси бірлігі мен құқықтық тәртіпті орнатумен байланысты қарым-қатынастарға баса назар аудара отырып, конституциялық құқық мәнін дәстүрлі, формалды-заңдық тұрғыдан қарастырады. Германияның ғылымында екі термин пайдаланылады: *конституциялық құқық* (Verfassungsrecht) және *мемлекеттік құқық* (Staatsrecht).

Мемлекеттік құқық құрамына конституциялық құқық нормалары ғана емес, әкімшілік материалдық және іс жүргізу құқығы нормалары да енгізіле бастады. 1949 жылы ГФР-дің негізгі заңының қабылдануымен конституциялық және мемлекеттік құқық терминдерінің арасындағы айырмашылық негізінен семантикалық болды, себебі олардың реттеу нысандары жиі сәйкес келеді.

Италияда конституциялық құқық саяси билікпен, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарымен, саяси партиялар мен әлеуметтік топтардың қызметімен байланысты қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде қарастырылады.

Латын Америкасында құқықтағы психологиялық тәсіл конституциялық құқықты түсінуге айтарлықтай әсер етті. Заңгерлер халықтың ортақ рухының, сондай-ақ саяси режимді құрумен және оның жұмыс істеуімен, жеке адамның бостандығын қамтамасыз етумен байланысты қатынастардың маңыздылығын атап өтеді.

Қытайлық заңгерлер конституциялық құқық социалистік мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық негіздерін

қалыптастыратын қатынастарды қамтиды деп есептейді. Ол елдің әкімшілік құрылымы, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындау, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың жұмыс істеуі мәселелерінен тұрады. Конституциялық-құқықтық қатынастардың негізгі мақсаты - Қытай Коммунистік партиясының (ҚКП) басшылығымен «қытай ерекшелігі бар социализмді» құру.

Ислам құқықтық жүйесі бар елдерде батыс құқықтық жүйелерінде қабылданғандай, жария және жеке құқыққа арналған классикалық бөлініс жоқ. Алайда қазіргі терминологияны пайдалана отырып, конституциялық құқықтың мәні туралы айтуға болады. Ислам қоғамдарында Құдайдың еркіне толық бағынуға және Мұхаммед пайғамбардың өмірі туралы қасиетті ұғымдарға негізделген ұйғарымдарды қатаң сақтауға негізделген қарым-қатынастар қалыптасты. Құқықтық қатынастар діндарлардың міндеттерін қамтиды және негізінен Құран мен Сүннеттің негізгі құқық көздері болып саналатын нормаларымен реттеледі.

Конституциялық құқықтың көптеген анықтамалары бар, бірақ олардың көпшілігі бұл ұғымның ең маңызды аспектілерін атап көрсетеді. Көлеміне қарамастан, конституциялық құқық мәні қоғам мен мемлекеттің конституциялық негіздерін реттеу, адам мен азаматтың құқықтық мәртебесін белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік билік жүйесі мен оның ұйымдық құрылымын құру арқылы қалыптасатын қоғамдық қатынастар кешені ретінде сипатталады.

1947 жылғы Италия Конституциясында мемлекеттік және қоғамдық құрылымның негізі басқаша бекітілген. Конституцияның бірінші бөлімінде Италия Республикасының қоғам мен мемлекет құрылымының негізгі принциптері айқындалған. Олар конституциялық құрылыстың негізін құрайтын қоғамдық қатынастарды құрады.

Италияның конституциялық қағидаттары халық билігі мен мемлекеттік егемендігін қамтамасыз етеді, ел бірлігін сақтай отырып, мемлекет пен католик шіркеуінің тәуелсіз-

дігін, сондай-ақ халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуді қолдайды.

Италия Конституциясындағы қағидаттар барлық азаматтардың теңдігінің, адамның ажырамас құқықтарын қорғаудың, мәдениетті, ғылым мен технологияны дамытудың, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін табиғи орта мен ұлттың мәдени мұрасын сақтаудың құқықтық негізін қалыптастырады деп мәлімдейді.

1982 жылғы Қытай Конституциясы социалистік құрылыс нысанындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымның негіздерін бекітті. 1-бапта Қытай Халық Республикасы жұмыс тобы басқаратын және жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген халықтық демократиялық диктатураның социалистік мемлекеті болып табылатыны көрсетілген. Социалистік құрылым Қытай Халық Республикасының негізгі құрылымы болып табылады және осы құрылымды жоюға бағытталған кез келген талпынысқа тыйым салынған.

Қытайдағы социалистік құрылыстың экономикалық негізі жалпыхалықтық және ұжымдық меншікті қоса алғанда, өндіріс құралдарына қоғамдық меншіктен тұрады (6-бап). Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиналысы және халық өкілдерінің жергілікті жиналыстары саяси негізді құрайды, олар арқылы халық өз билігін көрсетеді (2-бап).

Сауд Арабиясындағы қоғамдық өмірдің негізі Құран мен Сүнне болып табылады. Алайда 1992 жылы наурызда король Фахд «Сауд Арабиясы Корольдігінің билік жүйесінің негіздері» атты конституциялық акт шығарды. Онда Сауд Арабиясының ислам елдеріне тән мемлекеттік және қоғамдық құрылымының дәстүрлі негіздері бекітілген.

Барлық елдерде азаматтар мен мемлекет арасында белгілі бір қатынастар бар. Қоғамдық қатынастар тек конституциялық құқықпен ғана емес, сонымен бірге әкімшілік, азаматтық, қаржылық, еңбек және құқықтың басқа да салаларымен анықталады. Құқықтың әрбір саласы адамдар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың нақты аспектілерін қамтиды. Конституциялық құқық адамның

құқықтық мәртебесіне, оның негізгі құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне және оларды іске асыру мен қорғау кепілдіктеріне байланысты қатынастарды реттейді. Азаматтар мен мемлекет арасындағы қатынастардың басқа аспектілері әртүрлі заң салаларының нормаларымен байланысты.

Мемлекеттік билікті жүзеге асыруға байланысты қатынастар әртүрлі құқықтық салалардың нормаларымен реттеледі. Конституциялық құқық билік органдарының жүйесін құру, заңнамалық, атқарушы және сот органдарының құқықтық мәртебесін айқындау, сондай-ақ олардың тәртібін, құзыреті мен қызмет нысандарын белгілеу процесінде туындайтын қатынастарды ғана қамтиды.

Мемлекет негізгі құқықтар мен бостандықтарды тек мойындап қана қоймай, оларды қорғайды. Конституциялық тұрғыдан бекітілген құқықтардың маңыздылығы олардың жүзеге асырылуы арқылы мемлекеттің демократиялық және құқықтық сипатын нығайтуынан көрінеді.

Тақырып. Қазақстан Республикасындағы сайлау

1 Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі

Сайлау – саяси көшбасшыларды тандаудың негізгі тетігі, ол азаматтарға басқару құрылымдарына әсер ету және билікті лайықты кандидаттарға беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сайлау жүйесі қоғам мен мемлекет арасындағы тұрақты өзара іс-қимылдың механизмі ретінде саяси тұрақтылық пен құқықтық процестердің заңдылығын қамтамасыз ететін институт болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаев азаматтардың сауалдарына жедел әрі тиімді жауап беру, сондай-ақ билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог орнату мақсатында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынды. Белсенді азаматтық қоғамның қалыптасуы және түрлі қауымдастықтардың мүдделеріне сай саяси күштердің шоғырлануы мемлекеттің демократиялық қағидаттарға негізделген үйлесімді дамуының маңызды көрсеткіші.

Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі ретінде ерікті және бәсекелі сайлау өткізу жөніндегі қабылданған барлық міндеттемелерін орындайды. Мемлекет басшысын, Қазақстан Республикасының Парламентін және жергілікті өкілді органдарды сайлау елімізде ұлттық заңнамаға, сондай-ақ демократиялық сайлаудың жалпыға танылған принциптеріне сәйкес ашықтық пен жариялылық жағдайында жүзеге асырылады. Осы принциптер Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында (1948 ж.), Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіде (1966 ж.), Еуропалық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенцияда (№1 Хаттама, 1952 ж.), сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның Копенгаген кеңесінің құжатында (1990 ж.) бекітілген.

Сайлау және сайлану құқығы 1995 жылғы қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі

қағидаты ретінде ерікті сайлауды бекітті, сондай-ақ егеменді мемлекеттің билігінің бірден-бір көзі халық екенін анықтады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (2021 жылы бекітілген) саяси жүйені демократияландырудың бір бөлігі ретінде аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер әкімдерін жанама сайлау енгізуінің маңыздылығын айқындайды. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін сайлау тәртібін реттейтін 13-1-тарау қосылды. Нәтижесінде 2022 жылдың басында осы деңгейдегі 730 әкімнің сайлауы өтті.

Енгізілген жаңашылдық жергілікті билікті қалыптастыру тәртібін ғана емес, сонымен қатар кейбір әкімшілік функцияларды аудандық деңгейден ауылдық деңгейге беру арқылы шешімдер қабылдау жүйесін өзгертуді көздейді. Осылайша, ауыл әкімдерінің жауапкершіліктері артып, жергілікті басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін функционалдық өзгерістер орын алды.

Сайлау жүйесін жаңғыртудың жаңа кезеңі 2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» жолдауында жарияланған бастамадан басталды. Құжатта елдің саяси жаңғыруының басты мақсаты азаматтардың мемлекетті басқаруға, соның ішінде электоралдық процестерге қатысуын арттыру екені атап көрсетілді.

Президент Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлаудың бара-бар моделіне көшудің конституциялық реформаларының нәтижелерін атап өтті. Сондай-ақ, ол партияға тіркелмеген азаматтардың өкілді органдарда мандат алуға мүмкіндік бермеуін теріс үрдіс ретінде қарастырып, бұл фактор халықтың сайлау процесіне және билік өкілдеріне деген сенімсіздігінің артуына ықпал еткенін атап көрсетті. Осылайша, Президент мәжіліс пен облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихат депутаттарын сайлаудың аралас – пропорционалды-

мажоритарлық жүйесіне көшуге бастамашылық жасады. Ал аудандар мен қалалар деңгейінде толығымен мажоритарлық жүйеге көшу депутаттардың халықпен тығыз байланыс орнатуына мүмкіндік береді, сондай-ақ жергілікті жерде бәсекелі саяси ортаның қалыптасуына және жаңа көшбасшылардың пайда болуына ықпал етеді.

Қазақстан заңнамасында әрбір азаматқа қатысты сайлау құқығының мынадай *қағидаттары* бекітілген:

- жалпыға бірдей сайлау құқығы;
- тең сайлау құқығы;
- төте сайлау құқығы;
- жанама сайлау құқығы;
- жасырын дауыс беру;
- сайлауға өз еркімен қатысу.

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы - республиканың он сегіз жасқа толған азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдайларға қарамастан, сайлауда дауыс беру құқығы.

Тең сайлау құқығы - сайлаушылардың сайлауға тең жағдайда қатысуын білдіреді: бір сайлаушы – бір дауыс. Осы қағида субъективті сайлау құқығын жүзеге асырудың дауыс беру кезеңіне тікелей қатысты екенін нақты түсіну қажет.

Мұндай теңдікті сақтау үшін белгілі бір кепілдіктер қажет: тең дауыс санын белгілеу, сондай-ақ кандидаттарға сайлауға тең заңдық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Сайлаушылардың дауыс саны бірдей болады және олар тек бір тізімге енгізіледі. Кандидаттар сайлану үшін бірдей заңды мүмкіндіктерге ие, сондықтан олар әдетте тек бір округте ғана дауысқа түсе алады.

Төте сайлау құқығы - сайлаушылардың кандидатқа делдалсыз, тікелей дауыс беруін білдіреді. Тікелей сайлаудың басты артықшылығы – барлық сайланатын мемлекеттік билік органдары халықтың тікелей өкілді органдары болып табылады.

Осылайша, осы органдар сайлаушылармен тұрақты әрі тығыз байланыс орната отырып, халыққа олардың қызметін тұрақты түрде бақылау мүмкіндігін береді.

Жанама сайлау құқығы - белгілі бір органның мүшелерін немесе жеке-дара сайланбалы лауазымды тұлғаны арнайы сайланған таңдаушылар арқылы сайлау принципін көздейді. Бұл тәсілде тиісті органның өкілдері тікелей халық емес, олардың атынан шешім қабылдайтын арнайы сайланған адамдар арқылы таңдалады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 7-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Оларды сайлауға мәслихат депутаттары қатысады, олар Сенат депутаттарын тең негізде сайлайды және әрбір таңдаушы бір дауысқа ие республика азаматы болып табылады.

Жасырын дауыс беру. Дауыс беру құпиясы азаматтың еркін таңдауын қандай да бір бақылаудан қорғауды қамтамасыз етеді, оның дауыс беру нәтижелері басқа тұлғаларға белгілі болмайтынына кепілдік береді. Жасырын дауыс беру азаматтардың еркін білдіру құқығын қорғауға бағытталған:

- ешкім азаматты қандай да бір кандидатқа немесе оған қарсы, сондай-ақ референдумда ұсынылған шешімге дауыс беруге мәжбүрлей алмайды;

- дауыс берушіден басқа ешкім оның таңдауын білуге құқылы емес;

- тек заңды сайлаушылар (тізімге енгізілген азаматтар) ғана дауыс бере алады және әр сайлаушы тек бір рет дауыс бере алады;

- дауыс берушінің шешімі жасырын түрде сақталады және ешкім оны өзгерте алмайды.

Бәсең сайлау құқығы – Қазақстан Республикасының азаматтарына Президент, Парламент, мәслихат депутаты, әкім немесе басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі болып сайлану мүмкіндігін беретін құқық.

Елдің сайлау жүйесі қоғамның демократиялық дамуына да, сондай-ақ оның саяси тоқырауы мен құлдырауына да ықпал ете алатын маңызды саяси құрал. Осы үдеріс

қоғамдағы үстем саяси күштер мен олардың көшбасшылары ұстанатын бағытқа тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап демократиялық даму жолына түсті. Кез келген демократияның айрықша белгісі – халықтың өз өкілдерін сайлау арқылы өкілді билікті қалыптастыруы. Демократиялық сайлау мемлекеттің дамуына кең мүмкіндіктер ашады. Егер халық әділ сайлау нәтижесінде өз өкілдерін таңдаса, онда ол биліктің шешімдерін бақылап, азаматтық қоғам институттарының көмегімен қоғамда туындайтын және оны алаңдататын түрлі мәселелерді шеше алады.

Жалпы алғанда, аралас сайлау жүйесі кең таралған. Қазіргі уақытта аталған жүйе Жапонияда, Германияда, Ұлыбританияда, Жаңа Зеландияда, Оңтүстік Кореяда, Италияда, Мексикада және басқа да елдерде заңнамалық билікті сайлау үшін қолданылады. Ал жақын көршілердің ішінде Ресей, Қырғызстан, Грузия және Литвада аралас сайлау жүйесі енгізілген.

Қазіргі сайлау ерекшелігі – оның аралас сайлау жүйесі бойынша өткізілуі және ұйымдастырылуы. Аралас жүйе негізінде Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар құрылады. Парламенттің төменгі палатасында депутаттардың 70%-ы партиялық тізім бойынша, ал 30%-ы мажоритарлық жүйе арқылы сайланады.

Облыстардың, сондай-ақ Алматы, Шымкент және Астана қалаларының мәслихаттары 50/50 арақатынасында қалыптастырылады. Ал аудандық мәслихаттардың құрамы толықтай бір мандатты депутаттардан тұрады.

Жаңартылған сайлау жүйесінде тек сайлау үдерісі ғана емес, сонымен қатар Парламенттің болашақ құрамын қалыптастыруға айтарлықтай ықпал ететін бірқатар қосымша ерекшеліктер де қарастырылған.

Біріншіден, сайлау шегі 7%-дан 5%-ға төмендетілді. Енгізілген өзгеріс іс жүзінде барлық саяси партиялар үшін, оның ішінде жаңа партиялар үшін Парламенттің төменгі палатасына өту мүмкіндігін теңестіреді.

Екіншіден, Парламенттің жаңа құрамын қалыптастыруға әйелдер мен жастарға арналған 30 пайыздық квотаның жаңартылған нұсқасы да әсер етеді. Ал квоталау Мәжілістегі орындарды бөлу кезінде ескерілетін болады.

Үшіншіден, Парламент сайлауына 7 саяси партия қатысады, олардың 2-еуі жаңа партиялар. Ол олардың тіркелуі үшін енгізілген жаңа ережелердің нәтижесінде мүмкін болды.

Осылайша, барлық аталған факторлар электораттың сайлау науқанына қатысуына және бүкіл электоралдық процесс барысында азаматтардың саяси белсенділігінің артуына ықпал етеді.

Мәжіліс өкілді демократия қағидаттарына негізделген және биліктің дербес заң шығарушы тармағы ретінде заңдылығын арттырады. Конституциялық реформалар суперпрезиденттік басқару үлгісінен бас тартуға, билік өкілеттіктерін қайта бөлуді жүзеге асыруға және Мәжілістің функционалдық тиімділігін арттыруға бағытталған.

Парламенттің төменгі палатасы дәстүрлі түрде парламентаризмнің мәнін және демократия қағидаларын дәйекті түрде жүзеге асыратын институт болып саналады. Демократияның конституциялық моделі халықты егеменді биліктің қайнар көзі ретінде қарастырады, ол өз билігін жанама түрде мемлекеттік органдар арқылы және тікелей референдум мен еркін сайлау арқылы жүзеге асырады.

Сайлау жүйесі (өкілді органдардың депутаттарын сайлау тәртібі) сайлау нәтижелерінде азаматтардың мүдделері мен талаптарын барынша көрсетуге бағытталуға тиіс. Сайып келгенде, сайлау өткізудің басты мақсаты – әділетті әлеуметтік құрылымды қалыптастыру және халықтың түрлі топтарының келісілген ерік-жігерін білдіретін мемлекеттік биліктің заңды жүйесін құру.

Осы модель 1998 жылдан 2007 жылға дейін Қазақстанда қолданылған аралас сайлау жүйесіне қайта оралудың негізінде жатыр. Аралас жүйені енгізу арқылы біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды өкілдік (партиялық тізімдер бойынша) пен бір мандатты аумақтық сайлау округтерінде өкілдікті үйлестіру көзделеді.

Жеке-пропорционалды және көпшілік сайлау жүйелерінің әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Пропорционалды сайлау жүйесіне сәйкес бүкіл Республика біртұтас сайлау округі ретінде қарастырылады, ал сайлаушылар партиялар ұсынған тізімдерге дауыс береді. Белгіленген пайыздық шекті еңсерген партия Парламентке алған дауыс санына пропорционалды түрде өтуге мүмкіндік алады.

Алайда, тек пропорционалды сайлау жүйесін қолдану партиялық тізімдерді қалыптастыратын партиялық аппараттың ықпалына жол ашады және сыбайлас жемқорлық қаупін жоққа шығармайды. Мұндай жүйеде депутат өз сайлаушыларының еркінен гөрі партия басшылығының еркіне көбірек тәуелді болады, ол оның жеке жауапкершілігін қамтамасыз етуді қиындатады.

Саяси партиялар – азаматтық қоғамның маңызды институты, оның жетілуінің көрінісі және саяси ұйымдасқан түрде әрекет етуге дайындығының көрсеткіші. Мажоритарлық жүйеге сәйкес, белгілі бір бір мандатты округте бәсекелестеріне қарағанда көп дауыс жинаған кандидат жеңіске жетеді.

Жаңа Қазақстанды қалыптастыру бағыты адал әрі еркін саяси бәсекелестік үшін жағдай жасауға негізделген. Осы стратегия аясында саяси партиялардың институционалдық және ұйымдастырушылық дамуына ықпал ететін өзгерістер енгізілді. Негізгі реформалардың бірі – саяси партияларды тіркеу рәсімін жеңілдету. Тіркеу шегі төрт есеге, яғни 20 мыңнан 5 мыңға дейін төмендетілді. Сондай-ақ өңірлік өкілдіктердің ең аз саны үш есеге, 600-ден 200 адамға дейін азайтылды, ал партияларды құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының саны шамамен үштен бірге, 1000-нан 700 адамға дейін қысқартылды.

Мажоритарлық жүйе азаматтардың сайлау құқығын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы жүйе тәуелсіз кандидаттарды сайлауға, азаматтардың мемлекеттік органдарға сайлану құқығын жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, Парламенттің төменгі палатасында елдің барлық ірі әкімшілік-аумақтық бірліктері халқының

мүдделерін кепілді түрде білдіруі де оның артықшылығы болып есептеледі. Ал пропорционалды жүйе бойынша өкілдік ету партиялық тізімдермен шектеледі, мұнда аумақтық репрезентативтілік басты фактор болып саналмайды.

Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек, қазіргі заманғы көптеген мемлекеттерде мажоритарлық немесе аралас сайлау жүйелері қолданылады. Мажоритарлық жүйе Ұлыбритания Парламентінің Қауымдар палатасында, АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасында, Канада Қауымдар палатасында, Франция Ұлттық Ассамблеясында және басқа да бірқатар елдерде қолданылады.

Аралас сайлау жүйесі Грузия, Италия, Литва және Ресейде енгізілген. Айта кету керек, Парламент сайлауында тікелей пропорционалды жүйеге көшкен кейбір мемлекеттер уақыт өте келе бұл жүйеден бас тартқан. Мұндай үрдіс Италияда, Украинада, Ресейде және Қазақстанда байқалады.

Сонымен қатар, Польшаның тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады: елде Парламенттің жоғарғы палатасы мажоритарлық жүйе бойынша, ал төменгі палатасы пропорционалды жүйе негізінде сайланады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 50-бабының 3-тармағына сәйкес, сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап, Мәжілістің сандық құрамы 98 депутат болып белгіленді.

Мәжіліс депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Парламенттің төменгі палатасы аралас сайлау жүйесін қолдана отырып, тікелей сайлау арқылы құрылады. Мемлекет басшысы атап өткендей, Парламенттің төменгі палатасы кез келген азаматқа жасанды артықшылықтар бермей, елдің бүкіл электоралдық ландшафтын көрсетуге тиіс.

2 Сайлау алдындағы жүргізілетін іс-шаралар

Сайлау алдындағы үгітті жүзеге асыру нысандары

Сайлау алдындағы үгіт:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- сайлау алдындағы жария іс-шараларды;

- кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;

- баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен;

- онлайн-платформалар арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдық сайлау іс-шаралары:

- сайлау алдындағы жиналыстар және сайлаушылармен кездесулер;

- сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысулар;

- митингілер, шерулер, демонстрациялар;

- заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шаралар.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу мерзімдері

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығы

Мемлекет азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, өзге де заң актілеріне сәйкес белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап не қарсы кедергісіз сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді.

Конституциялық заңға сәйкес сайлау қорларын құрмайтын азаматтар, қоғамдық бірлестіктер қаржыландыруды талап етпейтін сайлау алдындағы үгіт жүргізуге құқылы.

Конституциялық заңға сәйкес белгіленген тіркеу мерзімі аяқталған кезден бастап, үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларын үгіттеуге және насихаттауға құқығы бар.

Кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлау алдындағы үгіт жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізудің тең жағдайларына, өз бағдарламаларымен сөз сөйлеу үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік беріледі. Кандидаттарға қаражат бөлу тәртібі мен көлемін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Орталық сайлау комиссиясы айқындайтын сайлау алдындағы пікірсайыстарды өткізу тәртібі мен шарттары бірдей болуға және қайсыбір кандидатқа немесе саяси партияға артықшылық бермеуге тиіс.

Сайлау алдындағы пікірсайыстарды өткізу қағидалары мен шарттары Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы қаулысымен бекітілген.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізуге шектеулер

Мыналарға:

- мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;

- сайлау комиссияларының мүшелеріне;

- діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Телерадио хабарларын тарату субъектілерінің жаңалықтар, талдау бағдарламаларында кез келген үгіт материалдарын таратуына тыйым салынады.

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынғаны заңмен белгіленген.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда мыналар:

- 1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірген

адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;

2) Кандидаттың немесе партиялық тізім ұсынған саяси партияның сайлануына ықпал ететін қызметті жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер басқа кандидаттар мен саяси партияларға осы үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызметтік жағдайдың артықшылықтарын пайдалану деп танылады.

Сайлау заңнамасымен:

- сайлау алдындағы жөнсіз үгіт жүргізуге тыйым салынады. Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар мен бағалы қағаздар беру, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар мен қайырымдылық акцияларын өткізу, ақша төлеу немесе осыларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу – жөнсіз үгіт деп танылады.

- сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап, кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады;

- қандай да бір адамның бейнесін - оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.

Кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның, сондай-ақ олардың сенім білдірген адамдарының белгіленген ережелерді бұзуы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

Кандидаттың, саяси партияның сайлау алдындағы бағдарламасы

Мәслихат депутаттығына кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия өзінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы

бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден, саяси партияның партиялық тізімін тіркеуден бас тартуға, ал кандидат немесе саяси партия мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

3 Орталық сайлау комиссиялары

Қазақстан Республикасындағы сайлау органдарының құрылымы және олардың қалыптастыру қағидаттары

Сайлау комиссиялары - Қазақстан Республикасында сайлауды дайындау мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары. Сайлау комиссияларының өкілеттіктерінің мерзімі 5 жылды құрайды.

Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін:

- Республиканың Орталық сайлау комиссиясы (бұдан әрі – Ортсайлауком);

- аумақтық сайлау комиссиялары;

- округтік сайлау комиссиялары;

- учаскелік сайлау комиссиялары құрайды.

Ортсайлауком - Республиканың сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін басқарады және тұрақты жұмыс істейтін орган. Оған депутаттарға жазалау шараларын, депутаттық әдеп ережелерін қолдануға, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және оларды өкілеттігінен және депутаттың дербес құқығынан айыруға байланысты мәселелерді дайындау жүктелген.

Қазақстан Республикасының Президенті Ортсайлаукомның Төрағасы мен екі мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды, Парламент палаталарының әрқай-

сысы, басқа палатаның қатысуынсыз, Ортсайлаукомның екі мүшесін бес жыл мерзіміне тағайындайды. Ортсайлауком Төрағасының орынбасары мен хатшысы комиссияның отырысында сайланады.

Орталық сайлау комиссиясының өз аппараты бар. Ортсайлаукомның қарамағында функцияларына аумақтық сайлау комиссияларының ұйымдастырушылық қызметіне жәрдемдесу және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін, интернет-ресурсты жасау, дамыту, енгізу, сүйемелдеу, әкімшілендіру, пайдалану және жүйелік-техникалық қызмет көрсету, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлігіндегі оның сайлау қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ сайлаушылардың құқықтық мәдениетін арттыру саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру, үйлестіру және қамтамасыз ету, сайлауды ұйымдастырушылар мен сайлау процесіне басқа да қатысушыларды оқуты кіретін ведомстволық ұйымдар бар.

Орталық сайлау комиссиясын және оның аппаратын ұстауға шығыстар республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттармен сайланады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатты ғана ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына аталған саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары түспеген жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын басқа қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Жоғары тұрған сайлау комиссиясы қажет болған жағдайда сайлау туралы заңда белгіленген тәртіпке сәйкес, сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыратын орган сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін бос орынға уақытша мүшені тағайындайды.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанының даярлау және өткізу кезеңінде тиісті сайлау комиссиясына, сайлау тағайындалған немесе жарияланған күннен бастап, он күннен кешіктірмей кеңесші дауыс құқығымен өз өкілін жіберуге құқылы.

Қазақстан Республикасының сайлау органдарының негізгі өкілеттіктері

Орталық сайлау комиссиясы:

- Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады; олардың бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді; өзінің құзыреті шегінде бүкіл Республика аумағында міндетті шешімдер қабылдайды;

- Президент пен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады; Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге басшылық етеді;

- мәслихаттар, әкімдер мен өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссияларына әдістемелік басшылықты және олардың қызметінің сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады;

Аумақтық сайлау комиссиясы:

- әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

- Президентті, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын, әкімдерді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етеді;

- төменгі тұрған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық етеді;

- сайлаушылар және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтердің өзектілігі мен анықтығын, дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерінің уақтылы әрі дұрыс жасалуын және олардың барша жұрттың танысуы үшін ұсынылуын бақылайды;

- Сенат депутаттары сайлауын өткізуді қамтамасыз етеді;

- әкімдерді сайлауды, шығып қалғандардың орнына әкімдерді сайлауды тағайындайды және өткізуді ұйымдастырады;

- шығып қалғандардың орнына сайлау округтері бойынша мәслихаттардың депутаттарын сайлауды тағайындайды;

- мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды, қайта сайлауды және шығып қалған мүшелерінің орнына сайлауды тағайындайды және ұйымдастырады;

- сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастырады және өткізеді; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді.

Округтік сайлау комиссиясы:

- тиісті сайлау округінің аумағында сайлау туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

- бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлауды өткізуді ұйымдастырады;

- бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын қайта сайлауды және шығып қалғандардың орнына сайлауды өткізеді;

- учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;

- жоғары тұрған сайлау комиссиясына сайлау округі бойынша дауыс беру нәтижелерін беруді қамтамасыз етеді.

Учаскелік сайлау комиссиясы:

- сайлау учаскесінде Президентті, Парламент Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын, әкімді және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау шараларын жүргізеді;

- учаскелік комиссияның орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады;

- тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды;
- азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізімдердегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;
- мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдайды;
- сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;
- дауыс беруге арналған үй-жай дайындайды, кабиналар мен жәшіктердің болуын қамтамасыз етеді;
- сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;
- дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;
- дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;
- сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастырады және өткізеді; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді.

4 Ауыл әкімдерін сайлау

Үш жылдан астам уақыт ішінде ауыл әкімдерінің 72 пайызы жаңарды. Оның үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Халық өкілді билік пен әкімдер корпусын қалыптастыру процесіне тікелей және еркін сайлау арқылы қатысады. Кез келген демократиялық жолды таңдаған мемлекет өкілді органды қалыптастыру кезінде халықтың таңдауына сүйенеді. Сайлау әр елдің сайлау жүйесіне, саяси мәдениетіне, құқықтық және заңнамалық негізіне, басқару нысанына байланысты өткізілетіні белгілі.

Сондықтан сайлауды ұйымдастыру және реттеу сайлаушылар мен зерттеушілер, сондай-ақ түрлі халықаралық ұйымдар талқылайтын өзекті мәселе болып табылады. Қоғам сайлаудың әділ өтуін және нәтижесінде шын мықтының жеңіске жеткенін қалайды.

Біріншіден, сайлауды өткізу өте жауапты процесс екенін атап өту керек. Бірінші кезекте сайлау науқаны жұмысын жолға қойып, үгіт-насихат науқанын демократиялық талаптарға сәйкес жетілдіре отырып, дұрыс әрі әділ жолға қою талап етіледі. Бұл ретте үгіт-насихат үдерісі кандидаттың бағдарламасына тікелей байланысты екенін, ал бағдарламаның мазмұны сәйкесінше сайлау барысында көрініс табатынын есте сақтау маңызды.

Ол елдің ішкі проблемаларын да, оның сыртқы саяси бағыттылығын да көрсететін үгіт-насихат базасы. Сайлау барысында сайлау науқанының бағдарламаларына сәйкес, міндетті түрде «біздің кандидат үшін» дауыс беруге шақыратын үгіт науқаны жүргізіліп жатқан кандидаттың имиджі қалыптасатыны белгілі.

Үгіт-насихат науқанын сауатты құра білу - үміткердің жеңіске жету жолындағы «құпия код». Сондықтан сайлау науқаны басталар алдында жан-жақты сайлау платформасын ойластыру және құру өте маңызды. Егер сайлау науқанының алдына қойылған мақсатқа сәйкес қоғам страталары үшін өзекті сайлау бағдарламасын әзірлеп, оны бұқаралық ақпарат құралдары мен сайлау технологияларының көмегімен кандидаттың имиджін нығайта отырып, тиімді ұсынатын болса, онда оның жеңіске жету мүмкіндігі көп болады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық кезеңдер әкімдеріне кандидаттардың сайлауға қатысу процесі. Бұл дайындық округтері бірнеше кезеңге бөлінеді, ұсыну, тіркеу, насихаттау кезеңі, тыныштық күні және сайлау күні.

Дайындық кезеңі сайлау күніне жарияланғанға дейінгі 30 күнді құрайды. Осы уақыт ішінде аудандық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау жөніндегі өңірлік жұмыс

жоспарлары бекітіледі. Ауылдардан, кенттерден, ауылдық округтерден электоралдық паспорттар дайындалады, бекітілген өлшемдерге сәйкес партиядан кандидаттарды немесе өзін-өзі ұсынушыларды алдын ала іріктеу жүргізіледі, саяси партиядан кандидаттардың немесе өзін-өзі ұсынушылардың сайлау алдындағы бағдарламаларының жобалары әзірленеді, ұсынылып отырған кандидаттарды (қылмыстық, әкімшілік және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар тұрғысынан) алдын ала тексеру жүргізіледі.

Ұсыну кезеңі сайлау жарияланғаннан кейінгі келесі күні басталады. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлауды тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде қырық күн бұрын тағайындайды және ол заңда белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде он күн бұрын өткізілуге тиіс.

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдеріне кандидаттар ұсынуды саяси партиялар өздерінің мүшелері қатарынан партиялық конференцияларда жүзеге асырады.

Саяси партияның бір сайлау округінде бір ғана кандидат ұсынуға құқығы бар.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдеріне кандидаттар ретінде ұсынылатын партия мүшелері оларға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс. Сайлау округінде саяси партиядан бір кандидаттан артық ұсынылмайды.

5 Республикалық референдум

Конституциялық реформа нәтижесінде Ата Заңдағы 98 баптың 33-і өзгерді. Реформа аясында Қазақстан суперпрезиденттік басқару моделінен бас тартылды. Тәуелсіздіктің қалыптасуы мен мемлекет құрудың бастапқы кезеңінде дамудың бұл моделі қажет болды. Алайда қазіргі уақытта жағдай өзгерді. Сондықтан біз дамыған елдердегідей

күшті Парламентке сүйенетін суперпрезиденттік басқарудан президенттік республикаға көштік.

Парламенттің өкілеттігі мен рөлі күшейтілді. Мұндай жүйе еліміздің орнықты дамуына ықпал ете отырып, биліктің үш тармағы (Парламент, сот және атқарушы билік) арасындағы тиімді балансты қамтамасыз етеді.

1. Конституциялық түзетулерге сәйкес, Президент өз өкілеттігін орындау кезеңінде кез келген партиядағы мүшелігін уақытша тоқтатуға міндетті. Бұл өзгеріс елдегі саяси бәсекелестікті арттырады, саяси монополияны жояды және барлық партиялардың тең дамуы үшін жағдай жасайды. Сондай-ақ, сайлауға қатысатындарға тең мүмкіндіктер береді.

2. Облыстар мен мегаполистердің әкімдерін тағайындау рәсімі түбегейлі өзгерді. Қолданыстағы тәжірибеге сәйкес, өңір әкімдерін мәслихаттың келісімімен Президент тағайындайды. Енді әкімдердің кандидатураларын келісімнен өткізудің жаңа тетігі бекітілді. Оның негізінде Мемлекет басшысы белгілі бір облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың әкімі лауазымына бір ғана емес, бірнеше кандидатты баламалы негізде ұсынады.

Бұл кандидаттарды облыстық немесе қалалық мәслихат депутаттары қарастырып, олардың біреуін таңдайды. Басқаша айтқанда, осы сәттен бастап облыс әкімдері сайлау арқылы анықталады. Іс жүзінде жергілікті депутаттар өңір басшысының кім болатынын анықтайтын болады. Депутаттардың көпшілік дауысын жинаған және мәслихаттың келісілген кандидаты мәртебесін алған үміткер жеңімпаз болып саналады. Президент оны облыс немесе мегаполис басшысы ретінде бекітеді.

3. Президент өз туыстарына қатаң шектеулер енгізді: олар саяси мемлекеттік қызметші лауазымдарына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор мен ұлттық компанияларда басшылық қызметтерге тағайындала алмайды. Президент бұл шешімді қаңтар оқиғаларынан алынған маңызды сабақ негізінде қабылдағанын мәлімдеді. Жоғары мемлекеттік лауазымдағы барлық өкілеттіктердің бір адамның қолында

шоғырлануы оған жақын адамдар мен қаржы-олигархиялық топтардың ықпалын негізсіз күшейтуі мүмкін.

Бұдан басқа кез келген мемлекетте туыстық кадрларды іріктеу процесін бұрмалайды және сыбайлас жемқорлықтың терең тамырына себепші болады. Ал тамыр-таныстық пен рушылдық елдің ілгері басқан қадамын кері тартып, мемлекетті құрдымға құлатады. Демек жаңа конституциялық реформа барлық азаматқа бірдей мүмкіндік туғызбақ.

4. Қазақстан халқы референдумда Ата Заңға түзетулерді енгізіп, Президенттің өкілеттігі біршама азайды. Мысалы, Мемлекет басшысы облыстардың, мегаполистердің әкімдері қабылдаған шешімдерді, шығарған актілерді жою, ол құжаттардың күшін тіпті уақытша болса да тоқтата тұру құқығынан айырылды.

5. Президент аудан, тіпті ауыл әкімдерін де лауазымынан босата алмайтын болады. Өйткені Президент бастамашы болған саяси жаңғырулар аясында елімізде ауыл және аудан әкімдері сайланады. Тиісінше, ауыл, аудан жұртшылығы өзі сайлаған әкімін қызметінен өздері алып тастай алады. Мемлекет басшысы сайланған әкімге тиісе алмайды.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер Парламентті, мәслихаттарды және жергілікті билік органдарын нығайтуға бағытталған. Нәтижесінде олар бір адамға сенбей, қиын кезеңде өз жұмыстарын өз бетінше жалғастыра алады. Осының арқасында Президент болып қандай тұлға сайланса да, оның биліктің барлық тармағына билік жүргізуіне жол берілмейді.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 31 және 33-баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының ұсынған хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы дауыс беру нәтижелері туралы хабарлады:

- референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны – 11 734 642;

- дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 7 985 769 немесе 68,05 пайыз;

- референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 6 163 516 немесе дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызы;

- референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 1 490 470;

- жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны – 205 924;

- 17 облыста, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада дауыс беруге қатысқан азаматтар мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берді.

«2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша референдум өтті, өйткені референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысты.

2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдумға шығарылған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды деп есептеледі, өйткені облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы оң шешімді жақтап дауыс берді.

Тақырып. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық құқықтық мәртебесі

1 Қазақстан Республикасының Президентінің мемлекеттік басқарудағы рөлі

Қазақстан Республикасының Президенті мемлекетті басқаруда орталық рөл атқарады. Ол ішкі және сыртқы саясаттың маңызды бағыттарын айқындайтын мемлекет басшысы болып табылады.

Халықаралық аренада Президент Қазақстанның атынан шығып, оның мүдделерін қорғайды, халық атынан сөз сөйлейді және елдің имиджін қалыптастырады. Ал мемлекет ішінде ол дамудың стратегиялық максаттарын анықтайтын жоғарғы басшы ретінде әрекет етеді.

Сонымен қатар, Президент халық бірлігі мен мемлекеттік биліктің символы ретінде әрекет етеді. Оның басты міндеті – барлық азаматтарды біріктіру және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету. Ол Конституцияны қорғауды қамтамасыз етіп, әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалайды. Осындай ұстаным Президентті тек басқарушы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік құндылықтардың көрінісі етеді.

Мемлекетті тиімді басқару үшін Президент биліктің барлық тармақтарының жұмысын үйлестіреді. Ол олардың үйлесімді қызмет етуін және мемлекеттік органдардың халық мүддесіне сай әрекет етуін талап етеді. Сондай-ақ, биліктің түрлі құрылымдары арасындағы қақтығыстарды болдырмай, олардың азаматтар алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Президентті сайлау процесі Конституцияда бекітілген демократиялық қағидаттарға сәйкес жүргізіледі. Еліміздің барлық кәмелетке толған азаматтары тең дауыс беру құқығына ие, ол кең жұртшылықтың сайлауға қатысуына мүмкіндік береді. Жасырын дауыс беру сыртқы қысымсыз еркін таңдау жасауға жағдай жасай отырып, әрбір сайлаушының ерік білдіруінің құпиялылығына кепілдік береді.

Президент болу үшін кандидат Конституцияда белгіленген бірқатар қатаң талаптарға сәйкес келуі тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар Республика азаматы сайлана алады. Мемлекеттік тілді білу азаматтармен толыққанды қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ал жоғары білімнің болуы кандидаттың құзыреттілік деңгейін және сараланған басқару шешімдерін қабылдау қабілетін растайды. Сонымен қатар, Конституциялық заңмен айқындалған қосымша талаптар елдің өзекті қажеттіліктеріне қарай бұл тізімді кеңейте алады.

Сондай-ақ, Президенттің бүкіл халықтың атынан сөйлеуге айрықша құқығы бар. Оның шешімдері, мәлімдемелері мен іс-әрекеттері жалпы мемлекеттің ұстанымы ретінде қабылданады. Президентке ерекше жауапкершілік жүктеледі, өйткені оның миссиясын қаншалықты тиімді орындауы қоғамның оған деген сеніміне және елдің халықаралық аренадағы беделіне тікелей әсер етеді.

Президенттің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға жол берілмейтінін атап өту қажет. Президенттің беделі мен оған тиесілі құндылықтарға қол сұғу заң бойынша қатаң қудаланады, себебі бұл елдің бас лауазымды адамына деген құрметке нұқсан келтіреді. Сонымен қатар, бұл оның мемлекеттік тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды ролін айқындайды.

Қазақстанның жаңа Президенті қызметіне кіріскен кезде ерекше рәсім – инаугурация өтеді, оның барысында ол ел халқына ант береді. Ант мәтінінде Қазақстан халқының мүддесіне адал қызмет етуге, Конституция мен заңдарды сақтауға, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға уәде беріледі. Инаугурация рәсімі мемлекет басшысына жүктелген жауапкершіліктің маңыздылығын айқындайды. Ант мемлекеттік тілде айтылады, ол халықтың бірлігі мен ұлттық бірегейліктің маңыздылығын көрсетеді.

Егер Президент сайлауы белгіленген мерзімде өтсе, ант беру **қаңтардың екінші сәрсенбісінде** өткізіледі. Егер сайлау кезектен тыс сайлауда өткізілсе немесе Президент Конституцияның 48-бабында көрсетілген ерекше жағдайларда өкілеттікті қабылдаса, рәсім сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін бір ай ішінде өткізіледі. Мұндай жағдайларда күнін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды және барлық құқықтық рәсімдердің сақталуын қамтамасыз етеді. Инаугурация рәсімінің өзі салтанатты және ресми іс-шара болып табылады. Оған Парламент депутаттары, Конституциялық және Жоғарғы Соттар судьялары, Қазақстанның экс-Президенттері және елдің жоғары билік органдарының өкілдері қатысады.

Президент Қазақстан Конституциясына қолын қою арқылы ант береді. Ол оның конституциялық қағидаттарға сәйкес ел заңдарын сақтау арқылы халыққа қызмет ету міндеттемесін көрсетеді. Ант аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әнұран орындалады.

Салтанатты рәсімнен кейін жаңадан сайланған Президент Орталық сайлау комиссиясының Төрағасынан өз билігінің рәміздерін алады. Оған куәлік, кеуде белгісі, Президенттің байрағы тапсырылады. Президентке қосымша мемлекет басшысының жоғары мәртебесін білдіретін «Алтын Қыран» ордені беріледі.

Рәсім Президенттің қызметіне кірісуін заңды түрде бекітіп қана қоймай, мемлекеттік билік институттарының маңыздылығын да көрсетеді. Ол президенттік қызмет - өкілеттік қана емес, ел алдындағы үлкен жауапкершілік екенін еске салады. Рәсімнің әрбір қадамы мен элементі заң үстемдігінің және Конституцияны құрметтеудің маңыздылығын көрсетеді. Жаңа Президенттің қызметіне кірісуі - бұл халықты біріктіретін және Қазақстан тәуелсіздігінің негізгі құндылықтарын баса көрсететін оқиға. Ол ел тарихының жаңа бетін аша отырып, мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті **жеті жыл мерзімге** сайланады, ол мемлекет басшысына елдің ұзақ мерзімді жоспарлау мен стратегиялық дамуына назар

аударуға мүмкіндік береді. Нәтижелерге қол жеткізу үшін уақыт талап ететін ауқымды реформалар мен жобаларды іске асыру үшін жеткілікті ұзақ болып саналады.

Егер Президент кезектен тыс сайлауда сайланса, оның өкілеттігі жеті жылдан кейін өткізілуге тиіс кезекті сайлау өткізілгенге дейін созылады. Ал сайлау **желтоқсанның бірінші жексенбісіне** тағайындалады. Елде жоспардан тыс өзгерістер болған жағдайда да басшылықты жаңарту үшін әрдайым нақты кестесі болуына кепілдік беріледі.

Қазіргі Президенттің өкілеттігі жаңадан сайланған мемлекет басшысы қызметіне кіріскеннен кейін бірден тоқтатылады. Мұндай тәртіп биліктің біртіндеп ауысуын қамтамасыз етеді және мемлекеттік басқарудың заңдылығын қолдайды. Тіпті мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда да тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымында мүдделер қақтығысын болдырмауға көмектесетін және оның міндеттерін орындауда президенттің тәуелсіздігін сақтайтын қатаң шектеулер бар. Президент бір мезгілде депутат бола алмайды немесе ақы төленетін басқа лауазымды атқара алмайды, өйткені оны мемлекет басшысы лауазымындағы басты міндеттерді орындаудан ауытқытуы мүмкін. Сондай-ақ президентке кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған, оның шешімдері объективті болып қала береді және жеке қаржылық мүдделеріне тәуелді болмайды.

Мемлекет басшысы өзінің президенттік мерзімі кезеңінде саяси партиядан шығуға міндетті. Президентте ант берген сәттен бастап партиядан шығу үшін он күн уақыт беріледі.

Шектеулер президенттің жақын туыстарына да қатысты. Билікті теріс пайдалануды болдырмау үшін оларға саяси мемлекеттік құрылымдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында негізгі лауазымдарды атқаруға тыйым салынады. Осы ереже барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидатын қорғауға және мемлекеттік органдардың ашықтығына күмән келтіруі мүмкін жағдайларды жоюға бағытталған.

Егер президент қызметке кіріскен сәтте оның жақын туыстары осындай лауазымдарды атқарса, олар орнынан

түсуге немесе лауазымын босатуға міндетті. Осы талапты орындау үшін бір ай беріледі. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары деп: ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, сондай-ақ жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, балаларының жұбайы (зайыбы), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) балалары түсініледі.

Егер Қазақстан Республикасының Президенті денсаулық жағдайы бойынша өз міндеттерін орындауға қабілетсіз болса, ол қызметінен мерзімінен бұрын босатылады. Шешімді Парламент Конституцияда белгіленген тәртіпшен қабылдайды. Мұндай жағдай мемлекет басшысы лауазымын әрдайым тиімді басқаруға қабілетті адам атқаратынына кепілдік беру үшін елді басқарудың функционалдылығын қолдау үшін маңызды.

Президент өзінің іс-әрекеттері үшін ерекше жағдайларда заңдық жауапкершілікте болады. Мысалы, ол Қазақстан ұлттық қауіпсіздігіне немесе егемендігіне нұқсан келтіруге бағытталған әрекеттерді қамтитын мемлекеттік сатқындық жағдайында ғана қызметінен босатылады. Ол соғыс кезінде жауларға көмек көрсету немесе шет мемлекеттерге олардың Қазақстанға қарсы дұшпандық әрекеттеріне жәрдем көрсету арқылы көрінуі мүмкін. Маңызды шара қатаң ережелер бойынша және жан-жақты қаралғаннан кейін ғана қолданылады.

Президенттің Парламенттің немесе оның төменгі палатасы - Мәжілістің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қарау кезінде оны өз қызметінен босату туралы мәселе көтерілмейтінін атап өту маңызды. Ол саяси жүйенің тұрақтылығын қорғайды және осындай маңызды мәселелерді бір мезгілде қарауға байланысты теріс пайдалану мүмкіндігін болдырмайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, мысалы, оның қызметінен кетуі, босатылуы немесе қайтыс болуы

нәтижесінде биліктің ауысуы заңнамада бекітілген нақты жазылған тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Мемлекет басшысының өкілеттігін өзіне бірінші болып Парламент Сенатының Төрағасы алады. Мұндай қадам елді үздіксіз басқаруды жалғастыруға кепілдік береді және тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Егер қандай да бір себептермен Сенат Төрағасы Президенттің міндеттерін өзіне ала алмаса, олар билік сатысындағы келесі адамға - Парламент Мәжілісінің Төрағасына ауысады. Осы міндеттерді Мәжіліс Төрағасы тарапынан орындау мүмкін болмаған жағдайда мемлекет басшысының өкілеттігі Премьер-Министрге беріледі, ол да ел мүддесіне жедел іс-қимыл жасауға дайын болуға тиіс. Көшбасшылардың «резервін» құрудың мұндай тәртібі сабақтастықтың сенімді тетігінің болуын қамтамасыз етеді.

Алайда Президенттің міндетін уақытша атқарушының белгілі бір шектеулері болады. Оның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқығы жоқ. Өйткені тұрақтылықты сақтау және мемлекеттік құрылым негіздерін қорғау өте маңызды. Осылайша президенттік өкілеттіктерді беру тәртібі мемлекеттік басқарудың сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған, ол әсіресе күрделі немесе дағдарысты сәттерде қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады және қорғалады. Мемлекет басшысының және оның жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ президенттің өз міндеттерін орындауы үшін қолайлы жағдай жасалады. Президент пен оның отбасының тұрғын үйі - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының басқаруында болады. Бұдан басқа, бұған Мемлекеттік күзет қызметі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті сияқты құрылымдар қатысады.

Президентті күзету Мемлекеттік күзет қызметінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Ол мемлекет басшысының ғана емес, онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің де қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осылайша

президентке сыртқы қауіп-қатерлерге алаңдаусыз өз міндеттерін орындауға ден қоюға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалады.

Өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін қызметінен кетірілгендерді қоспағанда, Республика президенттері экс-Президент атағын алады. Ол мәртебе олардың ел алдындағы еңбегін растайды және оларға Парламент отырыстары, жаңа президенттерді ұлықтау және мемлекеттік мерекелер сияқты маңызды мемлекеттік іс-шараларға қатысу құқығын береді. Бұрынғы көшбасшыларға құрметтеуге көрсту олардың ел тарихына қосқан үлесін көрсетеді.

2 Президенттің мемлекеттік билік органдарымен өзара қарым-қатынасы

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабына сәйкес, Қазақстан Президенті мемлекет басшысының рөлін атқарады және жоғары лауазымды тұлға болып табылады. Ол Қазақстанды ұлттық және халықаралық деңгейде таныстыра отырып, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды. Бұдан басқа Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, сондай-ақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының символы әрі кепілі ретінде әрекет етеді. Ол мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісілген жұмысын және олардың халыққа есеп беруін қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысының өкілеттігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабында және 1995 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңның 7-19-баптарында регламенттелген. Конституциядағы Президент туралы бөлім мемлекеттік органдардың ішінде бірінші орынға ие және мемлекет басшысының негізгі өкілеттіктері көптеген өзгерістер мен толықтырулармен 21 тармақта жазылған. 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Президент туралы Конституциялық заңда Республика басшысының өкілеттіктері әртүрлі салалар бойынша құрылымдалған және олардың жүзеге асырылу тәртібі нақты белгіленген..

Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға көшу аясында тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін нығайту жүзеге асырылды. Енді Президент жоғары мемлекеттік лауазымдарға жеке-дара емес, Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды. Егер Конституцияның бұрынғы редакциясында Президент конституциялық бақылау органының төрағасын және Жоғары Сот Кеңесінің төрағасын келісімсіз тағайындайтын болса, жаңа редакцияда Сенатқа Конституциялық Соттың төрағасын және Жоғары Сот Кеңесінің төрағасын тағайындауға келісім беру құқығы берілген.

Республика Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі

Біріншісі, Президенттің сыртқы саяси өкілеттігі, ол оның конституциялық міндеттерін ғана көрсетпейді, сонымен қатар толықтырады. Конституциялық өкілеттіктерді заң жүзінде кеңейту формальды сипатқа ие. Ол Президенттің сыртқы саяси өкілеттіктерін нақтылау есебінен болды және Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген өкілеттіктер көлемінің ұлғаюына әкелмеді. Аталған өкілеттіктер тобына 1999 жылы бір рет өзгерістер енгізілді: нәтижесінде Конституцияда аталмаған халықаралық шарттарды бекітуге енгізу өкілеттігі алынып тасталды (осы өкілеттікті қазіргі уақытта Үкімет жүзеге асырады).

Қазақстан Республикасының Президенті халықаралық аренада елімізді таныстыра отырып және оның дипломатиялық және мемлекетаралық қатынастарына байланысты маңызды шешімдер қабылдай отырып, мемлекеттің сыртқы саясатын басқаруда негізгі рөл атқарады. Оның негізгі міндеттерінің бірі келіссөздер жүргізу және Қазақстанның басқа елдермен экономикалық, саяси және мәдени өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін халықаралық шарттарға қол қояды. Әрбір шарт байланыстар мен халықаралық ынтымақтастықты нығайта отырып, стратегиялық мәнге ие.

Президент сондай-ақ басқа да өкілдерге келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға қол қоюға уәкілеттік береді. Мемлекет басшысы білікті мамандардың мемлекетаралық келісімдерді әзірлеуге және келісуге

қатысуын қамтамасыз ету үшін өз өкілеттіктерін бере алады дегенді білдіреді. Өз өкілеттіктерін беру күрделі мәселелерді тиімді шешуге және Қазақстанның халықаралық қоғамдастықпен өзара іс-қимыл аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Халықаралық шарттар ратификациялауды талап еткен кезде Президент оларды Қазақстанның ресми қабылдағанын растайтын тиісті грамоталарға қол қояды. Ол заңнамалық деңгейде уағдаластықтарды бекітетін негізгі кезең болып табылады. Егер шарт ратификациялауға жатпаса, Президент оның қолданылуын уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдай алады, өйткені ол ұлттық мүдделерді қорғау үшін қажет.

Егер уағдаластықтардың күшін жою қажеттігі туындаса, Президент Парламентке халықаралық шарттардың күшін жою туралы ұсыныс енгізеді. Мұндай шешім шарт елдің мүдделеріне сәйкес келмеген немесе саясатты қайта қарауды талап ететін халықаралық жағдайлар өзгерген ерекше жағдайларда қабылданады.

Президент Қазақстанның шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады. Елшілер елді таныстырады, оның имиджін қалыптастырады және шет мемлекеттермен байланыстарды нығайтуға қатысады. Тәжірибелі дипломаттарды тағайындау Қазақстанның халықаралық қатынастардағы мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Президент өкілеттігінің маңызды бөлігі басқа мемлекеттердің аккредиттелген дипломаттарының сенім грамоталарын қабылдау болып табылады. Ресми құжаттар өкілдердің тағайындалғанын растайды және оларға Қазақстанда жұмыс істеу құқығын береді. Осылайша Президент әлемдік қоғамдастықпен байланыс орнатуда және ынтымақтастықты нығайтуда орталық рөл атқарады

Мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады. Ол елдің Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас

қолбасшысы болып табылады және оған армияның жоғары қолбасшылығын тағайындауға және оны қызметінен босатуға айрықша құқық береді. Аталған өкілеттіктер Президентке әскери құрылымдарды бақылауды сақтауға және елді қорғау үшін олардың тиісті жұмысын қамтамасыз етеді.

Саяси тұрақтылыққа, аумақтық тұтастыққа немесе демократиялық институттардың жұмыс істеуіне қауіп төнген жағдайда, Президенттің төтенше жағдай енгізуге құқығы бар. Премьер-министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациядан кейін шешім қабылданады. Президент процестің ашықтығын қолдай отырып, өз шешімдері туралы Парламентті міндетті түрде хабардар етеді.

Әскери агрессия немесе басқа мемлекеттер тарапынан қауіпсіздікке сыртқы қатер туындаған кезде Президент соғыс жағдайын енгізе алады. Ол қорғанысты нығайту үшін ішінара немесе толық мобилизация жариялайды. Мемлекет аумағын қатерлерден қорғауға бағытталған мобилизация жариялау туралы дереу Парламентке хабарланады.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысының қарауына Республика Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы ұсыныс енгізеді. Мысалы, ол бітімгершілік операцияларға қатысу болуы мүмкін.

Ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жоғары лауазымды адамдарды қорғау үшін Президент өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін құрады. Мемлекеттік күзет қызметі мемлекеттік институттар мен Президентке төнген қатерлердің алдын алуда маңызды рөл атқарады.

Президент бекітетін әскери доктрина елдің қорғанысын жоспарлау және дамыту үшін қажет. Әскери доктрина Қазақстанның қауіпсіздік саласындағы стратегиясы мен мақсаттарын, оның ішінде ресурстарды пайдалану мен қазіргі заманғы сын-қатерлерге қарсы әрекет ету тәсілдерін айқындайды. Доктрина қатер төнген жағдайда барлық ведомстволардың іс-қимылын келісуге көмектеседі.

Президент азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және оларды запасқа шығару туралы шешім

қабылдайды. Әскери қызметке шақыру ұлттық қорғаныс пен елдің кез келген сын-қатерлерге дайындығының маңызды элементі және азаматтар үшін төтенше жағдайларға дайын болуға мүмкіндік береді.

Парламент Сенатының келісімімен Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындайды және оны қызметтен босатады. Сөйтіп елді сыртқы және ішкі қатерлерден қорғауға жауап беретін осы маңызды құрылымның қызметін бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл Президенттің Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі стратегиялық рөлін көрсетеді.

Парламентке қатысты өкілеттігі

Үшіншісі, Президенттің өкілеттіктерінің Республика Парламентімен өзара іс-қимылға байланысты. Бұл санатқа жоғары заң шығарушы органның құрамын қалыптастыруға, оның қызметін реттеуге, Парламент пен оның палаталарының жұмысын тоқтатуға, сондай-ақ заң шығару процесіне қатысты өкілеттіктер кіреді. Осы топқа Президенттің Парламент депутаттарының бір тобының өтініші бойынша заңды орындамаған жағдайда Үкімет мүшесін қызметінен босату жөніндегі өкілеттігі енгізілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 57-бабының 6-тармағының бастапқы редакциясында мұндай өтініштің салдары айқындалмай, тек Президентке жүгіну мүмкіндігі көрсетілген болатын. 1998 жылғы 7 қазанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осы ережені нақтылады: егер Президент Парламент депутаттарының Үкімет мүшесін босату туралы алғашқы өтінішін қабылдаса, депутаттар қайтадан өтініш беру құқығына ие болады. Бұл жағдайда Президент оны қызметінен босатуға міндетті.

2007 жылы осы ережеге Президентке жүгінетін депутаттардың санына қатысты өзгерістер енгізілді. Ал 2017 жылы қабылданған ағымдағы редакцияда Президент Үкімет мүшесін қызметінен босатуға міндетті деп белгіленді. Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабының 10-тармақшасында сипатталған өкілеттік өзекті болып қала береді. Аталған заңның бастапқы редакциясына

сәйкес, Президент белгілі бір жағдайларда заңнамалық өкілеттіктерге ие болды. Сондай-ақ, Президент заң жобаларын шұғыл қарау құқығын белсенді пайдаланды.

2017 жылы баптың тиісті тармақшасында өзгерістер болды: енді мемлекет басшысының заң жобаларын қарау басымдығын белгілеуге ғана мүмкіндігі бар (басым заң жобалары екі ай ішінде қабылдануы тиіс). Кейбір авторлар бұл өкілеттікті (Конституцияда да, Конституциялық заңда да бекітілген) басқаша баяндау керек деп санайды, өйткені ол әртүрлі сипатқа ие және әртүрлі түсіндірілуі мүмкін. Оның үстіне ол маңызды өзгерістің оң әсерін төмендетеді деген пікір бар, өйткені Президентке заң шығару өкілеттіктерін беру туралы ережені алып тастау оның заң шығару процесіндегі рөлінің елеулі өзгеруіне алып келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Парламентке қатысты өкілеттіктері кең және ол оған заң шығару билігін басқаруға және оның жұмысын реттеуге белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Президенттің бірінші маңызды міндеті Парламент пен оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлауды тағайындау болып табылады. Сайлауды тағайындау арқылы Парламент құрамын уақтылы жаңартуды қамтамасыз етеді.

Конституцияның 51-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Сенаттың он депутатын тағайындайды, олардың бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады. Бұл Сенатта түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді. Егер Сенат депутаты өкілеттігінен айырылса немесе өз қызметінен кетсе, президент Палатаның жұмыс қабілеттілігін сақтау үшін бір ай ішінде Сенаттың жаңа мүшесін тағайындайды.

Сайлау нәтижелері жариялаған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей Парламенттің бірінші сессиясын шақыруға міндеттенеді. Ол жаңадан сайланған депутаттарға өз міндеттерін уақтылы орындауға мүмкіндік береді. Ал сессияда депутаттар Қазақстан халқына ант береді, ал президент оны азаматтар алдындағы міндеттемелерін бекіте отырып қабылдайды.

Президенттің маңызды функциясы Сенат Төрағасы лауазымына кандидатураны ұсыну болып табылады. Палата басшылығына тиімді өзара іс-қимыл үшін қажет атқарушы билікпен келісуді қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар президенттің Парламенттің сессиясын ашу дәстүрі оның елді басқарудағы рөлін көрсетеді.

Парламент сессияларының арасындағы кезеңде президент өз бастамасы бойынша немесе депутаттардың ұсынысы бойынша кезектен тыс сессия шақыра алады. Мұндай сессиялар тез шешуді талап ететін белгілі бір мәселелерді талқылау үшін ғана өткізіледі және маңызды мемлекеттік істерді шешуде икемділік тудырады.

Парламент ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады. Егер Парламент Конституцияның 53-бабының 1-2) тармақшасында және 54-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Президенттің қарсылығын еңсерсе, бір ай ішінде заңға қол қояды. Билік тармақтары арасындағы даулы мәселелерді қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Президент жобаларды Парламенттің қарауына енгізе отырып, Конституцияға өзгерістер ұсынуға құқылы. Оған еліміздің дамуына елеулі әсер етуі мүмкін маңызды реформаларға бастамашылық етуге мүмкіндік береді. Заң шығару бастамасы шеңберінде президент өз жолдаулары арқылы заң жобаларын қабылдау процесін жеделдете отырып, Мәжіліске жолдайды. Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

Заң жобаларын қараудың басымдылығын айқындай отырып, президент оларды мемлекет мүддесі үшін қабылдау жылдамдығына ықпал ете алады. Ол Парламенттің кез келген отырыстарына қатысуға құқылы және оған түйінді мәселелерді талқылауға жеке өзі қатысуға мүмкіндік береді.

Президент Республика Конституциясының 57-бабының 6) тармақшасында көзделген жағдайда Үкімет мүшелерін

қызметінен босатады. Осы құқық арқылы атқарушы биліктің жұмысын бақылап, оның тиімділігін қамтамасыз етеді. Ерекше жағдайларда елдің мүддесі үшін талап етілсе, Президент Парламентті немесе оның төменгі палатасы - Мәжілісті тарата алады.

Үкіметке қатысты өкілеттігі

Төртінші, Президент өкілеттігінің жоғары атқарушы органның құрамын қалыптастыруға, оның қызметіне қатысуға және Үкімет өкілеттігін тоқтатуға байланысты. Бұл өкілеттіктер үш рет - 1999, 2007 және 2017 жылдары өзгеріске ұшырады. 1999 жылы Конституцияға енгізілген толықтыруға сәйкес, мемлекет басшысы тек бүкіл Үкіметті ғана емес, сондай-ақ егер оның жүргізіп отырған саясатымен келіспесе, оның жеке мүшесін де орнынан түсіру туралы шешім қабылдай алатын болды.

2007 жылы мемлекет басшысының Үкіметке қатысты өкілеттігі кеңейтілді, бұл ретте Республика Парламенті Мәжілісінің мәртебесі артты. Осы уақыттан бастап Президент Премьер-Министрді тек Парламенттің төменгі палатасының келісімімен тағайындай алады, ал Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіру негізінде оның орнынан түсуі туралы шешім қабылдауға құқылы. Сондай-ақ, Президент белгілі бір министрлерді тағайындайды. 2017 жылдан бастап Президент кейбір мемлекеттік органдардың қызметкерлерін қаржыландыру мен еңбекақы төлеу жүйесін, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды бекітпейді, тек келісім береді.

Қазіргі уақытта Үкімет Президенттің жарлығымен бекітілген ұлттық жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруда. Мемлекет басшысының жарлығында он ұлттық жоба көрсетілген. Осы жобалардан бөлек, Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын орындау мақсатында білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба бекітілді. Мемлекеттік бағдарламаларды қабылдаудан ұлттық жобаларға көшу – мемлекет басшысы 2020 жылы ұсынған мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі жаңа тәсілге негізделген.

Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметтің қызметін қалыптастыруда, басқаруда және бақылауда негізгі рөл атқарады. Оның негізгі функцияларының бірі Парламент

Мәжілісінің келісімімен Премьер-Министрді тағайындау болып табылады. Президент егер Премьер-Министр жүктелген міндеттерді атқара алмайды деп санаса, оны қызметтен босатуға құқылы.

Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін Президент Үкіметтің құрылымын айқындайды және ол тиімді басқару жүйесін құруға мүмкіндік береді. Өзі тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы жөнінде ұсыныстар беруге тиіс. Содан кейін Президент Парламент Мәжілісімен кеңескеннен кейін Үкімет мүшелерін тағайындайды. Алайда Сыртқы істер, Қорғаныс және Ішкі істер министрлері сияқты кейбір маңызды министрлерді Президент тікелей тағайындайды.

Үкіметтің жаңа құрамы қалыптастырылған кезде оның мүшелері Президентке ант береді. Президент ант қабылдай отырып, олардың ел игілігі үшін міндеттерді орындауға дайындығын растайды.

Премьер-Министрдің Президент алдындағы тұрақты баяндамалары бақылаудың маңызды құралы болып табылады. Премьер-Министр Үкімет жұмысының бағыттары туралы хабардар етеді және мемлекет басшысының ұсынымдарын назарға алады. Президенттің Үкіметтің іс-қимыл бағытын жедел түзетуге және сын-қатерлерге тиімді ден қоюға мүмкіндік береді.

Президент Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі. Бюджет қаражатын бөлуде теңдікті сақтауға көмектеседі және бюджеттен қаржыландырылатын барлық қызметкерлер үшін әділ жағдайларды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау мен мемлекеттік бағдарламаларды келісу де Президенттің өкілеттігіне кіреді. Осы процесс арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін нақты бағдарлар белгілейді. Жалпы даму стратегиясын қолдау мемлекет басшысы қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қажет болған жағдайда Президент неғұрлым маңызды мәселелер бойынша Үкімет мәжілістеріне төрағалық ете

алады. Онда негізгі шешімдерді талқылауға жеке қатысуға және барлық билік органдарының іс-қимылының үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Егер Үкімет немесе оның мүшелері орнынан түссе, Президент оны қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды. Орнынан түсу міндеттерді орындаудың мүмкін болмауына, Парламент тарапынан сенімсіздік білдіруге немесе Үкіметтің саясатымен келіспеуге байланысты болуы мүмкін. Үкімет немесе оның кез келген мүшесі мәлімдеген орнынан түсуді он күн мерзім ішінде қабылдайды немесе қабылдамай тастайды. Орнынан түсуді қабылдамаған жағдайда Президент міндеттерін орындауды жалғастыруды тапсырады.

Президент өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтатуға немесе Премьер-Министрді қоса алғанда, оның кез келген мүшесін босатуға құқылы. Заңдарда және Конституцияда реттелетіндерді қоспағанда, Президент Үкіметке атқарушылық функцияларды орындауды жүктейтін актілер шығара алады. Президенттің Үкіметке берген тапсырмалары басым міндеттерді шешуге және жалпыұлттық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

Конституциялық Сотқа қатысты өкілеттігі

Қазақстандағы конституциялық бақылау 1989 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақ КСР Конституциясына өзгерістермен қалыптаса бастады. Конституциялық Сот туралы алғаш рет Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңда аталған, онда ол Конституцияны соттық қорғаудың жоғары органы деп жарияланған. Кейінірек 1992 жылы Конституциялық Сот заңнамалық түрде, ал 1993 жылы - конституциялық түрде бекітілді.

1995 жылдан бастап 2023 жылға дейін Қазақстанда Конституциялық Кеңес жұмыс істеді. 2022 жылғы конституциялық реформаның нәтижелері бойынша өз қызметін 2023 жылы бастаған Республиканың Конституциялық Соты қайта құрылды. Конституциялық заңның жаңа редакциясында Президент Сенат пен төрт судьяның келісімімен Конституциялық Соттың Төрағасын тағайындайды, сондай-ақ Төрағаның ұсынысы бойынша

судьялар арасынан Төрағалардың орынбасарын тағайындайды және Конституцияда белгіленген жағдайларда Республиканың Конституциялық Сотына жүгінеді.

Қазақстан Республикасының Президенті заңның үстемдігін және Конституцияны қорғауды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын Конституциялық Сотқа байланысты маңызды функцияларды атқарады. Оның негізгі өкілеттіктерінің бірі Парламент Сенатының келісімімен Конституциялық Соттың Төрағасын қызметке тағайындайды. Президент сондай-ақ Конституциялық Соттың төрт судьясын тағайындайды, ал қажет болған жағдайда оларды конституциялық заңға сәйкес лауазымынан мерзімінен бұрын босата алады.

Президент Конституциялық Сот Төрағасының ұсынысымен Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын тағайындайды. Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары лауазымына Конституциялық Соттың жұмыс істеп тұрған судьялары арасынан таңдалады.

Президенттің Республика Конституциясының 44-бабының 10-1) тармақшасында және 72-бабында белгіленген жағдайларда Конституциялық Сотқа жүгінуге құқығы бар. Берілген өтініштер Конституцияны түсіндіруге және қолдануға байланысты мәселелерді, әсіресе күрделі және даулы жағдайларда шешуге мүмкіндік береді. Осындай өкілеттіктер елдегі заңдылық пен ашықтық қағидаттарын қорғауға ықпал ететінін атап өту маңызды.

Соттарға және судьяларға қатысты өкілеттігі

Қазақстан Президенті сот жүйесін қалыптастыру процесінде оның әділдік пен заң үстемдігі қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, маңызды орын алады. Оның басты функцияларының бірі Жоғарғы Сот Төрағасы мен судьяларының лауазымдарына кандидатураларды ұсыну. Кандидатуралар Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымдарынан кейін Парламент Сенатының бекітуіне беріледі және жоғары сот лауазымдарына тағайындауда әділеттілік пен тәуелсіздікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

Президент жергілікті және басқа да деңгейдегі соттардың төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындауға және

қызметтен босатуға құқығы бар. Қабылданған шешімдер Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымдарына да негізделеді және кандидаттарды таңдау кезінде объективті және кәсіби көзқарасқа ықпал етеді. Азаматтардың құқықтарын тиімді қорғайтын және сот органдарына қоғамның сенімін қолдайтын құзыретті сот корпусын қалыптастыруға көмектеседі.

Прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде басты рөл атқаратын прокуратура органдарының қызметін реттеу мен бақылау саласындағы маңызды өкілеттіктерге ие. Президент Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Бас Прокурорын бес жыл мерзімге тағайындайды. Білік тармақтары арасындағы келісімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етте отырып, егер Президент жүктелген міндеттерді атқара алмайды деп есептесе, Бас Прокурорды қызметінен мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Бас Прокурордың ұсынысы бойынша Республика Бас Прокурорының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Орынбасарларды қызметтен босату мүмкіндігі де Президенттің құзырында қалады, ол басқаруда икемділік тудырады және жағдайдың өзгеруіне жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Президент тағайындау функцияларынан басқа, елдегі заңдылықтың жай-күйі туралы Бас Прокурордың есептерін үнемі тыңдап отырады. Есептерді тыңдау тәжірибесі мемлекет басшысына ағымдағы құқықтық проблемалар туралы хабардар болуға, сондай-ақ оларды шешу үшін ұсынымдар беруге мүмкіндік береді. Есептерді тоқсанына кемінде бір рет тыңдау прокуратура органдары жұмысының тиімділігіне мониторинг жүргізуге және олардың есептілігін қамтамасыз етеді. Президент осы өкілеттігі арқылы мемлекеттік бақылау жүйесін нығайтады және заңның үстемдігі негізінде азаматтардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді.

Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) жұмысын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады, ол сайлау мен референдумдарды өткізуге және сайлау процестерінде демократиялылық пен ашықтық қағидаттарының сақталуына жауап береді. Президент ОСК төрағасын және оның екі мүшесін тағайындайды және ол ұлттық деңгейде сайлау мен референдумдарды ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді тиімді орындауға қабілетті кәсіби және құзыретті құрамды қалыптастырады.

Президент Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекітеді, ол оның өкілеттіктерін, міндеттерін және ішкі құрылымын реттейді. Осы нормативтік құжат ОСК-ның басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды және міндеттерді орындау кезінде оның тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Ережені бекіту елдің сайлау жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады және оның тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті Ұлттық Банкті басқару жөніндегі өз қызметінде экономиканың тұрақтылығын нығайтуға және қаржы жүйесін тиімді дамытуға ықпал ететін түйінді функцияларды орындайды. Президент жұмысының орталық элементтерінің бірі оның Банк Төрағасы лауазымына кандидатураны Парламент Сенатымен алдын ала келісе отырып айқындау қабілеті болып табылады.

Президент өкілеттігінің маңызды аспектісі оның Ұлттық Банктің басшы құрамын қалыптастыруға қатысуы болып табылады. Төрағаның орынбасарларын таңдау қаржы органы басшысының ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады, бұл ақша-кредит саясатын іске асыруға және қаржы секторын реттеу тетігін жетілдіруге қабілетті команданы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Президент тұрақты негізде тыңдайтын Банк Төрағасының баяндамалары мемлекет басшысына қаржы жүйесінің дамуын қадағалауға және түзетуді немесе назар аударуды талап ететін аспектілерді анықтауға мүмкіндік

береді. Осының арқасында Ұлттық Банк мұқият бақылауда қалады, ол оның экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ететін стратегиялық мақсаттарының орындалуына ықпал етеді.

Әр тоқсанда кемінде бір рет Ұлттық Банк Төрағасының Республика Ұлттық Банкінің жұмысы туралы есебін тыңдайды. Президент Банк жұмысының икемділігі мен жеделдігі үшін, оның ішінде кадрлық өзгерістер туралы шешім қабылдау арқылы жағдай жасауға ықпал етеді. Қаржы құрылымының қызметін жаңа сын-қатерлерге немесе экономикалық жағдайдағы өзгерістерге бейімдеу талап етілетін жағдайларда маңызды. Президент тарапынан бақылау дағдарысты жағдайлардың алдын алуға және қоғамның қаржы институттарына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының рөлі сыртқы және ішкі жағдайлардың өзгеруіне жылдам әрі тиімді реакция талап етілетін жаһандық экономикалық ауытқулар жағдайында ерекше мәнге ие болады. Ұлттық Банк инфляцияны реттеуде, валютаның тұрақты бағамын ұстап тұруда және банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады және президентпен ынтымақтастық оған осы міндеттерді барынша қайтарымды орындауға көмектеседі.

Жоғары аудиторлық палатасына қатысты өкілеттіктері

Президент Жоғары аудиторлық палатаны басқаруда негізгі функцияны атқарады, ол қаржылық ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді және мемлекеттік ресурстардың пайдаланылуын бақылайды. Мемлекет басшысының палата төрағасы мен мүшелерін тағайындау жөніндегі шешімдері оның өнімділігіне тікелей әсер етеді. Білікті кадр құрамы міндеттерді дәл және объективті орындау үшін негіз қалыптастырады және мемлекеттік аудит жүйесін нығайтады.

Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босатуға құқылы. Жоғары аудиторлық палата туралы ережені бекітеді. Мемлекет

басшысы бекітетін палата жұмысының құқықтық базасы оның функционалдық аспектілерін реттейді, қызметінің басым бағыттарын белгілейді және басқа да мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл тетіктерін нақтылайды. Мұндай тәртіп бюджет қаражатын жұмсаудың тиімді мониторингі үшін жағдай жасайды, қаржылық теріс пайдалану тәуекелін азайтады және жалпы алғанда қоғамдық қаржыны басқаруға деген сенім деңгейін арттырады.

Жоғары аудиторлық палата жұмысының тағы бір маңызды аспектісі - оның президент алдында тұрақты есеп беруі. Токсанына кемінде бір рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының жұмысы туралы ақпаратын тыңдайды. Төраға ұсынатын ақпарат қызметтің ағымдағы нәтижелерін көрсетіп қана қоймай, жедел араласуды талап ететін әлеуетті жақсарту салаларын да айқындайды. Баяндамалар бақылау тетіктерін ұдайы жетілдіруге ықпал етеді және мемлекет басшысына елдегі қаржылық тәртіптің жалпы жай-күйін түсіндіреді.

Осы органмен өзара іс-қимыл арқылы президент нормативтік тәртіпті нығайтып қана қоймай, мемлекет ресурстарын басқарудың стратегиялық тәсілін дамытуға да ықпал етеді. Мемлекет басшысының осы саладағы өкілеттігі қаржылық тұрақсыздықтың алдын алуға көмектеседі, құқықтық реттеудің іргетасын нығайтады және Қазақстанның ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз жасайды.

Әкімдерге қатысты өкілеттігі

Президенттің әкімдерге қатысты өкілеттігі мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен реттілігін қолдауға едәуір әсер етеді. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың басшыларын тағайындау кезінде мәслихаттар депутаттарының келісімі ескеріледі, ол биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын растайды. Жергілікті мүдделерді ескеруге бағытталған басқару моделін құруға көмектеседі.

Мемлекет басшысынан алған тапсырмалар арқылы әкімдерге өкілеттіктерді беру өңірлердің алдында тұрған сын-қатерлерге жедел және орталықтандырылған түрде әрекет етуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік бағдарламалар мен

бастамалардың бүкіл ел көлемінде орындалуын қамтамасыз ете отырып, оларды іске асыруға ықпал етеді. Тапсырмалардың орындалуын әкімдердің есеп беруі арқылы бақылау қоғам алдында ашықтығының кепілі.

Әкімдерді қызметінен босату құқығы, оның ішінде мәслихаттар депутаттарының сенімін жоғалтқан кезде өңірлік басқарудағы дағдарыстарды болдырмаудың маңызды тетігі болып табылады. Әкімдерді қызметінен босату мүмкіндігі жергілікті жерлерде басшылықтың сапасын ұстап тұруға және тиімсіз басшыларды уақтылы ауыстыруға, сол арқылы мемлекеттік басқару жүйесін күшейтуге көмектеседі.

Сонымен қатар әкімдердің Президентпен үйлесімділігі өңірлік билік пен орталық әкімшілік арасындағы алшақтықты болдырмайды. Инфрақұрылымды дамытуға, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға және өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық прогреске байланысты мәселелерді неғұрлым табысты шешуді қамтамасыз етеді. Осылайша әкімдермен өзара іс-қимылдың президенттік моделі ел аумағының үйлесімді дамуының базисіне айналады.

Өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі

Президенттің өзіне тікелей бағынысты мемлекеттік органдарды басқару жөніндегі өкілеттігінің барлық басқару жүйесі жұмысының тиімділігін сақтау үшін маңызы зор. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Яғни, олар Мемлекет басшысы осы органдардың басшыларын тағайындағанға дейін өз міндеттерін атқара береді.

Бағынышты органдар басшыларының олардың бөлімшелерінің құрылымы мен саны мәселелері бойынша ұсыныстарын қарау президентке басқару жүйесін туындаған сын-қатерлерге қарсы тұруға бейімдейді. Ведомстволарды құру және қайта ұйымдастыру мемлекеттік басқарудың жеделдігі мен сапасын арттыруға бағытталған жұмыстың қазіргі заманғы әдістерін енгізу үшін қажет.

Бағынышты органдардың басшылары ұсынатын тұрақты есептер кері байланыс рөлін атқарады және ол олардың стратегиялары мен жоспарларын түзету үшін маңызды. Осындай тәжірибе арқылы жұмыстың ашықтығын арттырады, мемлекет басшысына туындаған проблемаларға жедел әрекет етуге мүмкіндік жасайды. Қоғамның басқару жүйесіне деген сенімін нығайтады, ұзақ мерзімді даму мен ішкі тәртіпті сақтауға жағдай жасайды.

Республика Президентінің өзге де өкілеттігі

Президентінің аталған саладағы өкілеттігі мемлекеттік басқарудың стратегиялық маңызды аспектілерінің кең ауқымын көрсетеді және ол елдің тұрақтылығы мен орнықты дамуының кепілі болып табылады. Мемлекет басшысының халыққа жыл сайынғы үндеуі ұзақ мерзімді ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге және бірлікті нығайтуға баса назар аудара отырып, қоғам мен биліктің күш-жігерін шоғырландырады.

Марапаттау және құрметті атақтар беру кәсіби және қоғамдық бастамаларды дамытуды ынталандыра отырып, азаматтардың жетістіктерін мойындаудың тиімді тетігі. Ол ұлттық мақтанышымызды нығайтып, әсіресе қиын-қыстау кезеңде қоғамдық бірлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Азаматтыққа, саяси баспана алуға және кешірім жасауға байланысты рәсімдер президенттің адам құқықтарын қозғайтын мәселелерді шешудегі гуманитарлық көзқарасын ашады. Азаматтардың мүдделерін қорғау және халықаралық қатынастарды нығайту үшін, әсіресе гуманитарлық ынтымақтастық маңызды рөл атқаратын елдермен құқықтық негіз құруға көмектеседі.

Жоғары дәрежелі мемлекеттік кеңесшілерді тағайындау және мамандандырылған органдарды құру басқару тетіктерінің икемділігі мен ағымдағы шақыруларға бейімделуін қамтамасыз етеді. Ол саяси тұрақтылықты нығайтуға және Қазақстанның әлемдік аренадағы ықпалын күшейтуге ықпал ете отырып, қабылданған шешімдердің жеделдігі мен нәтижелілігін арттырады.

Жаңа консультативтік және атқарушы құрылымдардың қалыптасуы Президентке қоғамның түрлі топтары мен

сарапшылар пікірі арасындағы консенсусқа негізделген тиімді стратегиялық шешімдерді әзірлеуге септігін тигізеді.

Мемлекет басшысының ұлттық валюта мәселелерін реттеу құқығы оның қаржылық тұрақтылықты сақтаудағы маңызды рөлін атап көрсетеді. Мұндай мүмкіндік экономиканы жаһандық ауытқулардан қорғауға ықпал етеді және азаматтардың елдің қаржы жүйесіне деген сенімін нығайтады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалыптастыру, оның берілуін, қалпына келтірілуі мен шығуын қоса алғанда, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және көші-қон процестерін реттеу үшін маңызды мәнге ие. Саяси баспана мәселесін шешу президенттік қызметтің тағы бір маңызды аспектісі болып табылады. Мұндай шаралар Қазақстанның гуманитарлық ынтымақтастығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттің қауіпсіздігі мен мүдделерін ескере отырып, құқықтың халықаралық қағидаттарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Азаматтарға кешірім жасау мемлекет басшысына заңды қолдануда адамгершілік пен икемділік танытуға мүмкіндік береді. Бұл процесс сотталғандарды әлеуметтік оңалтуға және мемлекеттік жүйенің әділдігіне деген сенімді нығайтып, қоғамдық көңіл-күйді жақсартады.

Мемлекеттік кеңесшіні тағайындау және босату атқарушы билікті үйлестіруде маңызды рөл атқарады. Осы лауазымның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау президентке ағымдағы қажеттіліктерге байланысты стратегиялық басқаруды бейімдейді.

Парламент Сенатына Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кандидатурасын бес жыл мерзімге қызметке сайлау және қызметтен босату үшін ұсынады.

Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын қоса алғанда, жаңа мемлекеттік органдар мен консультативтік-кеңесші құрылымдарды құру президенттің институционалдық жүйені дамытудағы маңыздылығын көрсетеді. Мемлекет басшысының мұндай өкілеттігі Қазақстанды тиімді және икемді басқарудың негізін құрайды.

Тақырып. Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық құқықтық мәртебесі

1 Қазақстан Республикасының Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асырушы ең жоғарғы өкілді орган.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының қос палаталы Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламентінің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы Конституциямен, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен және басқа да заңнамалық актілермен айқындалады.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың сайланатын депутаттарының жартысы әрбір үш жылда қайта сайланады.

Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.

Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.

Алпыс тоғыз депутат – біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер бойынша саяси партиялардан, жиырма тоғызы бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша жасырын дауыс беру кезінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде сайланады.

Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды. Сенат пен Мәжіліс депутаттарын сайлау тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. Кезекті сайланған Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады. Бұл орайда Парламент сайланымының кезектілігі Мәжіліс сайланымының кезектілігімен айқындалады. Парламенттің өкілеттік мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалады.

Мәжіліс тарихы

Мәжіліс тарихы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған жаңа Конституция Парламентті заң шығару қызметін жүзеге асыратын, қос Палатадан: Сенат пен Мәжіліспен тұратын жоғары өкілді орган ретінде айқындады. Жоғарғы Кеңестің орнына қос палаталы кәсіби Парламент келді. Осы Конституцияда «Парламент» деген ұғым алғаш рет ресми түрде бекітілді. Ел Президенті Конституция қабылданғаннан кейін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлыққа қол қойды, оған сәйкес қос палаталы Парламентке депутаттар сайлауы болып өтті.

Палатаны Мәжіліс депутаттары сайлайтын Төраға басқарады. Мәжілістің құрылымына сондай-ақ Төрағаның екі орынбасары және заң жобалау жұмысымен, Палатаның қарауына жататын мәселелерді алдын ала қараумен және дайындаумен айналысатын тұрақты комитеттер кіреді.

Парламенттің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң, «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заң, «Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті», «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті», «Қазақстан

Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппарат туралы ереже» және т.б. кіреді.

Мәжіліске жеті тұрақты комитет кіреді, олардың төрағалары Мәжіліс отырысында ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар арасынан сайланады. Бұл комитеттер заң жобаларын әзірлеумен және Мәжілістің құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала қараумен айналысады:

- Аграрлық мәселелер комитеті;
- Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті;
- Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті;
- Әлеуметтік-мәдени даму комитеті;
- Қаржы және бюджет комитеті;
- Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті;
- Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті.

Сенат тарихы

Қазақстан Республикасының Парламенті Республиканың заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді органы болып табылады.

Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталады және жаңа сайланған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады.

Сенатты әрбір облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында екі адамнан сайланатын депутаттар құрайды. Сенат депутаттарының тең жартысы әр үш жыл сайын қайта сайланады.

1996 жылғы қаңтардан 2007 жылғы тамызға дейін Республика Президенті Сенаттың 7 депутатын тағайындайтын.

2007 жылғы конституциялық реформаға сәйкес 2007 жылғы тамыздан бастап Республика Президенті Сенаттың тағы 8 депутатын тағайындайтын болды. Осылайша, 2007 жылдың тамыздан 2023 жылдың қаңтарына дейін Сенаттың 15 депутаты Республика Президенті тағайындатын.

2022 жылғы конституциялық реформаға сәйкес ел Президенті тағайындайтын Сенат депутаттарының саны 15-тен 10-ға дейін қысқартылды.

2023 жылғы қаңтардан бастап Республика Президенті Сенаттың 10 депутатын тағайындайды, оның 5-і Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі 1998 жылғы қазанға дейін төрт жыл болды, 1998 жылғы қазаннан бастап – алты жыл. Парламент өкілеттігінің мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын әзірлеу процесінде заңнамалық орган құрудың әртүрлі нұсқалары талқыланды. Жобаны әзірлеушілер әртүрлі нұсқаларды ұсынды:

1) Жоғарғы Кеңестің үлгісі бойынша бір палаталы заң шығарушы орган құру. Мұндай ұстаным Қазақстан Республикасының біртұтас мемлекет болып табылатындығымен және бір палаталы орган заң шығару жұмысы процесін жеңілдететіндігімен негізделді;

2) батыс мемлекеттерінің үлгісі бойынша екі палаталы заң шығарушы орган құру.

Бұл ретте әртүрлі нұсқалар ұсынылды.

Қазақстан біртұтас мемлекетінде бір палаталы заң шығарушы орган болуы тиіс деген депутаттардың ұстанымы жеңіске жетті. Жоғарғы Кеңес 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылдаған Қазақстан Республикасының Конституциясы Жоғарғы Кеңесті елдің жалғыз заң шығарушы және жоғары өкілді органы деп таныды. 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының үлгісі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы Жоғарғы Кеңеске кең өкілеттіктер берді, бұл мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу қағидатын жоққа шығарды. Оның үстіне Конституцияда тепе-теңдік жүйесі қарастырылмады.

1993 жылғы Конституция Президенттің құқықтары шектеулі парламенттік республика құруға бағыттады.

1995 жылғы бүкілхалықтық референдумнан кейін 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы бар құжат қабылданды:

- Парламенттің кең өкілеттіктері мен функциялары президентке өтті;

- Жоғарғы Кеңес таратылды;

- Парламент екі палаталы болды (сенат пен мәжіліс);

- Парламент бақылау функцияларын жоғалтқан.

Парламент депутаттары енді мемлекеттік бюджет пен заңдардың орындалуын бақылай алмады;

- Парламенттің заң шығару функциясы үш институт - президент, үкімет және парламент депутаттары арасында бөлінді;

- Конституциялық және төрелік соттар таратылды.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы Парламентті заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде сипаттайды және осы ретте Қазақстан Республикасының Парламенті өкілді демократияның органы болып табылады.

Парламентті жоғары өкілді орган деп тану жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар да бар екенін білдіреді. Алайда Парламент пен мәслихаттар кеңестік мемлекеттегідей өкілді органдардың біртұтас жүйесін құрамайды.

2 Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның Палаталарының құзіреті.

Қазақстан Республикасының Парламенті - бұл жоғары өкілді орган және заңдар қабылдайтын орган. Осы мәртебе Парламентке жергілікті өкілді органдар үшін басты орган болуға мүмкіндік бермейді. Бірақ оның Парламентте биліктің өкілетті органдарының ортақ жүйесінің элементтері жоқ дегенді білдірмейді. Мысалы, Сенатқа мәслихат сессияларында сайланатын депутаттар кіреді. Унитарлы мемлекетте әрбір өңірдің өзінің ерекше сұраныстары мен мүдделері бар, оларды Парламент депутаттары заңдарды жасау кезінде білдіруге тиіс. Ал Парламент Сенаты бүкіл Республиканың мүддесін білдіретінін атап өту қажет.

Конституция тұтастай алғанда Парламенттің өкілеттігін, сондай-ақ Сенат пен Мәжілістің жекелеген өкілеттіктерін айқындайды. Парламенттің өкілеттігін ерекше деп санауға болады, өйткені Парламент Палаталарының бірлескен

отырыстарында қаралған мәселелерді палаталар жеке қарай алмайды.

Сенаттың құрылу тәртібіндегі өзгерістер бірқатар себептерге байланысты болды. Олар ҚР Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында жақсы баяндалған болатын. Конституцияның ескі редакциясында жоғарғы палатаны конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттар құратыны белгіленген болатын. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайтын.

Мұндай конструкция өңірлік ерекшеліктерді тиісті шамада ескеруге мүмкіндік берді және Мемлекет басшысына заң шығару процесіне тікелей ықпал етуге мүмкіндік берді. Өз уақытында ол жеткілікті прогрессивті және тиімді болды. Бірақ суперпрезиденттіктен президенттік республикаға көшудің қазіргі кезеңі Мемлекет басшысының Сенаттағы квотасын бақылау құралы ретінде емес, Парламентте әлсіз өкілдік ететін әлеуметтік топтардың дауыстары мен пікірлерін ескеру тетігі ретінде қарастыруды талап етті.

Осыған байланысты Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы Сенатта президенттік квотаны 15-тен 10 депутатқа дейін қысқартуды белгіледі. Олардың бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады. Өз кезегінде, Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтыны туралы 51-баптың 1-тармағының ескі редакциясының ережелері алынып тасталды. Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы Сенатқа берілді.

Осы өзгерістерді және жаңа облыстардың құрылуын ескере отырып, жоғарғы палата 50 депутаттан (әр өңірден сайланған екі сенатордан және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын 10 сенатордан, олардың бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша) тұратын болды.

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау және қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

- Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату;

- Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;

- Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

- Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;

- Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесін құрумен оған қол сұғылмаушылық кепілдіктерінің маңызы мен мазмұны артады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қол сұғылмаушылықтың мәні оның конституциялық-құқықтық мәртебесінің қажетті элементі ретінде қарастырылады, бұл сонымен бірге азаматтың жеке артықшылығы емес, жария мүдделерді, ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылатын құқық қорғау конституциялық институтының мүдделерін қорғау құралы болып табылады. Осы аспектіде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қол сұғылмаушылықтан айыру мәселелері осы мәселені өз бетінше қарауға және шешуге арналған.

ҚР Парламентінің жоғарғы палатасы ретінде Сенаттың құзыретінде болуға тиіс. Осыған байланысты Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру жөніндегі Сенаттың ерекше өкілеттігі белгіленген.

Бас прокурорды, Жоғарғы Соттың Төрағасы мен судьяларын ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру оларды қызметке тағайындау кезіндегідей тәртіппен жүргізілетіндіктен, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру да осындай рәсім бойынша жүзеге асырылады.

Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады:

- Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау;

- Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;

- Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;

- Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;

- Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

Мәжілістің өз отырыстарында барлық заңдарды, оның ішінде конституциялық заңдарды бұрын қарағанына байланысты. Парламент Палаталарының заң шығару функцияларының өзгеруіне және конституциялық заң жобаларының мазмұнын мәні бойынша тек бірлескен отырыстарда қарауға байланысты барлық жобаларды мәні бойынша қарау жөніндегі құзырет Мәжілістің ерекше жүргізуінен алынып тасталады. Бұл ретте Парламентке

енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау Мәжілістің ерекше қарауында қалады.

Алайда, конституциялық заңдар қарауға қабылданғаннан кейін, оларды Мәжілісте қарау жоспарланбайды, керісінше Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында талқыланады.

Конституцияның 56-бабының 1-тармағының 3-1) тармақшасында Есеп комитетінің құзыретін кеңейту арқылы оның жоғары аудиторлық палатаға айналуы қарастырылған. Бұл өзгеріс оны сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жүзеге асыратын жоғары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы ретінде бекітуді көздейді.

Парламенттік бақылауды күшейту қажеттілігі Конституцияда жоғары аудиторлық Палата Төрағасының жылына екі рет есебін тыңдау бойынша Мәжілістің ерекше қосымша отырысын өткізу тәртібін белгілеу арқылы айқындалды. Мемлекет басшысы: «Елімізде көптеген ауқымды жобалар мен бағдарламалар әзірленуде, бірақ олардың іске асырылуы түрлі себептерге байланысты идеалдан алшақ. Республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылауды күшейту қажет», – деп атап өтті.

Сонымен қатар, жақында қабылданатын осы орган туралы Ережеде жаңа конституциялық норманың дамуы белгіленген. Бұл ретте жоғары аудиторлық Палата Төрағасы:

- Жоғары аудиторлық Палатаның қызметі туралы ақпарат ұсынады;

- өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті әзірлейді;

- Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жыл сайынғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне тоқсан сайын жолдайды.

1996 жылғы 20 мамырда Палаталардың бірлескен отырысында қабылданған Қазақстан Парламентінің Регламенті Палаталардың бірлескен отырыстарын өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейді. Ол сондай-ақ Сенат пен Мәжілістің регламенттерінде реттелмеген мәселелерді қарау

кезінде олардың өзара іс-қимыл жасау тетігін, сондай-ақ Палаталардың бірлескен органдарын құру және олардың жұмысын ұйымдастыру процесін айқындайды.

Парламенттің бірінші сессиясында, Сенат Төрағасы мен Мәжіліс Төрағасы сайланғанға дейін, Сенат пен Мәжіліс отырыстарында тиісінше Республика Президенті және Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы төрағалық етеді. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен бастап, маусымның соңғы жұмыс күні біткенше өткізіледі.

Парламенттің сессиясы Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында ашылып, жабылады. Парламенттің сессиясын, әдетте, Республика Президенті ашады, ал ол болмаған кезде Мәжілістің Төрағасы ашады. Парламенттің сессиясы ашылған және жабылған кезде Қазақстан Республикасының Гимні орындалады.

Парламенттің сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, Палаталар Төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

Парламенттің кезекті сессияларын Мәжіліс Төрағасы шақырады және олар жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен бастап маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі. Парламент сессиясының ашылатын күні, уақыты және орны туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылады.

Қазақстан Парламенті сессиялық тәртіпте жұмыс істейді. Парламент сессиясы Палаталардың, Палаталар Бюросының, Палаталардың тұрақты комитеттері мен бірлескен комиссияларының бірлескен және бөлек отырыстарынан тұрады.

Жаңа сайланған Парламенттің бірінші сессиясын ҚР Президенті сайлау қорытындылары жарияланғаннан және әрбір Палатаның кемінде үштен екісі сайланғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей шақырады. Парламент Мәжілісінің

Регламенті Мәжіліс мәжілістерін өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейді.

Ол сондай-ақ Мәжілістің жұмыс органдарын қалыптастыру, Мәжіліс пен оның жұмыс органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді. Регламент Мәжіліс депутаттары мен лауазымды адамдарының өз өкілеттіктерін орындауының шарттары мен тәртібін айқындайды. Ол сондай-ақ саяси партиялар фракциялары жұмысының ерекшеліктерін сипаттайды.

Парламент Мәжілісінің Регламенті мен оған өзгерістер жалпы отырыстарда депутаттардың көпшілік даусымен қабылданады және қаулымен бекітіледі. Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстары ашық өтеді. Регламентте көрсетілген ерекше жағдайларда Палата жабық отырыстар өткізе алады.

Парламент Мәжілісі депутатының өкілеттігі оны Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады. Парламент Мәжілісінде жұмыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Депутат қазақ және орыс тілдерін білмеген жағдайда оның өзге тілде сөйлеуге құқығы бар. Бұлайша сөйленген сөздің қазақ және орыс тілдеріне аудармасы қамтамасыз етіледі. Депутат өзінің кез келген басқа тілде сөйлегісі келетіні туралы Мәжіліс Төрағасына кем дегенде бір тәулік бұрын хабарлайды. Баяндамалар мен қосымша баяндамалардың мәтіндері Мәжіліс Аппаратына ілеспе аударма үшін алдын ала, бірақ Палатаның бірлескен отырысы басталардан кем дегенде екі сағат бұрын қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысын, Палаталардың депутаттарына алдын ала хабарлай отырып, Мәжіліс Төрағасы шақырады. Бұл ретте Мәжіліс Төрағасы Парламенттің бірлескен отырысын шақыру туралы өкім шығарып, оны Парламент депутаттарына хабарлайды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырыстары сағат 12-ден 12 сағат 30 минутке дейін және сағат 14-тен 16-ға дейін үзіліс жасай отырып, сағат 10-нан 18-ге дейін өткізіледі.

Парламент Палатаның бірлескен отырысын өткізудің өзгеше уақыты туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Төрағалық етуші отырыстарда өз бастамасы бойынша немесе Парламенттің қатысып отырған депутаттары саны көпшілігінің ұсынысы бойынша үзілістер жариялайды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырыстары кезінде Парламент пен оның Палаталары жұмыс органдарының отырыстары өткізілмейді.

Парламент отырысында Мәжіліс Төрағасы:

- Парламенттің сессиялары мен отырыстарын ашады, жабады;

- Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарында төрағалық етеді;

- жарыссөзде сөз сөйлеуге жазылғандар туралы мәліметтерді жария етеді;

- Палаталардың депутаттарына талқыланып отырған мәселе бойынша сөйлеу үшін кезекпен, бірақ әрі кеткенде екі рет сөз береді;

- сөйлеуші Регламентті бұзған жағдайда – оған ескерту жасауға, ал қайталап бұзған ретте сөзден айыруға құқылы;

- депутатқа рәсімдік мәселелер бойынша кезектен тыс, бірақ әрі кеткенде екі рет сөз береді;

- заңдардың, қаулылардың, үндеулердің, декларациялардың, мәлімдемелердің және Парламенттің басқа да актілерінің жобалары, депутаттардың отырыста қаралып отырған мәселелер бойынша түзетулері жөнінде дауыс беруді ұйымдастырады және дауыс беру нәтижелерін жариялайды;

- Палаталардың бірлескен отырысын өткізудің осы Регламентпен белгіленген тәртібін қамтамасыз етеді.

Парламент отырысында мәселелерді талқылау кезінде төрағалық етушінің депутаттардың сөйлеген сөздеріне баға беруге және түсініктеме жасауға құқығы жоқ. Парламент Мәжілісінің Төрағасы отырысты жүргізуді Мәжіліс Төрағасы орынбасарларының біріне беруге құқылы.

Парламент отырысының күн тәртібі мен жұмыс ретін Парламент Мәжілісінің Төрағасы енгізеді және олар Палаталардың бірлескен отырысында әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі. Күн тәртібі мен жұмыс реті жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелер әр ұсыныс бойынша әрбір Палата

депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Республика Президенті қараудың басымдығын айқындаған заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс. Парламент Мәжілісінде көрсетілген заң жобаларын қарау мерзімі күнтізбелік қырық күннен аспауға тиіс.

Президенттің не депутаттың ұсынысы бойынша, егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі жақтап дауыс берсе, Парламент жабық отырыстар өткізуі мүмкін.

Республиканың Президенті, Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банкі Төрағасы, Бас Прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші мен Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы Парламенттің кез келген отырысына қатысуға құқылы және өз сөзін тыңдатуға құқығы бар.

Парламенттің отырыстары стенограммаға түсіріледі. Стенограммаға отырыста төрағалық етуші қол қояды. Стенограмманы депутаттарға, Президент пен Үкімет өкілдеріне олардың өтініші бойынша Палаталардың Аппараттары береді.

Парламент отырысында конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, Республиканың тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне іріткі салуды, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бой ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге, сондай-ақ басқа адамдардың ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін сөздер айтуға жол берілмейді. Бұл талап бұзылған жағдайда төрағалық етуші сөйлеушіні сөзден айырады.

Жарыссөз барысында төрағалық етуші талқыланып отырған мәселе бойынша пікірлердің әралуан болуын анықтауды қамтамасыз етеді. Жарыссөздің тоқтатылуына байланысты сөз сөйлей алмай қалған депутаттар өз сөздерінің қол қойылған мәтіндерін Мәжіліс Аппараты арқылы Парламент Палаталарының бірлескен отырысының стенограммасына қосуға құқылы.

Парламент сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасы бойынша, Палаталар Төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысы бойынша Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады.

Егер мәселелер Палаталардың бірлескен отырысында қаралуға жататын болса, Республика Президенті өз жарлығымен Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын шақырады, соның негізінде отырыс Президент айқындаған мерзім мен тәртіп бойынша өткізіледі.

Парламент Палаталарының кезектен тыс бірлескен отырысын шақыру туралы өзара бастама көтерген кезде Палаталардың Төрағалары Президентке тиісінше жазбаша ұсыныс енгізеді.

Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Президентке тиісінше жазбаша ұсыныс енгізіледі, онда Парламент Палаталарының кезектен тыс бірлескен отырысын өткізу үшін себеп болған мәселе ашып көрсетіледі.

Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырыстарында оларды шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады. Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын, әдетте, Республика Президенті ашады, ал ол болмаған жағдайда Мәжіліс Төрағасы ашады.

Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары мен заңдары, Парламент қаулылары нысанында заңнамалық актілер, сондай-ақ жеке қаулылар қабылдайды.

Парламенттің актілері, егер Республика Конституциясында өзгеше көзделмесе, әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Парламент Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында заңнамалық және өзге де актілерді қабылдаған кезде дауыс беру Палаталар бойынша бөлек өткізіледі. Дауыс беру нәтижелері электрондық таблоға бір мезгілде шығарылуға тиіс.

Егер Республика Конституциясында өзгеше көзделмесе, Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар

әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үш көпшілік даусымен енгізіледі.

Республика Конституциясында көзделген мәселелер бойынша конституциялық заңдар әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен қабылданады.

Парламент Палаталардың бірлескен отырыстарында шешімді дауыс беру арқылы қабылдайды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысында дауыс беру:

- дауыстарды санаудың электрондық жүйесін пайдалану арқылы;

- қол көтеру арқылы;

- бюллетеньдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Дауыс беруді өткізу үшін депутаттардың қажетті саны болмаған жағдайда төрағалық етуші кворумды қамтамасыз етуге шаралар қолданады. Кворумды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда төрағалық етуші дауыс беруді Парламент Палаталарының келесі бірлескен отырысына қалдырады. Өткізілген дауыс беру рәсімі мен техникасында қате жіберілгені анықталған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша қайта дауыс беру өткізіледі.

Барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелерін дауыс беруге қатысқандардың, жақтап, қарсы дауыс бергендердің, қалыс қалғандардың санын және дауыс беру қорытындысын көрсете отырып төрағалық етуші жария етеді. Деректер Парламент Палаталарының бірлескен отырысы стенограммасына енгізіледі және Қазақстан Республикасы Парламентінің ресми сайтында жарияланады.

Парламенттің бұрын қабылданған шешімдерінің күшін жою, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу солар қабылданған кездегідей дауыс беру арқылы жүргізіледі.

3 Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында қаралатын мәселелер

Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар қабылдау - Президенттің Конституцияға өзгерістер немесе толықтырулар жобасын енгізу жөнінде

ұсыныстары түскен кезде Мәжіліс Төрағасы оларды бірінші оқылымында қарау үшін Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақырады. Президент ұсыныстарының Парламентте қаралу тәртібін Республика Президенті белгілейді.

Түпкілікті оқылымда дауыс беру қорытындылары бойынша Парламент әрбір Палата депутаттары жалпы санының төрттен үш көпшілік даусымен Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды. Дауыс бергенде белгіленген дауыстар саны алынбаған жағдайда Президенттің Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстары қабылданбады деп есептеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайда және тәртіпшен Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Парламенті әрбір Палата депутаттарының жалпы санының кемінде бестен төртінң көпшілік даусымен қабылдауы мүмкін.

Конституциялық заңдарды қабылдау - Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында қабылдайды. Парламент соңғы оқылымда дауыс беру қорытындысы бойынша әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен конституциялық заңды қабылдайды не оны қабылдамайды. Қабылданған конституциялық заңды Сенат күнтізбелік он күн ішінде Республика Президентінің қол қоюына ұсынады.

Үкіметтің заң жобаларын дереу қарау - Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобасын Мәжіліс қарауға қабылдайды. Мәжіліс Төрағасы заң жобасы қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақырады. Заң жобасы әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Конституциялық заңның жобасы әрбір Палата

депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

Республика Президентінің конституциялық заңдар бойынша қарсылықтарын Республика Парламентінің қарауы - Республика Президентінің қарсылықтарын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салуды Парламент қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде Палаталардың бірлескен отырысында жүргізеді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттары жалпы санының төрттен үшінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін бекіту тәртібі - Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның есептерін бекіту оларды ретімен әуелі – Мәжілісте, содан кейін Сенатта талқылағаннан кейін Палаталардың бірлескен отырысында жүргізіледі. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіргенін танытады.

Премьер-Министрдің баяндамасын Парламенттің тыңдауы - Премьер-Министр Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкімет қызметінің негізгі бағыттары және оның аса маңызды барлық шешімдері туралы Парламентке баяндап отырады. Премьер-Министрдің баяндамасын тыңдау қорытындысы бойынша Парламент баяндаманы назарға алу туралы қаулы қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне сенімсіздік вотумын білдіру - Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда, Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

Соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешу - Парламент соғыс және бейбітшілік мәселелерін Палаталардың бірлескен отырысында шешеді.

Республиканың Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы мәселелерді шешу - Республиканың демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төніп, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда Республика Президенті Республиканың Премьер-Министрімен және Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми түрде консультациялар алысқаннан кейін, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республика Қарулы Күштерін пайдалануды қоса, аталған мән-жайлар талап ететін шараларды қолданып, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды.

Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Республика Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жаппай мобилизация жариялайды және бұл туралы Парламентке дереу хабарлайды.

Республика Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы Республика Президентінің ұсынысын ол Парламент Палаталарының бірлескен отырысына енгізеді. Бұл мәселені қарау шұғылдығын Президент белгілейді. Шешім Парламенттің әрбір Палатасы депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Конституциялық Соттың жыл сайынғы жолдауларын тыңдау - Конституциялық Соттың Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдаулары Палаталардың бірлескен отырысында тыңдалады және назарға алынады.

Қазақстанда Конституциялық Кеңесті тарату және Конституциялық сотты қайта құру – Қазақстанның қолданыстағы құқығында конституциялық бақылау органының құқықтық актілері өзінің құқықтық табиғатын өзгертуінің салдары бар Конституциялық жаңалық, бұл конституциялық норманы бақылаудың мамандандырылған сот органы ретіндегі конституциялық-құқықтық мәртебесімен, оның конституциялық сот ісін жүргізу шеңберіндегі қызметімен түсіндіріледі.

ҚР Конституциялық Сотының құқықтық актілері басқа сот органдарынан ұйымдастырушылық және рәсімдік окшауланған ретінде Конституциялық сот төрелігінің ерекше сот актілері болып табылады, олардың заңдық күші Конституцияның және конституциялық заңдардың заңдық күшіне іс жүзінде теңестірілген.

Конституциялық Соттың маңызды құқықтық актілерінің бірі ҚР Парламентіне оның Палаталарының бірлескен отырысында жіберілетін жыл сайынғы жолдаулар болып табылады. Конституциялық Соттың Жолдаулары – бұл жоғары заң шығарушы және өкілді билік органына ұсыну үшін әзірленген және өткен жылғы конституциялық сот төрелігі практикасына талдау жасауды көрсететін Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы құқықтық актілер, сондай-ақ Конституциялық Соттың өкілеттіктерін іске асыруға байланысты өзге де ақпарат. Конституциялық Кеңестің Жолдауларынан айырмашылығы Конституциялық соттың мұндай актілері биліктің сот және заң шығарушы тармақтары арасында конституциялық құрылысты, жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында олардың конституциялық заңдылық талаптарын сақтауын бақылау арқылы «тежемелік әрі тепе-теңдік» тетігін қамтамасыз ету институты болып табылады.

Конституциялық Соттың Парламентке жолдаған жолдауларын сот және заң шығарушы (өкілді) билік тармақтарының өзара іс-қимылының нысаны, ең алдымен, заң шығару, заңнаманы конституцияландыру мәселелеріндегі Конституциялық Соттың рөлі деп түсіндірген жөн.

Конституциялық Соттың кең дерекқор базасында уәкілетті жария органдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың өтінішінің нәтижелері бойынша сот практикасын жинақтайтын Жолдауларында конституциялық маңызы бар құқықтық қатынастарды тиімді реттеу, жаңа заңдар әзірлеу жөніндегі ұсыныстар қамтылуға тиіс. Жолдаулар нормативтік қаулылар мен қорытындылармен қатар Конституциялық Соттың қорытынды шешімдеріне де жатқызылған. Конституциялық Сот өзінің Жолдауларымен конституциялық заңдылық мәселелерін жариялап қана қоймай, елдегі конституционализм мен конституциялық мемлекеттің дамуына ықпал етуге тиіс.

4 Республика Парламентіндегі заң шығару процесі

Соңғы отыз жылдан астам уақытта Қазақстандағы заңнамалық қызмет қоғамдық қатынастардағы елеулі өзгерістерден туындаған қарқынды дамумен сипатталды. Елдің заңнамалық жүйесі елеулі эволюциядан өтті және бүгінде қабылданатын заңдардың сапасын арттыру өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Заңнамалық жүйенің эволюциясы Қазақстанның жаңа әлеуметтік, экономикалық және саяси шындықтарға бейімделуге ұмтылысын көрсетеді. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қазіргі заманғы нормалар мен ережелерді енгізу құқықтық мемлекетті нығайтудағы негізгі қадам болып табылады. Заңдардың сапасын арттыру ағымдағы заңнамалық актілерді талдауды, олардың кемшіліктерін анықтауды және оларды жою үшін онтайлы шешімдер іздестіруді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Сондай-ақ азаматтар мен сарапшылар қоғамдастығының пікірін ескеру маңызды, бұл неғұрлым тиімді және әділ заңнамалық нормаларды құруға ықпал етеді.

Заң шығару процесінің басталуы

Заң жобасын дайындау туралы шешім қабылдау заң шығару процесінің басталуын білдіреді. Осындай шешім қабылданған кезден бастап болашақ нормативтік актінің тақырыбы және оның жалпы бағыты белгіленеді.

Нормативтік құқықтық актінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін оны әзірлеу белгілі бір *қағидаттарға* негізделуге тиіс. Құқық теориясында мынадай негізгі *қағидаттар* ерекшеленеді:

- *заңдылық* - барлық іс-әрекеттер мен нормалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуге тиіс;

- *демократизм* - нормативтік актілерді дайындау процесі азаматтардың пікірін ескеріп, олардың процеске қатысуын қамтамасыз етуі тиіс;

- *құқықтар мен бостандықтарды қорғау* - нормативтік актілер азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға тиіс;

- *ғылыми* - нормативтік актілерді дайындау ғылыми деректер мен зерттеу әдістеріне негізделуі тиіс;

- *кәсіпқойлық* - нормативтік актілерді әзірлеуді тиісті саланың кәсіпқойлары жүзеге асыруы тиіс;

- *жүйелілік* - барлық нормативтік актілер өзара келісілуі және заңнаманың жалпы жүйесіне сәйкес келуі тиіс.

Көрсетілген қағидаттардың сақталуына құқықтық актілерді дайындаудың нормативтік белгіленген процесінің барлық кезеңдерінде кепілдік берілуге тиіс. Олар актінің мазмұнын егжей-тегжейлі пысықтауды, сараптамалар мен консультациялар жүргізуді, сондай-ақ тиісті билік органдарының жобаны қарауы мен мақұлдауын қамтиды.

Заң жобасын дайындау процесі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру қағидалары» сияқты нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заң жобалары оның тапсырмасы бойынша немесе Президент тапсырмасы негізінде Президент Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша әзірленеді. Мұндай жобаларды әзірлеушілер

Президент Әкімшілігі, Үкімет, басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ осы тапсырмалар келісілген ұйымдар мен азаматтар бола алады.

Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы шеңберінде дайындалатын заң жобаларын депутаттардың өздері әзірлейді. Парламент депутаттары өздерінің талдамалық және зерттеу мүмкіндіктерін, сондай-ақ сайлаушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарын негізге ала отырып, заң жобаларын дербес дайындайды. Депутаттардың заң шығару қызметіне тікелей қосылуына ықпал етеді және олардың мемлекетті басқаруға қатысу деңгейін арттырады және демократиялық қағидаттарды нығайтады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы жағдайында жобаларды әзірлеуді орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Орталық мемлекеттік органдар Үкіметтің заң шығару бастамасының негізгі күші ретінде мемлекеттік саясатты, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық аспектілерді ескере отырып, заң жобаларын әзірлейді. Бұл процесс заңнаманың мемлекеттік саясаттың басымдықтарымен үйлесімділігін қамтамасыз етеді және заң жобаларын әзірлеуде сараптамалық және ғылыми тәсілдерді ескеруге мүмкіндік береді.

Заңнамалық бастаманың түрлері қоғамдық қатынастарды теңгерімді және кешенді реттеуді қамтамасыз ете отырып, елдің құқықтық жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Заң жобалау қызметін жоспарлау заң шығару процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заң техникасының талаптарына сәйкес жоспарлаудың мынадай түрлері бөлінеді: *қысқа мерзімді, орта мерзімді және перспективалық (бағдарламалық)*. Қазақстанда Үкіметтің заң шығару қызметі Үкіметтің заң шығару жұмысы мен заң жобалау жұмыстарының тұжырымдамалық жоспары шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Үкіметінің заң шығару жұмысы мен заң жобалау жұмыстарының тұжырымдамалық жоспары заң шығару қызметін ұйымдастыру және үйлестіру үшін негіз

болады. Ол заң жобаларының басымдықтарын, ресурстарын бөлуді және оларды әзірлеу мерзімдерін айқындайды, бұл олардың уақтылы және сапалы дайындалуына ықпал етеді.

Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Парламенттің ағымдағы шақырылымы кезеңіне қабылданады және оның шеңберінде Парламент пен оның палаталарының қаулыларын қоспағанда, Парламент сессияларында қарау үшін заң жобаларын дайындау жоспарланып отырған заңнаманың әртүрлі салаларын қамтиды.

Заң шығару бастамаларын табысты іске асыру үшін заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын Үкімет бекітеді. Жаңа заңнамалық актілерді дайындау процесінде шешілуі тиіс басым бағыттар мен міндеттер көрсетіледі. Заң жобалау жұмыстарының бір жылға арналған ағымдағы жоспарларын бекіту нормативтік актілерді әзірлеу және енгізу жөніндегі дәйекті және жүйелі қызметке ықпал етеді.

Заң шығару қызметін келесі жылға жоспарлау Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары мен жыл сайынғы Жолдауларына негізделеді. Сондай-ақ Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен Тұжырымдамалық жоспарының жыл сайынғы жолдаулары, сондай-ақ Үкімет бекітетін мемлекеттік бағдарламалар мен оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары ескеріледі. Үкіметтің шешімдері, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингінің нәтижелері, Бюджет кодексінде көзделген заңдар және Премьер-Министрдің шешімдері маңызды рөл атқарады.

Заң шығару жұмысының жоспарын қалыптастыру - жан-жақты талдау мен үйлестіруді қамтитын көп сатылы процесс. Негізгі мемлекеттік басымдықтар, стратегиялық мақсаттар және қоғамның ағымдағы қажеттіліктері ескеріледі.

Заңнамалық актіні дайындау процесі мынадай сатылардан тұрады:

1. Заң тұжырымдамасын дайындау;
2. Заң жобасының мәтінін әзірлеу;
3. Заң жобасын сараптамадан өткізу.

Заң тұжырымдамасын дайындау

Заң жобасын әзірлеу алдында уәкілетті орган оның тұжырымдамасын жасайды. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң жобасының тұжырымдамасы - заңды әзірлеу қажеттілігінің негіздемесін, оны қабылдау мақсаттарын және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да ережелерді қамтитын құжат (Заңның 1-бабының 6) тармақшасы).

Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу заң шығару процесіндегі маңызды кезең болып табылады. Тұжырымдама заң жобасының мақсаттары мен міндеттерін нақты айқындауға, сондай-ақ оны әзірлеу қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді. Тұжырымдамада неге жаңа заң қажет және ол қандай мәселелерді шешетінін түсіндіретін нақты дәлелдер болуы тиіс.

Бұл процесс Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы бойынша заң жобаларын әзірлеу жағдайларына қолданылмайды. Осы ерекшелік Президентке алдын ала тұжырымдамасыз заңдарды әзірлеуге бастамашылық жасауға мүмкіндік береді, ол шұғыл және басым жағдайларда заң шығару процесін жеделдетеді.

Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеуге жауапты уәкілетті орган мынадай түйінді міндеттерді орындайды:

1) қолданыстағы заңнаманы талдау - тиісті саладағы ағымдағы заңнамаға егжей-тегжейлі талдау жүргізу. Құқықтық жеткіліксіз реттеудің себептерін айқындау және қолданыстағы құқықтық тетіктердің тиімділігін бағалау (егер олар бар болса). Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелерін есепке алу. Ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін актілердің көптігі жағдайларын анықтау.

2) ақпаратты зерделеу және талдау - экономикалық, әлеуметтік, статистикалық және басқа да қажетті ақпаратты жинау, қорыту және талдау. Заң қабылдаудың әлеуметтік, қаржы-экономикалық, экологиялық, құқықтық және өзге де салдарларын болжау үшін зерттеулер жүргізу. Заңның қабылдануына байланысты қоғамдық қатынастарды дамытудағы ықтимал әлеуметтік тәуекелдер мен үрдістерді талдау.

Әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және құқықтық салдарларды зерттеу әлеуетті проблемаларды болжауға және олардың алдын алуға көмектеседі. Қолданыстағы құқықтық тетіктердің тиімділігін талдау неғұрлым пәрменді және тиімді заңнамалық актілерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

3) егер заң жобасын іске асыру республикалық немесе жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістерінің қысқаруына немесе шығыстарының ұлғаюына алып келетін болса, қажетті қаржылық-экономикалық есептеулер жүргізу. Есептеулерді жүргізу жаңа заңның әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге және Ұлттық қорға әсерін болжауға мүмкіндік береді, бұл негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

4) үздік тәжірибелерді алу және оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу үшін халықаралық тәжірибені зерттеу және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу. Шетелдік тәжірибелерді зерделеу және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу тексерілген және тиімді шешімдерді енгізу жолымен заңнаманың сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Заң жобасының тұжырымдамасы ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында, сондай-ақ Әділет министрлігіне жіберу алдында әзірлеуші органның интернет-ресурсында жария талқылау үшін міндетті түрде орналастырылуға тиіс. Заң жобасының тұжырымдамасын жария талқылау және бағалау процесі заң шығару процесінің ашықтығы мен ашықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ол азаматтар мен мүдделі тараптардың пікірін ескеруге мүмкіндік береді, бұл неғұрлым сапалы және тиімді заңнаманы құруға көмектеседі. Пікірлер мен ұсыныстарды жинау және талдау ықтимал кемшіліктерді анықтауға және заң жобасының тұжырымдамасын жақсартуға септігін тигізеді.

Дайындалған тұжырымдама алдын ала қорытынды алу үшін Ведомствоаралық заң жобалау комиссиясының мүшелеріне және басқа да мемлекеттік органдарға жіберу үшін Әділет министрлігіне жіберіледі. Әртүрлі мемлекеттік органдардың және Ведомствоаралық заң жобалау

комиссиясының тұжырымдаманы қарауы келісімділікті және заңнамалық басымдықтарға сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заң жобасы енгізілген сәттен бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оның тұжырымдамасы бойынша алдын ала қорытынды дайындайды.

Заң жобасын әзірлеу процесі

Заң жобасын әзірлеуге жауапты уәкілетті орган заң жобасын дайындау үшін жұмыс тобын қалыптастырады. Жұмыс тобының құрамына заң жобасын дайындауға жауапты уәкілетті органның заң бөлімшесінің қызметкерлері міндетті түрде енгізіледі. Жұмыс тобының құрамына ғылыми-зерттеу институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың, құқық салаларының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын және олармен келісім бойынша ғылымның тиісті салаларының ғалымдары қосылады. Ғылым, құқық, қоғамдық бірлестіктер сияқты әртүрлі қызмет салаларының өкілдерін қосу әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды ескеруге мүмкіндік береді.

Заң жобаларын әзірлеуге жауапты уәкілетті органдар басшылардың шешімі бойынша осы жобалардың негізгі ережелерін түсіндіру және талқылау үшін оларды Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізер алдында көпшілік тыңдаулар өткізе алады.

Көпшілік тыңдаулар азаматтар мен сарапшылардың пікірін ескеруге мүмкіндік беретін демократиялық заң шығару процесінің маңызды элементі болып табылады. Тыңдаулар заң жобаларының сапасын жақсартуға және олардың қоғамның өзекті қажеттіліктеріне сәйкестігіне ықпал етеді.

Заң жобаларының ғылыми сараптамасы

Заң жобаларының ғылыми сараптамасы заң шығару процесінің негізгі кезеңі болып табылады. Ол ғылыми зерттеулер нәтижелерін пайдалануды және қоғамдық қатынастарды реттеудің орындылығы мен қажеттілігін пысықтауды білдіретін ғылыми қағидаттың сақталуын қамтамасыз етеді. Ғылыми қызметкерлердің заң жобаларын дайындауға қатысуы міндетті болып табылады. Ғылыми

сараптама әзірленетін заң жобаларының жоғары сапасын қамтамасыз етеді және олардың қоғам қажеттіліктеріне сәйкес келуіне көмектеседі.

Ғылыми сараптама заң шығару процесінің маңызды кезеңі болып табылады, ол сапалы және тиімді нормативтік құқықтық актілерді жасауға ықпал етеді. Бұл жағымсыз салдарларды болдырмауға, құқықтық базаны жақсартуға және заңнаманың қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобаларына ғылыми сараптама мынадай мақсаттарға қол жеткізу үшін жүргізіледі:

1) сапа мен заңдылықты бағалау - заң жобасының сапасын, негізділігін және уақтылығын талдау. Жоба ережелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына, сондай-ақ онда бекітілген адам және азамат құқықтарына сәйкестігі тексеріледі.

2) тиімділікті анықтау - нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін бағалау. Оның қоғамдық қатынастарға ықпалын болжанады және қойылған мақсаттарға қол жеткізіледі. Жобаны нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдаудың ықтимал теріс салдарлары талданады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша актімен реттелетін құқықтық қатынастарға қарай әртүрлі ғылыми сараптама жүргізілуі мүмкін. Бұл мыналарды қамтуы мүмкін: *құқықтық сараптама* (заң жобасының қолданыстағы заңнамаға және құқықтық тәртіп қағидаттарына сәйкестігін бағалау), *лингвистикалық сараптама* (заң жобасында пайдаланылатын тіл мен терминологияны олардың дәлдігі мен айкындығы тұрғысынан талдау), *экологиялық сараптама* (заң жобасының қоршаған ортаға және экологиялық қауіпсіздікке әсерін бағалау), *экономикалық сараптама* (заң жобасын қабылдаудың қаржылық-экономикалық салдарын талдау).

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптаманы тиісті бейіндегі ғылыми мекемелер немесе жоғары оқу орындары жүзеге асырады. Сарапшылар қаралып отырған жобаның мазмұнына байланысты ғалымдар мен мамандар қатарынан тартылады.

Заң жобаларын ғылыми сараптамаға жіберуді әзірлеуші орган немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң жобаларына бастамашылық жасаған кезде жүзеге асырады.

Конституцияның 61-бабының 1-тармағына сәйкес, заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» заңға сәйкес, заң шығару бастамашылығы құқығы субъектінің Парламент қарауға міндетті заң жобасын немесе Парламенттің өзге заң актісін ресми түрде енгізуін білдіреді. Президент заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімді арнайы жолдаумен ресімдейді.

Депутаттар заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімін тиісті ұсыныс арқылы ресімдейді. Ал Республика Үкіметі заң құжатының жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімді тиісті қаулы шығару арқылы қабылдайды (15-бап).

Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, ол тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.

61-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде, қажет болған жағдайда, Парламент біріккен отырыстарда халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға және елдің экономикалық қауіпсіздігіне төнетін қатерлерге жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобаларын дереу қарауға міндетті екені көрсетілген.

Мұндай тәжірибе көптеген дамыған және демократиялық елдерде қалыптасқан, онда белгілі бір жағдайларда парламент заңдарды дереу қарастырып, қабылдауға міндетті. Мысалы, Италияда парламенттік процедуралардың ұзақтығы мен формалды сипатына байланысты, шұғыл шешімдер қабылдау қажеттілігінен туындаған «шұғыл заңнамалық араласу қажеттілігі» ұстанымы қолданылады.

Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүлдік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға жауапкершілікпен құқылы. Осы актілер Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады.

Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, онда ол алпыс

күн ішінде қаралуы тиіс. Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға құқылы. Егер заң жобасы қабылданбаса, ол бастамашыға қайтарылады және қабылданбаған деп есептеледі.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы. Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі. Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді. Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының белгіленген көпшілік дауысын жинамаса, ол қабылданбаған деп есептеліп, бастамашыға қайтарылады. Конституцияның 61-бабының 4 және 5-тармақтары заң жобасын қарау мен оны қабылдаудың жаңа процедурасын белгілейді. «Парламент және оның

депутаттарының мәртебесі туралы» заңына және ҚР Парламенті, Мәжілісі мен Сенатының Регламенттеріне өзгертулер енгізілді.

Жаңа конституциялық нормаларға сүйенсек, заң жобасын қарау нәтижелері бойынша Мәжіліс келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) қабылдансын
- 2) комитетке қайта өңдеуге қайтарылсын;
- 3) келесу оқылымдар жүргізілсін;
- 4) қабылданбасын.

61-баптың 4-тармағының жаңа редакциясы бұрынғы нұскасынан ерекшеленеді: жаңа редакцияда заң Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданатыны белгіленген, ал бұрынғы редакцияда заң жобасы Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қаралып, мақұлданады деп көрсетілген. Осылайша, заңды қабылдау Мәжілістің тікелей өкілеттігіне жатады. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен заң жобасынан толықтай бас тартуға да құқылы. Егер заң жобасынан бас тартса, ол қабылданбаған деп есептеліп, бастамашыға қайтарылады.

Мәжілісте қаралған және қабылданған заң жобасы Палатаның шешімімен бірге қабылданған күннен бастап он күн ішінде Мәжіліс Аппаратының бас комитеті мен тиісті бөлім басшылары тарапынан алдын ала расталып, Палата аппараты арқылы Парламент Сенатына мақұлдау процедурасы үшін енгізіледі. Сенат заң жобасын алпыс күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады. Егер Сенат жалпы заңды немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясын ұсынуға құқылы.

61-баптың 4-тармағы мынадай нұсқаны да қарастырады: егер Сенат алпыс күн ішінде тиісті шешім қабылдаса, яғни заңды мақұлдау да, мақұлдамау да болмаса, онда заң Президентке қол қоюға ұсынылады. Ал 61-баптың 5-

тармағында Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен заңның кейбір баптарының Сенат ұсынған редакциясымен келісуі жағдайында, заң Мәжіліс қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып саналатын процедура айқындалады. Осы жағдайда заң он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады.

ҚР Конституциясының 61-бабының 5-тармағына сәйкес, Парламент Сенаты заңды мақұлдамау процесінде немесе Мәжіліс көпшілік дауыс беру арқылы заңның кейбір баптарының Сенат ұсынған редакциясына қарсы болған жағдайда туындауы мүмкін қарама-қайшылықтарды реттеуге арналған келісу механизмдері қарастырылған. Осындай жағдайда Палаталар арасындағы келіспеушіліктер арнайы келісім процедуралары арқылы шешіледі.

Келісім комиссиясы заңның тиісті редакциясын әзірлегеннен кейін, Парламент палаталары оны Конституцияның 61-бабының 4-тармағында көрсетілген тәртіппен қарайды. Мәжілістің заңды жаңа редакцияда қайта қабылдап, мақұлдау үшін Сенатқа жіберуі қажет екенін білдіреді.

61-баптың 5-тармағы Мәжіліс Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен келісім комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды қабылдамаған жағдайда қолданылатын баламалы нұсқаны қарастырады. Бұл жағдайда Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайта дауыс беруді жүзеге асырады. Аталған механизм Сенаттың заңды бастапқы редакцияда мақұлдамауын еңсеруге бағытталған. Егер қайта дауыс беру кезінде Мәжіліс Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік үштен екі бөлігінің дауысымен бұрын қабылданған шешімді растаса, заң он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады.

61-баптың 5-тармағының конституциялық нормасы Мәжіліс депутаттарының белгіленген көпшілік дауысын жинай алмаған жағдайды да реттейді. Бұл жағдайда заң қабылданбаған деп есептеліп, бастамашыға қайтарылады.

Парламент палаталарының жеке отырыстарында қабылдау процедурасын регламенттеген 61-баптың 5-1-тармағы Конституцияның жаңа редакциясынан алып

тасталды, себебі Конституцияның 53-бабы 1-1), 1-2) тармақтарына сәйкес конституциялық заңдар Парламент палаталарының біріккен отырысында қабылданады.

2022 жылғы 08 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының 2-бабында Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдарды қабылдау тәртібін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізіледі. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

Тақырып. Қазақстан Республикасы Үкіметінің конституциялық құқықтық жағдайы

1 Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттігі.

Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызмет атқаруын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады. Қазақстан Республикасының Үкіметінің құрылымын министрліктер құрайды.

Үкімет құрамына Үкімет мүшелері — Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер, өзге де лауазымды тұлғалар кіреді.

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

- әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мақұлдайды;

- Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

- Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

- Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды;

- Қазақстан Республикасының Президентімен келісілген түрде мемлекеттік жоспарлау жүйесін анықтайды;

- Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну ережесін айқындайды;

- Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жасақтау және пайдалану кезінде заңдылықтың сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік баға белгілеу саясатын тұжырымдайды; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасын белгілейді;

- мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды тұжырымдайды және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;

- еңбекке ақы төлеу, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесін және шарттарын қалыптастырады;

- Республика Президентімен келісу бойынша мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді;

- мемлекеттік өңірлік саясаттың негізгі бағыттарын тұжырымдайды; өңіраралық проблемалар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

- ғылым мен техниканы дамыту, жаңа технологияларды енгізу, мәдениетті, білім беруді, денсаулық сақтауды, туризм мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

- табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

- құқықтық саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін, Республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Республиканың аумақтық тұтастығын және мемлекеттік шекараларының күзетілуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

- келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты іске асыру жөніндегі шараларды тұжырымдайды; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

- өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Республика Премьер-Министрі

- Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасында функционалдық міндеттерді бөледі;

- Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады;

- халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және үкіметаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды;

- Республика Президентіне Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Үкімет мүшесін, оның ішінде Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесін қызметтен босату туралы ұсынулар енгізеді;

- Республика Президентімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі;

- Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады;

- Үкімет мүшелерінің және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды;

- Үкімет жанындағы консультациялық-кеңесші органдарды құрады және таратады;

- Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық,

сараптамалық-талдамалық, кадрлық, ақпараттық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жүзеге асырады.

Үкімет құруды Қазақстан Конституциясының ережелеріне сәйкес Республика Президенті жүзеге асырады. Республика Премьер-Министрі өзі тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы жөнінде Республика Президентіне ұсыныстар беруге тиіс. Үкімет құрылымының негізі министрліктер болып табылады.

Үкіметтің құрамына Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер, сондай-ақ Республиканың басқа да мемлекеттік лауазымды адамдары кіреді.

Республика Үкіметі Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімі ішінде жұмыс істейді және жаңадан сайланған Мәжіліс құрамы алдында өз өкілеттігін тоқтатады. Үкіметтің өкілеттігін доғару оның барлық мүшелерінің өкілеттігін тоқтатуды да білдіреді.

Республика Үкіметі Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін орындауды жалғастырады. Үкімет өз өкілеттігін отставкаға кеткен жағдайда да немесе «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңның 5 және 6-баптарында көзделген өкілеттіктері тоқтатылған өзге де жағдайларда да тоқтатады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді атқарып отырған лауазымынан босату үшін мыналар негіз болып табылады:

- Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау;

- оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

- оны әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

- қайтыс болу;

- заңды күшіне енген сот шешімімен оны хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау;

- Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;

- басқа лауазымға тағайындалу, сайлану немесе басқа жұмысқа ауысу;

- Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету;

- өз тілегі бойынша лауазымнан босату туралы өтініш беру;

- Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің аяқталуы.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) саяси қызметпен айналысуға;

2) өкілді органның депутаты болуға;

3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға;

4) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

5) коммерциялық ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатысуға;

6) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға;

7) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

8) азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарда пайдалануға;

9) мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге, оның ішінде ереуілдерге қатысуға құқылы емес.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде өзінің саяси партиядағы, кәсіптік одақтағы мүшелігін тоқтатады. Егер Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымға сайланған кезде саяси партияда, кәсіптік одақта тұрған жағдайда, ол тағайындалған күннен бастап он күн ішінде өзінің оларға мүшелігін тоқтатуға тиіс.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасындағы құзыреті азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған міндеттердің кең ауқымын қамтиды. Маңызды функциялардың бірі Президентке, Парламентке және Үкіметке жаңа заң жобаларын әзірлеу және қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар беру. Уәкіл адам құқықтарын қорғау

тетіктерін жақсартып және құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, елдің құқықтық базасын қалыптастыруға белсенді қатысады.

Уәкіл жыл сайынғы және арнайы баяндамаларды дайындауды қамтамасыз етеді, онда оның қызметі талданады және ағымдағы құқық қорғау мәселелері бағаланады. Мұндай баяндамалар институт жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғауды жақсарту бойынша стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз болады. Баяндамаларды жариялау қоғамның осы саладағы жетістіктер мен проблемалар туралы хабардар болуына ықпал етеді.

Уәкіл өз қызметі шеңберінде Парламенттің, Үкіметтің және басқа да мемлекеттік органдардың отырыстарына шақыру бойынша қатысады. Заңнамалық бастамалар мен мемлекеттік шешімдерді талқылау кезінде құқық қорғау аспектілерін ескереді. Уәкілдің мәслихаттардың жалпы отырыстарына, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың сессиялары мен жиналыстарына қатысуы мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде құқық қорғау мәселелерінің маңыздылығын көрсетеді.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқаруға азаматтардың бұзылған құқықтарының алдын алу және қалпына келтіру жөнінде қосымша ұсынымдар береді. Мұндай ұсынымдар құқықтық жанжалдарды болдырмаудың тиімді шаралары мен тетіктерін әзірлеу үшін негіз қалыптастырады. Қолайлы құқықтық орта құруға және азаматтардың мемлекеттік институттарға сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Конституциялық заңда белгіленген міндеттерді іске асыруға бағытталған бастамаларды ұсына отырып, Президентпен, Парламентпен және басқа да билік органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Оның қызметі елдің құқық қорғау жүйесін жетілдіруде және тұрақтылықты қолдауда маңызды рөл атқарады. Құзыретінің арқасында Уәкіл Қазақстанда құқықтық тәртіпті нығайтуға және әлеуметтік және құқықтық теңдікті дамытуға көмектеседі.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл азаптаулардың және қадір-қасиетті қорлайтын өзге де іс-әрекеттер түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігі шеңберінде түйінді үйлестіру рөлін атқарады. Оның қызметі құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін құру үшін әртүрлі субъектілермен өзара іс-қимылды қамтиды. Азаматтардың мемлекеттік құқық қорғау жүйесіне сенімін нығайтуға ықпал етеді және бас бостандығынан айыру орындарында және басқа да жабық мекемелерде ұстау жағдайларын жақсартуға көмектеседі.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына байланысты шағымдарды қарайды. Ол өтініштерді талдайды, мемлекеттік органдарды ынтымақтастыққа тартады және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсынымдар әзірлейді. Әділдікті қалпына келтіруге және болашақта осындай жағдайларды болдырмау үшін тетіктер құруға ықпал етеді. Көмек сұраған азаматтар өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік алады.

Халықаралық ұйымдармен, басқа мемлекеттердің ұлттық институттарымен ынтымақтастық жасайды. Тәжірибе алмасудың және меморандумдар сияқты келісімдер жасасудың арқасында Қазақстан өзінің құқық қорғау базасын нығайтып, ішкі қорғау тетіктерінің тиімділігін жақсартуда. Озық практикаларды енгізу және елде адам құқықтарын сақтаудың неғұрлым жоғары деңгейін белгілеуге септігін тигізеді. Бағдарламаларды әзірлеуге жәрдемдесе отырып, білім беру және ғылыми қызметке қатысады.

2 бөлім. СҰРАҚ - ЖАУАП

Тақырып «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні»

Конституциялық құқыққа қандай түсінік береміз?

Конституция - бұл ұлттық құқықтағы ең маңызды және маңызды құқықтық акт, мемлекеттің, құқықтың және азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуын алдын-ала анықтайтын құқықтық жүйенің негізі.

Конституциялық құқық – бұл Қазақстан Республикасының құрылысын, яғни конституциялық құрылыс негіздерін, азамат, оның органдары мен институттарын бекітуші конституциялық нормаларды және осы нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастарды зерттеуші заң ғылымы.

Конституциялық құқық ғылымы – бұл халық билігінің жүзеге асырылуының, мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздерінің азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің белгіленуі анықтамасының заңдылықтары мен көзқарастардың мемлекеттік-құқықтық жүйесі.

Конституциялық құқық жеке мүдделерді (жеке құқықты) қорғауға бағытталған құқық салаларынан айырмашылығы, жалпы (жария) немесе жалпымемлекеттік мүдделерді қамтамасыз етуге байланысты қатынастарды реттейтін құқық салаларының жиынтығы болып табылатын жария құқықты білдіреді.

Конституциялық құқық пәні нені зерттейді?

Конституциялық құқықтың пәні қоғамдық қатынастардың екі негізгі саласы болып табылады:

- 1) адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау (адам мен мемлекет арасындағы қатынастар);
- 2) мемлекет пен мемлекеттік биліктің құрылымы (билік қатынастары).

Осылайша, конституциялық құқықтың пәні өмірдің әр саласында негізгі қатынастар болып табылады.

Конституциялық құқық ғылымында қандай әдістер қолданылады?

1. Диалектикалық яғни анықтаушы әдіс – бұл әдіс ғылымда болып жатқан құбылыстарды даму барысында зерттейді.

2. Салыстырмалы әдіс – ғылымдағы құбылыстарды салыстыру арқылы зерттейді.

3. Жүйелік әдіс – жүйедегі зерттеу. Өкілетті билік ішіндегі бөлек элемент – сайлау құқығы.

4. Тарихи әдіс – құқықтың даму тарихын зерттейді. Мысалы, Қазақстанның атам заманғы, қазақ халқы аталғаннан бергі ережелерін, онан берідегі Тәуке ханның бастауымен шығарған «Жеті жарғысын» яғни әдет-ғұрып құқығын, сонан соңғы 1926, 1936, 1978 жылдары қабылданған Конституцияларын зерттеу.

5. Статистикалық әдіс – жергілікті өкілді және атқару органдарының қызметін зерттеу.

6. Социологиялық зерттеу әдісі және социологиялық эксперимент – қоғамдық пікірді сұрау және есепке алу.

Тақырып «Конституциялық Сот»

Конституциялық Соттың құрамы қалай құрылады?

Конституциялық Сот Төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады.

Конституциялық Соттың Төрағасын лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

Конституциялық Соттың төрт судьясын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары төрағаларының

ұсынуымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

Конституциялық Сот судьясына кандидаттарына қандай талаптар қойылады?

Конституциялық Соттың құрамына қырық жасқа толған, жоғары заң білімі, құқық саласында жоғары біліктілігі, мінсіз беделі және заң кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Конституциялық Сот судьяларының қандай мерзімге тағайындалады?

Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларының өкілеттігі сегіз жылға созылады. Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды.

Өз өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьялары Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен ауыстырылады.

Конституциялық Сот судьяларының өкілеттігі қандай уақытта тоқтатылады?

Конституциялық Сот судьясының өкілеттігі:

1) лауазымнан өз еркі бойынша босату туралы өтініштің берілуі;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату немесе тұруға ықтиярхат не шет мемлекеттің аумағында тұрақты тұру құқығын растайтын өзге де құжатты алу;

3) оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

4) соттың заңды күшіне енген шешімімен оның әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

5) соттың заңды күшіне енген шешімімен оның хабарсыз кетті деп танылуы;

6) оның қайтыс болуы немесе соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жариялануы;

7) Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген талаптар бұзыла отырып тағайындалуы;

8) Конституциялық Сот судьяларына белгіленген Қазақстан Республикасының Конституциясы мен осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуы;

9) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің аяқталуы;

10) судьяның Конституциялық Соттың отырыстарына дәлелді себептерсіз қатарынан кемінде үш рет қатыспауы салдарынан тоқтатылады.

Конституциялық Сот судьяларының өкілеттігін тоқтатуды тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі осы баптың 1-тармағының 1), 2), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын лауазымынан босату оның Конституциялық Соттың судьясы ретіндегі өкілеттігін тоқтатуға алып келмейді.

Конституциялық Сот судьяларының кімге бағынады?

Конституциялық Соттың судьялары өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға ғана бағынады. Олардың қызметіне қандай да болсын араласуға, сондай-ақ оларға қандай да бір нысанда қысым жасауға немесе өзге де ықпал етуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді.

Конституциялық Соттың судьялары конституциялық іс жүргізу мәселелері бойынша есеп бермейді. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкім құқылы емес.

Конституциялық Соттың судьяларына, Конституциялық Соттың отырысынан басқа кезде, Конституциялық Соттың қарауының нысанасы болып табылатын мәселелер бойынша

пікір білдіруге немесе материалдар мазмұнын жария етуге тыйым салынады.

Конституциялық Соттың судьялары өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмайды. Конституциялық Сот судьяларының өкілеттігі осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда ғана тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

Конституциялық Соттың судьясы, егер Конституциялық Соттың қарауындағы мәселеге Конституциялық Сот судьясы жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп есептеуге негіз беретін мән-жайлар болған жағдайда бас тартатынын мәлімдеуге міндетті, мұны Конституциялық Сот қанағаттандыруы тиіс.

Конституциялық Соттың судьясы, сотта немесе өзге де мемлекеттік органдарда заңды өкілдіктен басқа, қорғауды немесе өкілдікті жүзеге асыруға құқылы емес.

Конституциялық Сот судьялары қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылады ма?

Қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, Конституциялық Соттың судьяларын өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себебі сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін Конституциялық Соттың судьясына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісуімен ғана жалғастырылуы мүмкін, ол Қазақстан Республикасының Парламентіне Конституциялық Сот судьясын қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы ұсыну енгізеді. Конституциялық Соттың судьясы қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі

тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ оған бір тәулік ішінде міндетті түрде хабарлай отырып жалғасуы мүмкін. Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.

Конституциялық Соттың судьялары тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды.

Конституциялық Сот судьясын, егер осы Конституциялық заңға сәйкес оның өкілеттігі тоқтатыла тұрмаса, Конституциялық Соттың отырысына қатысудан шеттетуге ешкім құқылы емес.

Конституциялық Соттың судьясын, оның ішінде оның өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін, істі Конституциялық Сотта қарау кезінде өзі білдірген позициясы үшін жауаптылыққа тартуға болмайды.

Конституциялық Соттың қандай құзыреттері бар?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Конституциялық Сот дау туған жағдайда:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауын;
- 3) республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2), 2-1) және 3) тармақшаларына сәйкес Конституциялық Сот:

1) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдардың;

2) Қазақстан Республикасының Парламенті және оның Палаталары қабылдаған қаулылардың;

3) ратификацияланғанға дейін Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес Конституциялық Сот:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына ресми түсіндірме;

2) тиісінше, Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан Республикасының Президентін лауазымынан мерзімінен бұрын босату туралы шешім, Қазақстан Республикасының Президентін лауазымынан кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін – белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді.

Конституциялық Сот:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 6) тармақшасына сәйкес конституциялық іс жүргізу практикасын жинақтап қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Қазақстан Республикасының Парламентіне Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жібереді;

2) Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Қазақстан Республикасы Президентінің жолданымдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабында көзделген жағдайларда соттардың жолданымдарын қарайды;

3) Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағына сәйкес азаматтардың жолданымдары бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды;

4) Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жолданымдарын қарайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жолданымдарын қарайды.

Конституциялық Сот тек қана құқық мәселелерін шешеді және жүгінуге себеп болған нақты мән-жайларға баға бермейді.

Конституциялық Сот адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына қандай жолданымдар жолдайды?

Конституциялық Сот азаматтардың жолданымдары бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды.

Егер:

1) сот дау айтылып отырған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні қолданса не ол азамат қатысатын нақты істе құқықтар мен бостандықтарды тікелей қозғаса және іс бойынша заңды күшіне енген сот актісі шығарылса;

2) жолданым осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген сот актісі қабылданғаннан кейін бір жылдан кешіктірілмейтін мерзімде берілсе, азаматтың жүгінуіне жол беріледі.

Конституциялық Сот, егер дау айтылып отырған нормативтік құқықтық актіге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында берілген ресми түсіндірме нормативтік құқықтық актіні өзгеше қолдану болжанбайтынын және бұл құралдар азаматтың құқықтарының бұзылуының алдын ала алмайтынын куәландырса, азаматтың жолданымын сот актісіне апелляциялық шағым жасамай өзінің іс жүргізуіне қабылдауға құқылы.

Егер азаматтың сотқа алдын ала жүгінуі заңның тиісті ережелерінің императивтілігіне байланысты нақты жағдайда оның Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын

заңды өзгеше қолдануға алып келмесе, азаматтың жүгінуіне жол беріледі.

Конституциялық Сотты жолданымдарды қанша уақытта қарайды?

Конституциялық Сот жолданым конституциялық іс жүргізуге қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жолданымды қарайды және ол бойынша қорытынды шешім шығарады. Бұл ретте азаматтардың жолданымдары бойынша қорытынды шешім жолданым конституциялық іс жүргізуге қабылданған күннен бастап үш ай ішінде шығарылады. Жолданымның күрделілігін және барлық мән-жайларды неғұрлым толық зерттеу қажеттілігін ескере отырып, көрсетілген мерзімдерді Конституциялық Сот ақылға қонымды мерзімге ұзартуы мүмкін, бұл жөнінде мүдделі тұлғалар хабардар етіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің жазбаша немесе электрондық нысанда жазған талабымен ол жіберген жолданым бойынша қорытынды шешім қабылдау үшін мерзім, егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, күнтізбелік он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Конституциялық Сот өзара байланысты жолданымдарды бір конституциялық іс жүргізуге біріктірген жағдайда қорытынды шешім шығару үшін осы Конституциялық заңда көзделген мерзім соңғы жолданым келіп түскен күннен бастап есептеледі.

Конституциялық Сот қандай шешімдер шығарады?

Конституциялық Соттың шешімдері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының құрамдас бөлігі болып табылатын нормативтік қаулылар;

2) жолдаулар;

3) қорытындылар;

4) қаулылар нысанында қабылданады.

Нормативтік қаулылар, қорытындылар мен жолдаулар Конституциялық Соттың қорытынды шешімдеріне жатады.

Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары Қазақстан Республикасының атынан шығарылады.

Қандай тәртіпте Конституциялық Соттың шешімдер қабылдайды?

Конституциялық Сот шешімдерді алқалы түрде қабылдайды.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңның 25-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Конституциялық Сот шешімді ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы судьялардың көпшілік даусымен қабылдайды.

Егер шешім қабылдау кезінде Конституциялық Сот судьяларының дауыстары тең бөлінген болса, барлық жағдайларда өзінің дауысын ең соңынан беретін Конституциялық Сот Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конституциялық Соттың Төрағасын оның уәкілдік беру бойынша Конституциялық Соттың тиісті судьясы ауыстырған кезде бұл қағида қолданылмайды. Бұл жағдайда Конституциялық Сот Төрағасының немесе бірінші дауыс беруге қатыспаған судьясының қатысуымен қайтадан дауыс беру өткізіледі.

Конституциялық Соттың кеңесуі кезінде отырысқа қатысатын судьялардың ешқайсысы қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға құқылы емес.

Конституциялық Сот қабылдаған шешімдер Төраға оларға қол қойғанға дейін дауыс беруге қатысқан Конституциялық Сот судьяларының қол қоюларымен алдын ала бекемделеді.

Қандай тәртіпте Конституциялық Соттың шешімдерін жолдау және жариялау қарайды?

Конституциялық Соттың қорытынды шешімдері:

1) шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жолданым субъектілеріне немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ барлық жағдайларда Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламенті

Палаталарына, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, Қазақстан Республикасының Әділет министріне жолданады;

2) заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде, Конституциялық Соттың интернет-ресурсында, сондай-ақ Конституциялық Соттың шешімі бойынша басқа да дереккөздерде қазақ және орыс тілдерінде жариялануға жатады.

Өзге шешімдер қажеттілігіне қарай Конституциялық Соттың регламентінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен жарияланады және тиісті мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға, ұйымдар мен азаматтарға жолданады.

Тақырып «Қазақстан Республикасының азаматтығы»

Қазақстан Республикасының азаматы болу үшін қандай талаптар қойылады?

Мына адамдар:

- Заң күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын;

- Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын;

- Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар салдарынан Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының өз территориясына қайтып оралуы үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттер территориясында тұратын қазақтар үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға болмайды, сондай-ақ Қазақстанның шегінен тыс жерге аластауға болмайды. Террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі.

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтарының алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын қорғауға, әдет-ғұрыпқа, дәстүрге, мемлекеттік тілге және оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-күдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті.

Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты болып табылады. 16 жасқа дейінгі баланың азаматтығы оның туу туралы куәлігімен, ата-анасының қайсысының болса да паспортымен расталады.

Азаматтық алу үшін қандай негіздер болуы керек?

Қазақстан Республикасының азаматтығы:

- тууы бойынша;
- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау нәтижесінде;
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша;
- Заңда көзделген өзге де негіздер бойынша алынады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау үшін қандай шарттар қойылады?

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өздерінің өтінішхаттары бойынша заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштер бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығына:

- Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған кезде кәмелетке толмағандардан, әрекетке қабілетсіз және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді;

Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі - баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады.

Әскери қызмет атқарып жүрген және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери қызметшілердің азаматтығы мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту қандай негіздер болуы керек?

Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдірген адам:

- адамзатқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса;

- Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

- ұлттық қауіпсіздікке, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы әрекетті жүзеге асырса;

- ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;

- террористік және экстремистік ұйымдарға кірген немесе террористік әрекеті үшін сотталған болса;

- халықаралық іздеуде болса, соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе не сот оның әрекетін қауіпті бауқеспелік деп таныса;

- басқа мемлекеттің азаматы болса;

- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдірген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаса;

- Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерлерде қасақана қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңмасымен солай деп танылған, соттылығы алынбаған немесе өтелмеген болса;

- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі бес жыл ішінде экономика саласында құқық бұзушылық жасаса;

- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі бес жыл ішінде бірнеше рет Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзса;

- Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдіргенге дейінгі бес жыл ішінде Заңның 21-бабы 1), 2) және 5) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса, оның өтініші қабылданбайды.

Қандай жағдайда азаматтық тоқтатылады?

Қазақстан Республикасының азаматтығы:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру

салдарынан тоқтатылады.

Азаматтықтан шығу үшін не істеу қажет?

Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға адамның осы Заңда белгіленген тәртіппен жасаған өтініші негізінде рұқсат етіледі.

Егер шығу туралы өтініш жасаушы адамның Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүліктік міндеттемелерінің орындалмағандары болып, олармен азаматтардың немесе Қазақстан Республикасы территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығарудан бас тартылуы мүмкін.

Егер шығу туралы өтінішхат берген адамға қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілсе не ол заңды күшіне енген соттың үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе немесе адамның Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға жол берілмейді.

Қандай жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі?

Террористік қылмыстарды, сондай-ақ салдарынан Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар

мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі.

Қандай жағдайда азаматтық жоғалтылады?

Қазақстан Республикасының азаматтығын:

- Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;

- егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;

- Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша;

- егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса;

- егер адамның Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына негіз болған Қазақстан Республикасының азаматымен некесін сот жарамсыз деп таныса;

- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, шетелдіктерге асырап алуға берілген бала кәмелетке толған кезде оның ерікті қалауы бойынша;

- адамның шетелдік қарулы қақтығыстарға, шет мемлекет аумағындағы экстремистік және (немесе) террористік әрекетке қатысуы салдарынан жоғалтады.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адам өзге азаматтықты алған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде шетел азаматтығын алу фактісі туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне хабарлауға және Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін тапсыруға міндетті.

Шетелдік азаматтықты алу фактісі туралы осы баптың екінші бөлігінде белгіленген мерзімде хабарламау Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ата-анасының азаматтығы өзгерген жағдайда баланың азаматтығы өзгерді ме?

Ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, оны қалпына келтірген не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде тиісінше олардың 14 жасқа толмаған баласының азаматтығы өзгереді.

Егер баланың ата-анасының біреуі белгілі болса, онда осы ата-ана Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, оны қалпына келтірген не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде тиісінше 14 жасқа толмаған баланың азаматтығы да өзгереді.

Ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығын алған ретте бала Қазақстан Республикасы азаматтығын ала алады ма?

Егер ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығын алып, ал екіншісі басқа мемлекеттің азаматы не азаматтығы жоқ адам болып қала берсе, Қазақстан Республикасы территориясында тұратын 14 жасқа дейінгі бала ата-анасының осы туралы жазбаша өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы мүмкін.

Егер ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығып, ал екіншісі Қазақстан Республикасының азаматы болып қала берсе, 14 жасқа дейінгі бала Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалады. Ата-анасының осы туралы жазбаша өтініші бойынша, мұндай баланың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуына рұқсат етілуі мүмкін.

Қандай жағдайда асырап алған балаға азаматтық берілуі мүмкін?

Қазақстан Республикасының азаматы асырап алған, басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала Қазақстан Республикасының азаматы болады.

Біреуі Қазақстан Республикасының азаматы, ал екіншісі оның азаматы емес ерлі-зайыптылар асырап алған, басқа мемлекеттің азаматы немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын 14 жасқа дейінгі бала асырап алушылардың жазбаша түрде білдірілген келісімімен Қазақстан Республикасының азаматы болады.

Қандай жағдайда асырап алған балада азаматтық сақталуы мүмкін?

Шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтайды.

Баланың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуына не одан шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және ерікті қалауы бойынша ғана жол береді.

Баланың азаматтығын өзгерткен кезде оның келісуі қажет пе?

14 жастан 18 жасқа дейінгі баланың ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, оны қалпына келтірген не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда, сондай-ақ асырап алған немесе қамқоршылық белгіленген жағдайда, оның азаматтығын Заңның 33-бабында көзделген тәртіппен баланың келісуімен ғана өзгертуге болады.

Азаматтық мәселелер жөнінде ішкі істер органдарына қандай өкілеттік берілген?

Ішкі істер органдары:

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштер қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;

- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделгендей, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды тіркеуді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын тіркейді;

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрып жатқан адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуын тіркейді;

- жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды ресімдейді;

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болуын (болмауын) айқындайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі әзірлейді және бекітеді.

Азаматтық мәселелер жөніндегі арыздар қалай беріледі?

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, азаматтықты қалпына келтіру немесе одан шығу туралы өтініштер арыз берушінің жазбаша өтініші бойынша қаралады. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен қабілетсіз деп танылған адамдар жөніндегі өтініштер олардың заңды өкілдерінің нотариат куәландырған, басқа мемлекеттерде - Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі куәландырған өтініш бойынша қаралады.

14 жастан 18 жасқа дейінгі баланы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, оның Қазақстан Республикасы азаматтығын қалпына келтіру және одан шығару туралы арыз берген кезде оның келісімі болуы міндетті, келісім жазбаша түрде білдіріліп, оны нотариат

куәландыруға, басқа мемлекеттерде - Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі куәландыруға тиіс.

Ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болып қалатын 14 жасқа дейінгі баланың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы туралы өтініш берген кезде сол ата-атасының арызы да табыс етілуге, онда баланың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуына көзқарасы көрсетілуге тиіс. Мұндай арызды - нотариат, ал басқа мемлекеттерде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі куәландырады.

Егер арыз беруші арызға сауатсыз болғандықтан немесе дене кемістігі салдарынан қол қоя алмайтын болса, арызға оның өтініші бойынша басқа адам қол қояды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нотариусы, шетелдегі мекемесі арызға тиісті жазба жасайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, оны қалпына келтіру немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішке өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар қоса тіркелуге тиіс.

Босқындардың қандай құқықтары мен міндеттері бар?

Босқындардың құқықтары:

- панаға;
- тиісті уәкілетті органдардан шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат сұратуға;
- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының босқын мәртебесін ұзартудан бас тарту туралы, одан айыру немесе оны тоқтату туралы шешіміне шағымдануға;
- шыққан еліне өз еркімен қайтуға немесе кез келген үшінші елге қоныс аударуға;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызмет көрсетілуіне;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек ету бостандығына немесе кәсіпкерлік қызметке;

- мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарын сот арқылы қорғауға;

- өзімен алып келген, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жиған мүлкін қоныстану үшін өзіне құқық берілген басқа елге әкетуге;

- босқын куәлігін және жол жүру құжатын алуға құқығы бар.

Босқындардың міндеттері:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

- Қазақстан Республикасы аумағының шегінен шығып кету ниеті туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына хабарлауға;

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері өзгерген кезде бұрынғы тұрғылықты жері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының есебінен шығуға және келген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңа тұрғылықты жері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органында есепке тұруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен тұрғылықты жері бойынша тіркеуді ресімдеуге міндетті.

- Босқындар мәртебесі бар адамдардың өзге де құқықтары мен бостандықтары болады, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және халықаралық шарттарында белгіленген барлық міндеттерді мойнына алады.

Адамды босқын мәртебесінен айыру қандай жағдайда жүргізіледі?

Егер адам:

- босқын мәртебесі берілуі үшін негіз болған көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа не жалған құжаттарды ұсынса;

- бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану

мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге берілген анықтамадағы осындай қылмысы үшін сотталған болса;

- Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оның шегінен тысқары жерлерде жасаған саяси емес сипаттағы ауыр қылмысы үшін сотталған болса;

- Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының және халықаралық ұйымдардың мақсаттары мен принциптеріне қайшы келетін әрекеттер жасағаны үшін сотталған болса;

- террористік, экстремистік, сондай-ақ тыйым салынған діни ұйымдардың қызметіне қатысқаны үшін сотталған болса, босқын мәртебесінен айырылады.

Қандай жағдайда босқын мәртебесін тоқтатылады?

Егер адам:

- Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің азаматтығын алса және өзі азаматы болған мемлекеттің қорғауын пайдаланса;

- өзінің босқын деп тануға негіз болған мән-жайлар өзгергендіктен, бұдан әрі өзі азаматы болып табылатын елдің қорғауын пайдаланудан бас тарта алмайтын болса;

- өзінің бұрынғы мемлекетінің жоғалтқан азаматтығын өз еркімен қайта қабылдаса;

- өзі азаматы болған елдің қорғауын өз еркімен қайта пайдаланса;

- өзіне босқын мәртебесін беру негіздері болмағандықтан, шыққан еліне қайтып оралуға тілек білдірсе;

- қудалау қаупінің салдарынан тастап шыққан немесе кетіп қалған еліне өз еркімен қайта оралса;

- Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетсе, босқын мәртебесі тоқтатылады.

- сондай-ақ босқын мәртебесі ұзартылмаған жағдайда, оның мерзімі өткен соң тоқтатылады.

Тақырып «Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық құқықтық мәртебесі»

Республика Президенті қандай тұлға?

Республика Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

Республика Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Республика Президентіне халық пен мемлекеттің атынан сөйлеу құқығы беріледі.

Республика Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды. Республика Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру заң бойынша қудаланады.

Президент қандай мерзімге сайланады?

Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады.

Кезектен тыс сайлауда сайланған Республика Президентінің өкілеттігі кезектен тыс сайлаудан кейін жеті жылдан соң желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті сайлауда сайланған Республика Президенті лауазымына кіріскенге дейін жүзеге асырылады.

Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

Республика Президенті лауазымында болуға байланысты қандай шектеулер қойылады?

Республика Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға хақы жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс. Президент ант берген кезден бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік саяси қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаратын жақын туыстары Қазақстан Республикасының Президенті ант берген кезден бастап бір ай ішінде отставкаға беруге не атқаратын лауазымын босатуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары деп: ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, сондай-ақ жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары, балаларының жұбайы (зайыбы), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) балалары түсініледі.

Республика Президентінің қандай айырым белгілері бар?

Республика Президентінің айырым белгілері - Қазақстан Республикасы Президентінің омырауға тағатын белгісі мен байрағы болады.

Омырауға тағатын белгінің сипаттамасын Орталық сайлау комиссиясы анықтайды. Байрақтың сипаттамасын, омырауға тағатын белгі мен байрақты ресми пайдалану тәртібін Республика Президенті белгілейді.

Республика Президенті қызметі бойынша «Алтын Қыран» орденінің иесі болып табылады.

«Алтын Қыран» орденінің сипаттамасы, аталған орденді берудің негіздері мен тәртібі Республика заңдарымен белгіленеді.

Республика Президенті қандай актілер шығарады?

Республика Президенті Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

Республика Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президент актілері, тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасы Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын-ала қолдары қойылып тиянақталады.

Республика Президенті тиісті Жарлықтар мен өкімдер шығаратын мәселелер тізбесі Конституциялық заңның 21 және 22-баптары бойынша анықталады. Қажет болған жағдайларда Республика Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде өзінің тиісті өкілеттіктерінің қандай акт нысанында, Жарлық немесе өкім нысанында жүзеге асырылатындығын дербес анықтай алады.

Республика Президентінің жарлықтары қалай шығарылады?

Республика Президентінің жарлықтары Республика Конституциясы мен заңдарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады.

Республика Президентінің жарлықтарымен:

- Президенттің Республика Президентінің актілерін шығаруды талап ететін конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады;

- мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді жұмыс істеуін және өкімет органдарының Қазақстан халқы алдында Конституциямен және заңдармен белгіленген жауаптылығын қамтамасыз ету мәселелері шешіледі;

- Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңмен

белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады;

- Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

Республика Президенті шығаратын жарлықтардың ғана нормативтік құқықтық акт күші болады.

Республика Президентінің өкімдері қалай шығарылады?

Республика Президентінің өкімдері Конституцияның, заңдардың және Президент жарлықтарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады.

Республика Президентінің өкімдерімен:

- әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу жүзеге асырылады;

- Республика Президентінің құзыретіне сәйкес конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды тұлғалар қызметке тағайындалады және босатылады.

Республика Президентінің актілері қалай дайындалады?

Республика Президенті актілерінің жобаларын дайындауды мыналар жүзеге асырады:

- Президент Әкімшілігі және Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге де мемлекеттік органдар;

- Республика Үкіметі;

- Жоғарғы Сот;

- Республика Президенті белгілейтін өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар.

Республика Президентінің қарауына енгізілетін актілердің жобалары:

- қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, Президенттің қарауына енгізіледі;

- заң техникасы мен іс жүргізу талаптарына сай келуге тиіс.

Президент шығарған актілерді нөмірлеу Республика Президентінің өкілеттік мерзіміне жүргізіледі. Президент актілерінің түпнұсқалары мен оған қосымша материалдар Президент Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшесінде сақталады және заңда белгіленген мерзім аяқталған соң Республика Президентінің Архивіне жіберіледі.

Президент актілерінің жобаларын дайындаудың заңмен белгіленген тәртібінің сақталуын және оларды Мемлекет Басшысының қарауына ұсынылуын бақылауды Президент Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

Республика Президентінің актілері қандай тәртіппен күшіне енеді және жарияланады?

Президенттің нормативтік сипаты бар актілері, егер Президент өзгеше белгілемесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң Республиканың бүкіл аумағында бір мезгілде күшіне енгізіледі.

Нормативтік сипаты жоқ Президент актілері, егер Президент өзгеше белгілемесе, оларға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Президенттің актілері «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ресми жариялануға жатады.

Президент актілері, сол сияқты өзге де баспа органдарында жариялануы, теледидар, радио арқылы, Интернетте жария етілуі, телеграф, телефакс арқылы берілуі, тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғаларына таратылуы мүмкін.

Республиканың мемлекеттік құпиялары немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиясы баяндалған Президент актілері жариялауға жатпайды. Мұндай актілердің түпнұсқаларында құпиялық белгісі қойылады және олар белгіленген тәртіппен өздерінің күші қолданылатын органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың назарына жеткізіледі. Президенттің аталған актілерінің мазмұны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында баяндалуы мүмкін.

Қандай жағдайда Республика Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босатуы, кетіруі мүмкін?

Президент науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда Конституцияда белгіленген тәртіппен Парламенттің шешімі арқылы қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Президент өзінің міндеттерін атқару кезінде жасаған іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда, яғни соғыс не қарулы қақтығыс кезінде жау жағына шығып кету, шет мемлекеттің Республикаға қарсы дұшпандық әрекетін жүзеге асыруына көмектесу арқылы көрінген Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында әдейі жасаған жағдайда, жауап береді және бұл үшін Конституцияда белгіленген тәртіппен Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін.

Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезеңде қозғалмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігі қалай ауысады?

Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына ауысады; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына ауысады; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Республиканың Премьер-Министріне ауысады. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған адам тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін доғарады.

Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өзіне Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған адамның Қазақстан Республикасының

Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларға бастамашы болуға құқығы жоқ.

Президенті жанында қандай консультативтік-кеңесші органдар, мекемелер мен ұйымдар бар?

Республика Президентінің конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыру және оның қызметін қамтамасыз ету мақсатында консультативтік-кеңесші органдар, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдар құрылады.

Республика Президенті:

- консультативтік-кеңесші органдардың, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамын айқындайды, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдарды құрады;

- консультативтік-кеңесші органдардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдардың басшы лауазымды адамдарын тағайындайды;

- консультативтік-кеңесші органдар, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Республика Президенті жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

- консультативтік-кеңесші органдардың басшы лауазымды адамдарының осы органдар жұмысы туралы есептерін тыңдайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдар аппараттарының, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы аппаратының қызметкерлері Республика Президенті Әкімшілігінің қызметкерлері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері заңда айқындалады.

Экс-Президенттері деген кімдер?

Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

Республиканың экс-Президенті Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырыстарына, Республика Президентінің қызметке кірісуіне, Республиканың мемлекеттік мерекелеріне арналған салтанатты мәжілістерге және мемлекет өткізетін өзге де іс-шараларға қатысуға хақылы.

Республиканың экс-Президентіне, оның абырой мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды. Республика экс-Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылық заң бойынша қудаланады.

Тақырып «Республикалық референдум»

Республикалық референдум талқысына қандай мәселелер қойылады?

1) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

2) Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін.

Республикалық референдумның талқысы қандай мәселелер жатпайды?

Мыналар:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;

2) мемлекеттің тәуелсіздігін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, Республика қызметінің түбегейлі қағидаттарын, Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды деген ережені өзгерту;

3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекараларының;

4) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау;

5) бюджет пен салық саясаты;

- 6) рақымшылық пен кешірім жасау;
- 7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;
- 8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды.

Республикалық референдум тағайындау жөніндегі бастамашылық кімдер рәсімдейді?

Референдум тағайындау бастамашылығы:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінде;
- 2) Қазақстан Республикасының Парламентінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселені әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы жүзеге асырады және Парламент Палаталарының тиісті қаулыларымен рәсімдейді;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Үкімет өзінің мәжілісінде мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады және тиісті қаулымен рәсімдейді;

4) сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында болады, олар республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Республика Президентіне тілек білдіреді.

2. Бір ғана мәселе (бір ғана мәселелер) бойынша референдум тағайындау туралы ұсыныстар қайтара енгізілуі мүмкін және оларды Республика Президенті аталған мәселе (аталған мәселелер) жөнінде алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде екі жыл өткеннен соң ғана қайтадан қарайды.

Республикалық референдумның қорытындыларын қалай шығарылады?

Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың негізінде:

- Қазақстан Республикасының референдумға қатысу құқығы бар азаматтарының жалпы санын;

- дауыс беруге қатысқан азаматтардың санын;

- референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген, референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың санын және дауыс беруге қойылған жекелеген әрбір мәселе бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің санын анықтайды.

Егер референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады.

Егер дауыс берудің нәтижесінде референдумға қойылған мәселе бойынша оның оң шешімін жақтап дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан көбі дауыс берсе, ол жөнінде шешім қабылданды деп саналады.

Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыс берудің қорытындылары Орталық референдум комиссиясының мәжілісінде шығарылып, хаттамамен ресімделеді, оған Орталық референдум комиссиясының Төрағасы, Төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері қолдарын қояды және қаулымен бекітеді.

Егер референдум барысында немесе дауыстарды санау не дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды немесе "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын бұзу орын алған болса, Орталық референдум комиссиясы референдум нәтижелерін шығару кезінде оның жекелеген учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) өткізілуін жарамсыз деп тани алады.

Тақырып «Қазақстан Республикасындағы сайлау»

Тең сайлау құқығы дегеніміз не?

Сайлаушылар Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттарын сайлауға, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысы болады.

Сайлаушылар Республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының тең дауыс саны болады.

Кандидаттардың сайлауға тең құқықтармен және шарттармен қатысуына кепілдік беріледі.

Төте сайлау құқығы дегеніміз не?

Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтар тікелей сайлайды.

Жанама сайлау құқығы дегеніміз не?

Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар - мәслихаттардың депутаты болып табылатын Республика азаматтары қатысады.

Таңдаушылар Сенат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады.

Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау қалай өткізіледі?

Парламент Мәжілісінің депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде, егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі басқа кандидаттарға қарағанда оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттарын сайлау қалай өткізіледі?

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады: біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша – депутаттардың жартысы, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша екінші жартысы сайланады.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде, егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі басқа кандидаттарға қарағанда оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, кандидат сайланды деп есептеледі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттары мандаттарының саны тақ болған жағдайда, жартысынан асатын мандат бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланады.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының көпшілігін жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

Учаскелік сайлау комиссиялары қандай қазмет атқарады?

Учаскелік сайлау комиссиялары тиісті сайлау учаскелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және

мәслихаттардың депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын:

- тиісті сайлау учаскесіндегі сайлаушылар саны екі мыңға дейін болған кезде – бестен жеті мүшеге дейін;

- тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылар саны екі мыңнан асатын болған кезде – жетіден он бір мүшеге дейін айқындайды.

- Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамы тақ болуға тиіс.

Президентті, Парламент және мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін – он бес күннен кешіктірілмей, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі учаскелік сайлау комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Учаскелік сайлау комиссияларының қандай өкілеттіктері бар?

Учаскелік сайлау комиссиясы:

- сайлау учаскесінде Президентті, Парламент Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау шараларын жүргізеді;

- учаскелік комиссияның орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады;

- тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды;

- азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізімдердегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

- мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдайды;
- сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;
- дауыс беруге арналған үй-жай дайындайды, кабиналар мен жәшіктердің болуын қамтамасыз етеді;
- сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;
- дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;
- дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;
- сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастырады және өткізеді; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді;
- Республика заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сайлау округтері қалай құрылады?

Қазақстан Республикасында мәслихаттардың депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде аумақтық сайлау округтерінің жүйесі құрылып, пайдаланылады.

Республика Президенті және бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мәслихаттардың депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау кезінде аумақтық сайлау округі құрылады.

Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде қалалық және селолық қауымдастықтардың

аумақтарын қамтитын көп мандатты аумақтық сайлау округтері құрылады.

Сайлау учаскелерінің құрылу тәртібі қандай?

Аудандар мен қалаларда дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін тиісті әкімдердің аумақтық сайлау комиссияларымен келісілген шешімдерімен сайлау учаскелері құрылады. Сайлау учаскелері сайлаушыларға барынша қолайлылық туғызу мақсатында, жергілікті және өзге жағдаяттар ескеріле отырып, құрылады.

Сайлау учаскелері мынадай жағдайларда:

- әрбір сайлау учаскесінде үш мыңнан аспайтын сайлаушы болуы;

- әкімшілік-аумақтық бөліністегі әкімшілік-аумақтық құрылым шекарасының сақталуы ескеріле отырып құрылады.

Қазақстан Республикасына қарайтын әскери бөлімдерде және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында олардың орналасқан жері, кемеңіз тіркелген порты немесе тұрған жері бойынша тиісті сайлау округтеріне кіретін сайлау учаскелері құрылады. Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасы өкілдіктерінің жанынан Республика Сыртқы істер министрлігі орналасқан аумақтағы сайлау округіне қарайтын сайлау учаскелері құрылады.

Сайлау учаскелерін құру кеме капитандарының, бөлімдер немесе әскери құрамалар командирлерінің, мекемелер басшыларының тиісті әкімдер мен Республиканың Сыртқы істер министрлігінің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тиісті әкімдер сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін – он бес күн мерзімде, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауды өткізген кезде жеті күн мерзімде сайлаушыларды бұқаралық

акпарат құралдары арқылы сайлау учаскелерінің шекаралары туралы құлақтандырады.

Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізіміне енгізу тәртібі қалай жүргізіледі?

Сайлаушылар тізімдеріне:

- Республиканың белсенді сайлау құқығы бар азаматтары;
- азаматтар тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша енгізіледі.

- Уақытша тіркелген азаматтар тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен алып тастала отырып, сайлаушылар тізімдеріне өздерінің жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде енгізіледі;

- демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болған азаматтардың бәрі;

- әскер бөлімдері бойынша әскер бөлімдерінде тұрған әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскер бөлімдерінен тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі;

- шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекетке жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасы азаматы деген жарамды паспорты болса, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Таңдаушылар тізіміне:

- облыс аумағында орналасқан мәслихаттардың;
- тиісінше республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы мәслихатының барлық депутаттары енгізіледі.
- Азамат (таңдаушы) сайлаушылардың (таңдаушылардың) бір ғана тізіміне ене алады.

Сайлау алдындағы үгіт жүргізудің қандай ерекшеліктері бар?

Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт:

- бұқаралық акпарат құралдары арқылы;
- сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен;

- баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

Мыналарға сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады:

- мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;

- сайлау комиссияларының мүшелеріне;

- діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Мыналар лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады:

- бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;

- кандидаттың, партиялық тізім ұсынған саяси партияның сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге кандидаттарға, саяси партияларға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады.

Белгіленген шектеулерді сақтау лауазымды адамдарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуге тиіс.

Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары

редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті жазып-көрсетуді жүзеге асыруға; кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан қалыс қалуға; аталған адамдарға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау үшін баспа басылымының ең таяудағы нөмірінде сол көлемде, сол қаріппен және теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған сол жерде теріске шығаруды тегін жариялауына мүмкіндік беруге міндетті. Радио және телевизия арқылы теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты тәуліктің сол уақытында және сол теле- және радиобағдарламада, ал аталған теле- және радиобағдарлама жабылып қалған жағдайларда – оған тақырыптық бағыты сәйкес келетін өзге теле- және радиобағдарламада берілуге тиіс.

Теріске шығару көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі есе және одан үлкен болмауға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары барлық кандидаттарды және партиялық тізімдерді ұсыну, оларды сайлау комиссияларының тіркеуі жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты баспасөз бетіндегі орны, эфир уақыты бойынша бірдей көлемде таратуға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары тиісті сайлау комиссияларына осы Конституциялық заңда белгіленген сайлау алдындағы науқан барысы туралы ақпаратты және хабарларды жариялау мүмкіндігін дереу береді.

Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізу, ақша төлеу не

осындайларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу сайлау алдындағы жөнсіз үгіт деп саналады. Сайлау алдындағы жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап, кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады.

Кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның, сондай-ақ олардың сенім білдірген адамдарының осы тармақта белгіленген ережелерді бұзуы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

Қандай да бір адамның бейнесін - оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.

Сенім білдірген адамдар деген кімдер?

Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттар, саяси партиялар мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы.

Кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Сенат депутаттығына кандидаттың әрбір ауданда, қалада, қаладағы ауданда бір-бірден сенім білдірілген адамдары болуына құқығы бар.

Кандидат, саяси партия сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынған адамдар тиісті сайлау комиссиясына өзінің сенім білдірілген адам болуға келіскені туралы өз өтінішін табыс етеді.

Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәлік береді.

Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол Сенат депутатын сайлау кезінде мәслихат депутаты, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс.

Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның өздеріне жазбаша нысанда берген өкілеттігі шегінде әрекет етеді.

Сенім білдірілген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз ұйғарымымен, кандидаттың және партиялық тізімін ұсынған саяси партияның шешімімен, сондай-ақ кандидатты, партиялық тізімді тіркеудің күші жойылған, осы Конституциялық заң бұзылған жағдайларда өз мәртебесінен айырылады.

Сайлау бюллетені дегеніміз не?

Сайлау бюллетеніне мемлекеттік тілдің әліпбилік тәртібімен тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көрсетіле отырып, барлық тіркелген кандидаттар және «Бәріне қарсымын» деген жол енгізіледі. Саяси партияларға дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне жеребемен айқындалған тәртіппен саяси партиялардың атаулары және «Бәріне қарсымын» деген жол енгізіледі. Жеребе тартуды Орталық сайлау комиссиясы жүргізеді. Жеребе тартуды жүргізудің тәртібін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Орталық сайлау комиссиясы кандидатура алып тасталған, кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күші жойылған, кандидаттарды, партиялық тізімдерді тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда сайлау бюллетеньдеріне өзгерістер енгізу тәртібін айқындайды.

Сайлау бюллетеньдері мемлекеттік тілде және орыс тілінде басылады.

Сайлау бюллетеньдері сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде дайындалады.

Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлаудан ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 пайызы резервімен жеткізіледі.

Сайлау бюллетеньдері орналасқан үй мөрлеп бекітіліп, ішкі істер органдарының күзетуіне тапсырылады.

Дауыс беру уақыты мен орны қалай анықталады?

Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жөніндегі дауыс беру сайлау күні жергілікті уақытпен сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі. Аумақтық сайлау комиссиялары тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге хақылы. Бұл орайда дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды. Дауыс беруді бастау және аяқтау уақытын өзгерту туралы аумақтық комиссиялардың шешімі сайлаушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін уақыт пен орын туралы дауыс беру өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей, ал мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде бес күннен кешіктірмей сайлаушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ өзге де әдістермен хабардар етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының иелігіндегі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, әскер бөлімдерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда, алыстағы мал шаруашылығы учаскелерінде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде,

тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанынан құрылған сайлау учаскелерінде, егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс берсе, учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беруді кез келген уақытта аяқталды деп жариялай алады. Мұндай учаскелердің тізбесін тиісті сайлау комиссиясы сайлауға дейін жеті күннен кешіктірмей, мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды өткізгенде үш күннен кешіктірмей бекітеді.

Сенат депутаттарын сайлау бойынша дауыс беру бір күннің ішінде өткізіледі. Бұл ретте дауыс беру уақытын аумақтық сайлау комиссиясы анықтайды.

Қалай қауыс беру ұйымдастырылады?

Әрбір сайлаушы (таңдаушы) өзі дауыс береді.

Сайлауда дауыс құқығын басқа біреуге беруге және сол сияқты басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушыларға (таңдаушыларға) сайлаушылар тізімдері (таңдаушылар тізімдері) негізінде сайлаушының (таңдаушының) жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша беріледі. Сайлаушылар (таңдаушылар) тізімге бюллетеньдерді алғандығы туралы қол қояды.

Комиссияның бюллетеньді (бюллетеньдерді) берген мүшесі оларға өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді (бюллетеньдерді) алған сайлаушының (таңдаушының) тізімдегі тегінің тұсына қол қояды. Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдер беруге құқығы жоқ.

Жекелеген сайлаушылар денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беруге келе алмаған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясы олардың дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірілмей беріле алатын жазбаша өтініші бойынша осы

сайлаушылардың тұрған жерінде дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырған кезде тасымалданатын жәшіктерді сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді.

Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруі туралы хабардар етуге міндетті.

Сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру үшін шыққан кезде оларға байқаушылар не сенім білдірілген адамдар ілесіп жүруге құқылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру кезінде сайлау комиссиясының мүшелері, сайлау бюллетеньдерінің бүлінуі мүмкін екендігі ескеріле отырып, олардың қажетті мөлшерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру кезінде бюллетень (бюллетеньдер) сайлаушыларға сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініш негізінде беріледі, олар бұл туралы өтінішке қол қояды.

Бюллетень (бюллетеньдер) берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішке де қол қояды.

Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің болу орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні

сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді. Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беретін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Дауыс беру қалай жүргізіледі?

Дауыс берушілер сайлау бюллетеньдерін жасырын дауыс беруге арналған кабиналарда толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа кімнің болса да кіріп тұруына тыйым салынады. Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы (таңдаушы) өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының (таңдаушының) бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады. Мыналар ондай адам болуға тиіс емес:

- сайлау комиссиясының мүшесі;
- жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы;
- кандидаттың сенім білдірген адамы;
- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі-журналист;
- тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Сайлаушы (таңдаушы) өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне не «Бәріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі соғады.

Сайлаушы саяси партиялардың атаулары бар бюллетеньде өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды.

Сайлаушы мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелерін сайлаған кезде өзі дауыс беретін кандидаттар тегінің оң жағындағы бос шаршының

ішіне не «Бәріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі соғады.

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да болсын түзету енгізуге жол берілмейді. Толтырылған бюллетеньдерді сайлаушы (таңдаушы) дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Сайлау учаскесіндегі (дауыс беру пунктіндегі) дауыстар қалай саналады?

Президентті, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттары мен мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау кезінде барлық сайлау учаскелерінде дауыстарды санау, егер сол учаскеде осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, жергілікті уақытпен сағат жиырмада басталады. Дауыс беру уақыты өзгерген жағдайда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Дауыстарды санауды сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беру қорытындысы анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді, қорытындылар осы Конституциялық заңға сәйкес дауыстарды санау кезінде қатысатын адамдардың назарына жеткізілуге тиіс. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталған кезден бастап он екі сағаттан аспауға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады.

Сайлау бюллетеньдерін санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға сайлау бюллетенін көрсетеді және сайлаушының ерік

білдіруін жариялайды. Бұл ретте бюллетеньдер әрбір кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия бойынша жеке-жеке қатталып, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгісі бар бюллетеньдер үшін және жарамсыз бюллетеньдер үшін жеке-жеке қатталып жиналады.

Парламент Сенаты депутаттарын сайлау кезінде дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін кідіріссіз басталады.

Дауыстарды санау әрбір кандидат, әрбір саяси партия, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгісі бар бюллетеньдер бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Дауыс беруге арналған жәшіктерді төраға дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін тиісті сайлау комиссиясы ашуға тиіс. Дауыс беру аяқталғанға дейін жәшіктерді ашуға тыйым салынады.

Дауыс беру аяқталған соң бюллетеньдер салынған жәшіктерді ашқанға дейін учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша бюллетеньдер алған сайлаушылардың есебін жүргізеді және олардың жалпы санын анықтайды. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы не оның орнындағы комиссия мүшесі санау нәтижелерін жария етеді және оларды дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға енгізеді.

Бірінші болып тасымалданатын сайлау жәшіктері кезегімен ашылады. Тасымалданатын сайлау жәшігіндегі бюллетеньдердің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін жасау туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуге тиіс. Егер тасымалданатын сайлау жәшігінде белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдерінің саны жазбаша өтініштердің тиісті санынан артық болып шықса, онда бұл жәшіктегі барлық сайлау бюллетеньдері жарамсыз деп танылады. Бұл жағдайда тасымалданатын сайлау жәшігінен алынған барлық сайлау бюллетеньдерінің жарамсыз деп танылғаны туралы акт жасалады, онда сонымен бірге осы тасымалданатын жәшіктің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты

көрсетіледі. Дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін тұрақты жәшіктер ашылады.

Жәшіктерді ашардың алдында пайдаланылмаған барлық бюллетеньдерді тиісті сайлау комиссиясы санайды және жояды. Сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімдері бойынша:

- учаскедегі (дауыс беру пунктіндегі) сайлаушылардың (таңдаушылардың) жалпы санын;
- бюллетеньдер алған сайлаушылар (таңдаушылар) санын;
- комиссияның әрбір мүшесі берген бюллетеньдер санын анықтайды.

Жәшіктерді ашқаннан кейін сайлау комиссиясы бюллетеньдердің саны бойынша:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) жалпы санын;
- әрбір кандидат үшін, әрбір саяси партия үшін берілген дауыстар санын;
- «Бәріне қарсымын» деген жолда белгісі бар бюллетеньдер санын;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын;
- учаскелік сайлау комиссиясы алған бюллетеньдер санын;
- жойылған бюллетеньдер санын анықтайды.

Дауыс беруге арналған жәшіктерден алынған бюллетеньдердің саны сайлаушылар тізімдерінің және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштердің негізінде берілген бюллетеньдер санынан асып кеткен жағдайда, сайлау комиссиясының әрбір мүшесі берген бюллетеньдер саны анықталады.

Мынадай бюллетеньдер:

- белгіленбеген үлгідегі;
- тиісті сайлау комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;
- мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс беруді қоспағанда, бір саяси партиядан артық, бір кандидаттан артық белгіленген;

- белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар, сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін емес бюллетеньдер жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды тікелей санау кезінде жарамсыз сайлау бюллетеньдері дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) бюллетеньдері қатарынан алып тасталады.

Келіспеушілік пайда болған жағдайда мәселені учаскелік комиссия дауыс беру жолымен шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы даусымен қабылданады.

Дауыстарды санау нәтижелерін учаскелік сайлау комиссиясы қарап, хаттамаларға түсіреді, оларға сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Сайлау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаларға учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды қарындашпен және әр түсті сиялармен толтыруға, сондай-ақ оларға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Бұл ретте дауыс беру нәтижелерінің сандық мәні сөзбен жазылып қайталануы тиіс.

Хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

Дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайында ілінеді және үй-жайда үш күн бойы тұрады.

Дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

Тиісті жоғары тұрған сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының (Сенат депутаттарын сайлаған кезде аумақтық сайлау комиссияларының) хаттамаларында қателерді, сәйкессіздіктерді анықтаған болса, сондай-ақ дауысты есептеудің дұрыстығына күмәнданатын болса, ол комиссия тиісті учаскелік (аумақтық) сайлау комиссиясы сайлаушыларының дауысын қайта санау туралы шешім қабылдауға хақылы. Сайлаушылардың дауысын қайта санау жоғары тұрған сайлау комиссиясы мүшесінің және дауыстардың дұрыс саналмағандығы фактілерін табыс еткен өтініш берушілердің қатысуымен жүргізіледі.

Сайлау комиссиясы шешімінің негізінде жүзеге асырылатын дауыстарды қайта санау сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін жүргізілуге тиіс.

Сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау қалай жүргізіледі?

Президентті, Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы анықтайды.

Мәслихат депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау қорытындыларын аумақтық сайлау комиссиялары анықтайды.

Сайлау қорытындылары хаттамаға түсіріліп, оған сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаға комиссия төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Сайлау қорытындылары туралы хабарды:

- Президентті, Парламент депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

- мәслихаттар депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, мәслихаттардан басқа, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

- Орталық (аумақтық) сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлау датасы, сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; сайлау округтерінің жалпы саны; есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушылардың саны; дауысқа түскен кандидаттардың жалпы саны; дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылардың саны; сайлауға қатысқан саяси партиялардың саны; қайта дауыс беру өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер саны; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша Президенттікке, Парламент Сенаты депутаттығына әрбір кандидат үшін, әрбір саяси партия үшін берілген дауыстар саны; Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар үшін берілген дауыстар саны; «Бәріне қарсымын» деген жолда белгісі бар бюллетеньдер саны; сайланған Президент, Парламент Сенатының, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісінің депутаттары; мәслихаттардың депутаттары, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері, олардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлаушылар тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; әрбір кандидат үшін, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша әрбір саяси партия үшін берілген дауыс саны; "Бәріне қарсымын" деген жолда белгісі бар бюллетеньдер саны;

сайлау учаскелері бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны; сайланған мәслихаттар депутаттарының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының хабарламаларындағы деректер - сайлау округтері бойынша ұсынылады. Тиісті сайлау комиссиясы сайлаудың алдын ала қорытындылары туралы тізімдеме нысанындағы хабарламаны дауыстарды санау аяқталғаннан және тиісті хаттама жасалғаннан кейін қырық сегіз сағаттан кешіктірмей жариялайды.

Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін қандай жауаптылық қарастырылған?

Тұлға:

- сайлау комиссиясының жұмысына араласқан;
- дауыс беруге кедергі келтірген;
- кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;
- дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;
- кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған;
- сайлау құжаттарын қолдан жасаған;
- дауыстарды көрінеу қате санаған;
- сайлау нәтижелерін көрінеу қате айқындаған;
- дауыс беру құпиясын бұзған;

Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту, сатып

алу жолымен кедергі келтірген жағдайда заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Тұлға:

- Конституциялық заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді бермеген немесе жарияламаған;

- сайлау комиссиясының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімін орындамаған;

- сайлау алдындағы үгітті кандидатты, саяси партия ұсынған партиялық тізімді тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

- сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген;

- кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер таратқан немесе олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасаған;

- сайлау комиссиясы мүшелерінің құқықтарын бұзған;

- азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған;

- сайлаушылар тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы жалған мәліметтер берген;

- басқа адамдар үшін дауыс беру мақсатымен азаматтарға сайлау бюллетеньдерін берген;

- сайлауға қатысу үшін демалыс бермеген;

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу талаптарын бұзған;

- анонимді үгіт материалдарын дайындаған немесе таратқан;

- үгіт материалдарын қасақана жойған немесе зақымдаған;

- кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан тыс қаржылық (материалдық) қолдау көрсеткен;

- кандидатты сайлау үшін шет мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан, азаматтығы жоқ адамдардан қайырмалдық алған;

- сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу жүргізудің талаптарын бұзған;

- сайлауда кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының, бұқаралық акпарат құралдарының өкілдері мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады. Заңның бұзылуы анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға жүгінуге құқылы.

Кандидат, саяси партия заңның талаптарын бұзған кезде, кандидатты тіркеуден бас тарту немесе тіркеудің күшін жою үшін негіз болып табылатын талаптарды қоспағанда, оларға ескертіледі, ал қайта бұзған кезде тиісті сайлау комиссиясы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне қандай талаптар қойылады?

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жиырма бес жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан төрт жыл мерзімге лауазымға сайлайды.

Сол бір адам сол бір аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестікті тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы ұсынған құжаттар негізінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестікті тексеру үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне кандидат тізбесін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган Орталық сайлау комиссиясымен бірлесіп белгілейтін қажетті құжаттарды тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына ұсынады.

Саяси партия дегеніміз не?

Азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады. Саяси партияның халық атынан билік жүргізуге құқығы жоқ.

Саяси партияларға бірігу құқығы дегеніміз не?

Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси партияларға бірлесу бостандығына құқығы бар. Қазақстан Республикасының азаматы тек бір саяси партияға мүше бола алады.

Саяси партияға мүше болу Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды. Әркім өзінің қандай партияға жататынын көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы.

Мемлекет пен саяси партиялар арақатынасы қандай?

Мемлекет саяси партиялардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттің саяси партиялардың істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейді. Саяси партияларға мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге де жол берілмейді.

Азаматтардан кез келген нысанда, оның ішінде ресми құжаттарда да, қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады. Парламент депутаттарының, мемлекеттік қызметшілердің саяси партиялардағы ақы төленетін қызметтерде болуына құқығы жоқ.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялар мен олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмайды.

Саяси партиялардың тұрақты жұмыс істейтін органдарында қызмет атқаратын адамдарға Қазақстан

Республикасының еңбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

Саяси партияларды құрылуы және қызмет етуінің қандай негіздері бар?

Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптеріне негізделеді. Осы Заңмен белгіленген шектеулерді қоспағанда, саяси партиялар ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін еркін анықтайды.

Саяси партиялардың қызметі адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

Саяси партиялар Қазақстан Республикасының саяси партияға мүше болып табылатын азаматтарына саяси партиялардың басшы органдарында, депутаттыққа және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге кандидаттардың тізімінде өкілдік етуі үшін бірдей мүмкіндіктер жасауға тиіс.

Саяси партиялардың ұйымдық құрылымы аумақтық принцип бойынша құрылады. Саяси партиялар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшы органдары Қазақстан Республикасының аумағында болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің саяси партияларының қызметіне жол берілмейді.

Мақсаттары немесе іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, Ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға бағытталған саяси партияларды құру мен олардың қызметіне тыйым салынады.

Азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару

органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

Әскерилендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құралымдар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады. Білім беру ұйымдарының оқу процесінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді.

Саяси партиялар қалай құрылады?

Саяси партия саны жеті жүз адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады. Азаматтардың саяси партияның құрылтай съезінде (конференциясында) сенімхат бойынша өкілдік етуіне жол берілмейді.

Саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) дайындау және өткізу үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамашы тобы мүшелерінің қатарынан құрамында кемінде он адам болатын ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті тіркеуші органға мынадай ақпаратты:

- 1) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашы тобының тізімін және ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтерді;

- 2) ұйымдастыру комитетінің құрылу мақсаты, саяси партияның болжалды атауы, орналасқан жері, ұйымдастыру комитетінің ақшасы мен өзге де мүлкін қалыптастыру мен пайдаланудың болжалды көздері, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің қаражатын қалыптастыру үшін есеп айырысу шотын ашуға және оның қызметін қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға уәкілеттік берілген ұйымдастыру комитетінің мүшесі (бұдан әрі - ұйымдастыру

комитетінің уәкілетті адамы) туралы мәліметтер көрсетілген ұйымдастыру комитеті жиналысының хаттамасын қоса тіркей отырып, саяси партия құру ниеті туралы тіркеуші орган белгілеген нысандағы хабарламаны табыс етеді.

Тіркеуші орган хабарламаны және өзге де құжаттарды алған күні ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамына олардың табыс етілгенін растайтын құжатты береді.

Ұйымдастыру комитеті тіркеуші орган растама бергеннен кейін ғана өз қызметіне кірісуге құқылы.

Ұйымдастыру комитеті растама берілген күннен бастап үш айдың ішінде саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) өткізуге тиіс. Бұл мақсатта ұйымдастыру комитеті:

- растама берілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында саяси партияны құру ниеті, саяси партия құрылтай съезінің (конференциясының) өтетін орны мен күні туралы мәліметтерді жариялайды;

- ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамы арқылы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде есеп айырысу шотын ашады;

- саяси партияны құруға бағытталған өзге де ұйымдастырушылық және ақпараттық-насихаттық қызметін жүзеге асырады.

Құрылтай съезінде (конференциясында) саяси партияны құру, оның атауы, жарғысы, бағдарламасы туралы шешімдер қабылданады және оның басшы органдары құрылады. Саяси партия жарғылық қызметін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитеті өзінің қызметін мынадай жағдайлардың бірі туындаған:

- тіркеуші орган растама берген күннен бастап жеті ай өткен;

- саяси партия мемлекеттік тіркелген;

- саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартылған кезде;

- азаматтардың бастамашы тобының шешімі бойынша тоқтатады.

Саяси партия мемлекеттік тіркелген жағдайда ұйымдастыру комитетінің ақшасы және өзге де мүлкі, сондай-ақ ақша қаражаты мен өзге де мүліктің түсу көздері көрсетілген олардың пайдаланылуы туралы қаржылық есеп құрылған саяси партияға табыс етіледі.

Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартылған немесе ұйымдастыру комитетінің қызметі азаматтардың бастамашы тобының шешімі бойынша тоқтатылған жағдайда ұйымдастыру комитетінің қалған ақшасы мен өзге де мүлкі Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарына енгізілген қайырымалдықтарға пропорционалды түрде беріледі.

Саяси партияға қалай мүше болуға болады?

Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған азаматы саяси партияның мүшесі бола алады.

Саяси партияға шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың мүше болуына, сондай-ақ ұжымдық мүшелікке жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, Төрағасының орынбасары, судьялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және өзге де соттардың Төрағасы мен судьялары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партияларда болмауға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетпеуге тиіс.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар тағайындалған, сайланған, қызметке кірген күннен бастап он күн ішінде саяси партиялардан шығуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс. Халыққа ант беру кезінде Қазақстан Республикасының

Президенті саяси партияда тұрған жағдайда, ол ант берген күннен бастап он күн ішінде саяси партиядан шығуға тиіс.

Саяси партияға мүшелік ерікті, жеке және тіркелетін тәртіпте болады. Саяси партияға қабылдау жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады. Саяси партияға мүше болу кәсіби, әлеуметтік, нәсілдік, рулық, ұлттық немесе діни белгілер бойынша, сондай-ақ жынысына және мүліктік жағдайына байланысты шектелмеуге тиіс.

Саяси партияның мүшелері саяси партияның басшы органдарына сайлауға және сайлануға, саяси партия мен оның басшы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға құқылы.

Қайтыс болу, партиядан шығу, партиядан шығарылу, басқа партияға кіру, әскери қызметке қабылдану, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіру саяси партияға мүше болуды тоқтатуға негіз болып табылады.

Әскери қызметке қабылданған немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кірген жағдайда саяси партияға мүшелік автоматты түрде тоқтатылады.

Саяси партияны қалай тіркейміз?

Саяси партияны мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Саяси партияны мемлекеттік тіркеуге қажетті құжаттар саяси партияның құрылтай съезі (конференциясы) өткізілген күннен бастап төрт айдан кешіктірілмей тіркеуші органға табыс етіледі.

Саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы әрқайсысында кемінде екі жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде бес мың партия мүшесі болуға тиіс.

Саяси партияның қызметі қалай тоқтатылады?

Саяси партияның қызметі соттың шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған;

2) саяси партияның жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған;

3) саяси партия басшыларының экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған жария шақыруы мен сөйлеген сөздері орын алған;

4) саяси партия мүшелерінің саны талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

Саяси партияның қызметі тоқтатыла тұрған кезеңде партияның басшылары мен мүшелеріне бұқаралық ақпарат құралдарында партия атынан сөз сөйлеуге, бейбіт жиналыстар мен өзге де жария сөз сөйлеуді ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынады, сондай-ақ саяси партияның банктік шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады, бұған еңбек шарттары, қызметінің нәтижесінде келтірілген залалдардың орнын толтыру және айыппұлдар төлеу бойынша есеп айырысулар кірмейді.

Егер саяси партияның қызметін тоқтата тұрудың белгіленген мерзімі ішінде тәртіп бұзушылықтар жойылатын болса, саяси партия өз қызметін қайта бастайды.

Саяси партияның орын алған тәртіп бұзушылықты жойғандығы фактісін саяси партияның қызметін тоқтата тұру туралы шешім шығарған сот анықтайды.

Саяси партияның қандай құқықтары мен міндеттері бар?

Саяси партия жарғысы мен бағдарламасында анықталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) өзінің қызметі туралы ақпарат таратуға және өз мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға;

2) ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына бірігуге;

3) Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар жөнінде ұсыныс жасауға;

4) өздерінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

5) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге;

6) Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актерлерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Саяси партия:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының талаптарын сақтауға;

- әрбір азаматтың өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

- тіркеуші органға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тұрақты жұмыс істейтін орган орналасқан жердің және оның басшылары туралы деректердің өзгергені жөнінде хабарлауға;

- мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер мен көлемде өзінің қаржылық қызметі туралы есепті табыс етуге міндетті.

Саяси партиядан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі, мәслихат депутаттығына кандидаттар қалай ұсынылады?

Саяси партия Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде үш санат өкілдерін: әйелдерді, жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдарды, мүгедектігі бар адамдарды енгізеді.

Саяси партия мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде әйелдерді және жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдарды енгізеді.

Тақырып «Мемлекет механизміндегі сот органдары және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл»

Сот билігі дегеніміз не?

Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіпшен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады.

Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Сот жүйесі дегеніміз не?

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Жергілікті соттарға мыналар жатады:

- облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

- аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот).

Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының ерекше мәртебесі болады.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар қалай құрылады?

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Сот Төрағасы белгілейді.

Аудандық соттың қандай өкілеттері бар?

Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

Аудандық сот:

- өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;

- сот статистикасын жүргізеді;
- заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасының қандай өкілеттері бар?

Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
- аудандық соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- азаматтарды қабылдауды жүргізеді;
- аудандық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
- судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- өкімдер шығарады;
- заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Аудандық сотта төраға, судьялар болмаған жағдайда, олардың міндеттерін атқару Жоғарғы Соттың Төрағасымен келісу бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларына жүктеледі.

Аудандық сот төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндетін уақытша атқару облыстық сот төрағасының өкімімен осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Облыстық және оларға теңестірілген соттар қалай құрылады?

Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – облыстық соттар) Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан

Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

Облыстық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір облыстық сот үшін судьялардың санын уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Соттың Төрағасы белгілейді.

Облыстық сот төрағасының қандай өкілеттері бар?

Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

- сот алқаларының отырыстарында төрағалық етуге құқылы;

- облыстық соттың жалпы отырыстарын, кеңейтілген жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

- тәртіптік іс жүргізу шеңберінде судьяның әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды қамтамасыз етеді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

- облыстық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

- сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;

- өкімдер шығарады;

- облыстық соттың, республикалық маңызы бар қала және астана соттарының кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

- заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндеттерін уақытша атқаруды Жоғарғы Сот Төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының

біріне жүктейді, ал сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда облыстық сот төрағасының міндеттерін уақытша атқару облыстық соттың судьясына жүктеледі.

Облыстық соттың төрағасы уақытша болмаған жағдайда міндеттердің атқарылуын облыстық соттың төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біріне жүктеуді жүзеге асырады, ал сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда облыстық сот төрағасының міндеттерін уақытша атқару облыстық соттың судьясына жүктеледі.

Жоғарғы Соттың құрылымы қалай жасақталады?

Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Мыналар:

- жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар;
- азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;
- қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы;
- әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы Жоғарғы Соттың органдары болып табылады.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады. Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды.

Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультативтік кеңес, халықаралық кеңес және баспасөз органы құрылады. Жоғарғы Соттың жанында Сот төрелігі академиясы жұмыс істейді.

Жоғарғы Сот Төрағасының қандай өкілеттіктері бар?

Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

- жоғары сот органы ретінде Жоғарғы Сотты басқарады;

- сот алқаларының отырыстарында төрағалық етуге құқылы;

- Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

- Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасы мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;

- сот актілерін заңда көзделген негіздер бойынша қайта қарау туралы ұсынулар енгізеді;

- Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының, ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестер мүшелерінің кандидатураларын енгізеді.

- қажет болған жағдайларда бір сот алқасының судьяларын басқа сот алқасының құрамында іс қарау үшін тартады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

- Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

- алқалардың жұмысын үйлестіреді;

- Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша әрбір жергілікті және басқа да сот судьяларының санын бекітеді;

- Уәкілетті орган туралы ережені Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді;

- Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органның құрылымын және штат кестесін бекітеді;

- заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органның басшысын және оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

- өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ:

- облыстық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды баламалы негізде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына енгізеді;

- Жоғары Сот Кеңесіне облыстық соттардың төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары лауазымдарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысында оларды талқылау нәтижелерімен бірге баламалы негізде ұсынады;

- Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

- заңмен көзделген негіздер туындаған жағдайда, Жоғары Сот Кеңесіне Республика соттары төрағаларының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныс пен материалдар енгізеді;

- Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды және уәкілетті органның қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

- республика судьяларын ведомстволық наградалармен наградтайды, «Құрметті судья» атағын береді және осы Атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

- қажет болған кезде сот төрелігін іске асыру үшін судья лауазымында болудың шекті жасына толмаған отставкадағы судьяларды тартады;

- заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша болмаған кезде оның міндеттері Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін уақытша атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен Жоғарғы Сот судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан

Республикасының Президенті Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының (судьясының) біріне жүктейді.

Судьяның тәуелсіздігі дегеніміз не?

Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады.

Судьялар сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады.

Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа заседателіне қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс.

Соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тұрғын үй беру сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

Судьяға қандай талаптар қойылады?

- Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға;

- сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға;

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға;

- судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

Судьялар осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияда кәсіптік қызметін бағалаудан өтеді.

Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды.

Судьяға өкілеттіктер қалай беріледі?

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды.

Жергілікті және басқа соттардың судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы және Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жалпы отырыстың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

Облыстық соттардың сот алқаларының төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасын Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша бес жыл мерзімге Сенат сайлайды.

Қазақстан Республикасының Президенті жергілікті және басқа да соттардың төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзіммен лауазымға тағайындайды.

Аудандық соттардың төрағалары, облыстық соттардың төрағалары және сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Сот

алқаларының төрағалары өздері атқаратын лауазымға немесе тең дәрежелі соттардағы ұқсас лауазымға екі реттен артық тағайындала алмайды.

Жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, егер олар тиісінше басқа соттағы осындай лауазымға тағайындалмаған немесе сайланбаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда басқа соттағы осындай лауазымға тағайындалмаған жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Жоғарғы Сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда осындай лауазымға тағайындалмаған Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары, олардың келісімімен төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, тиісті сот судьяларының саны азайтылған кезде осы соттың судьялары, сондай-ақ Конституциялық заңның 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда басқа сотқа ауыстырылған кезде судья өздерінің келісуімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 40-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша лауазымынан босатылған жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың Төрағасы және сот алқаларының төрағалары тиісті сот судьясының өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары олардың келісуімен тең

дәрежелі немесе төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Сот жюриі қалай құрылады?

Судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін Жоғары Сот Кеңесінің жанынан Сот жюриі құрылады.

Сот жюриі алты судьядан тұрады. Сот жюриіне кеңесші дауыс беру құқығы бар жұртшылық өкілдері және судьялардың қатарынан Жоғары Сот Кеңесінің бір мүшесі де кіреді.

Судьялар Сот жюриінің құрамына Конституциялық заңның 22-бабының 2-1-тармағына сәйкес Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының ұсынымы бойынша тағайындалады, ал судьялардың қатарынан Жоғары Сот Кеңесінің мүшесін және жұртшылық өкілдерін Жоғары Сот Кеңесі тағайындайды.

Жоғары Сот Кеңесі Сот жюриінің құрамына Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы ұсыным жасаған кандидатураларды уәжді шешімімен қабылдамауға құқылы. Сот жюриінің төрағасын Сот жюриі құрамының өзі өз арасынан сайлайды.

Сот жюриінің судьяға қатысты материалдарды қарауына мыналар негіз болып табылады:

- 1) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы;
- 2) облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарының шешімдері;
- 3) тексерулердің қорытындысы бойынша расталған, бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарында қамтылған мәліметтер мен фактілер, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 4) судья әдебі жөніндегі комиссиялардың шешімдері.

Сот жюриінің қызметін қамтамасыз етуді Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты жүзеге асырады. Сот жюриін қалыптастыру және оның жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ Сот жюриінің материалдарды, тәртіптік істерді қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.

Жоғарғы Сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда Жоғарғы Соттың Төрағасы және сот алқаларының төрағалары олардың келісуімен төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қандай қызмет атқарады?

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз етеді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіліне қандай талаптар қойылады және оны қалай сайлаймыз?

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына сайланатын адамға мынадай талаптар қойылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы бар болуы және соңғы он жылда оның аумағында тұрақты тұруы;

2) жоғары білімі болуы;

3) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі болуы;

4) отыз жастан кіші болмауы;

5) мемлекеттік тілді еркін білуі;

6) әрекетке қабілетті болуы.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты бес жыл мерзімге лауазымға сайлайды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қай уақытта лауазымынан босатылады?

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты лауазымынан босатады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілді атқарып отырған лауазымынан босату үшін мыналар негіз болып табылады:

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамау;
- оған қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;
- оны әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- қайтыс болу;
- заңды күшіне енген сот шешімімен оны хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау;
- Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;
- басқа лауазымға тағайындалу, сайлану немесе басқа жұмысқа ауысу;
- Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету;
- өз тілегі бойынша лауазымнан босату туралы өтініш беру;
- Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің аяқталуы.

Тақырып Қазақстан Республикасы «Үкіметінің конституциялық құқықтық жағдайы»

Үкіметінің қандай жағдайларда орнынан түседі?

Егер өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп санайтын болса, Үкімет және оның кез-келген мүшесі Республика Президентіне өзінің орнынан түсуі туралы мәлімдеуге хақылы. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшелері де орнынан түседі.

Республика Конституциясында көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіретін болса, Үкімет өзінің орнынан түсуі туралы Республика Президентіне мәлімдейді. Республика Президенті

орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені он күн мерзімде қарайды.

Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің немесе оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған ретте, Президент оған өз міндеттерін одан әрі жүзеге асыра беруді тапсырады.

Президентінің бастамасымен Республика Үкіметінің өкілеттігі қалай тоқтатылады?

Республика Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез-келген мүшесін қызметінен босатуға хақылы.

Премьер-Министрдің қызметінен босатылуы бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшелері атқарып келген қызметінен босатылуға тиіс.

Үкіметінің құрамында болуға байланысты қандай шектеулер бар?

Республика Үкіметі мүшелерінің:

- 1) өкілді органның депутаттары болуға;
- 2) оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерден басқа ақы төленетін қызметтер атқаруға;
- 3) кәсіпкерлікпен шұғылдануға;
- 4) Үкімет шешімдерімен белгіленген жағдайларда жарғылық капиталына мемлекет қатысатын коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге хақы жоқ.

Үкіметінің актілері қалай шығарылады?

Республика Үкіметі Республика Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге нормативтік

құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және жеке қаулылар шығарады.

Үкімет қаулылары Үкімет мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Үкімет қаулыларына Республика Премьер-Министрі қол қояды.

Республика Премьер-Министрі өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады.

Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрі өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрінің өкімдері Республика Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен әзірленеді және қабылданады.

Үкімет қаулыларының күшін Республика Үкіметі жоя алады.

Премьер-Министр өкімдерінің күшін Республика Үкіметі және Премьер-Министрі жоя алады.

Үкіметінің кімнің алдында жауапты?

Үкімет өзінің қызметінде Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген нысандарда Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауапты.

Үкімет мүшелері өз құзыретінің шегінде өз бетінше шешім қабылдайды, Республика Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы немесе өздеріне тапсырылған жұмыс аясы үшін дербес жауап береді.

Республика Конституциясының 57-бабының 6)-тармақшасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент Палаталарына есеп береді.

Үкіметінің отырыстары қалай өткізіледі?

Үкіметтің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіліп отырады.

Үкіметтің отырыстарын Премьер-Министр не Республика Президенті шақырады.

Үкіметтің отырыстарында Премьер-Министр төрағалық етеді, ол болмаған кезде міндеттердің бөлінуіне сәйкес Премьер-Министрдің міндетін атқаратын Премьер-Министрдің орынбасары төрағалық етеді. Үкімет ерекше маңызды мәселелерді қараған кезде қажеттігіне қарай оның отырыстарында Республика Президенті төрағалық етеді.

Үкімет мүшелерінің кемінде үштен екісі Үкімет отырысына қатысса, отырыс құқылы болып саналады. Үкімет мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

Үкімет отырыстары ашық болады. Президенттің не Премьер-Министрдің бастамасымен Үкіметтің жабық отырыстары өткізілуі мүмкін.

Үкімет отырыстарын әзірлеу мен өткізу тәртібі Үкімет Регламентімен белгіленеді.

Республика Премьер-Министрі деген кім?

Республика Премьер-Министрі:

- Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасында функционалдық міндеттерді бөледі;

- Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады;

- халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және үкіметаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды;

- Республика Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Үкімет мүшесін, оның ішінде Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесін қызметтен босату туралы ұсынулар енгізеді;

- Республика Президентімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі;

- Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады;

- Үкімет мүшелерінің және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды;

- Үкімет жанындағы консультациялық-кеңесші органдарды құрады және таратады;

- Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

Премьер-Министр болмаған жағдайда оның міндеттерін Премьер-Министр белгілеген тәртіппен Премьер-Министрдің орынбасарларының бірі атқарады.

Министрліктердің жұмысы қалай ұйымдастырылады?

Министрлік Республиканың тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) – басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

Министрлікті Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Министрлік Республика Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде шешімдерді өз бетінше қабылдауға өкілетті.

Ведомстволар, департаменттер және басқармалар министрліктің құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Министрліктің құрылымын және оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді министр бекітеді.

Министрлік департаменттері мен басқармаларының жиынтығы оның аппараты болып табылады.

Министрліктің алқасы министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Алқаның сандық және адам құрамын министрліктің, мемлекеттік комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатарынан министр бекітеді.

Министрлік, қабылдаған шешімдер министрдің бұйрықтарымен ресімделеді.

3 бөлім.
